Талдау көрсеткендей, аталған барлық электрондық кітапханалардың бірқатар ортақ белгілері бар: олардың барлығы еркін қолжетімді желілік электрондық ресурстар болып табылады; оқырманға өзекті ақпаратқа қолжетімділікті оңайлатады; көркем және білім беру әдебиетіне мамандандырылады; жастардың ұлттық санасын арттыру, ана тіліне, әдебиетке, тарихқа деген сүйіспеншілікті сіңіру мақсатын көздейтін еркін танымал құрылымдарға жатады. Желілік жобалар біздің заманымыздың белгісі болып табылады. Бұл кітапханашылардың интернет кеңістігін белсенді игеруіне байланысты. Бұл әлі де дәстүрлі емес және көп жағдайда инновациялық жұмыс түрі [11]. Желілік жобамен жұмыс жасау барысында студенттер тәжірибе, пікір, мәліметтер, ақпарат, мәселені шешу әдістері, жеке және бірлескен әзірлемелердің нәтижелері туралы алмасады. Желілік жобалар әдісі балаларға қоғамдық қатынастар жүйесінде белсенді болуға мүмкіндік береді және жобада ұжымдық өнімдер құру, форумдарда сөйлесу, командалар ішіндегі және сыртқы алаңдардағы өзара іс-қимыл арқылы жүзеге асырылады. Әр қатысушы желімен белгілі бір өзара әрекеттесуге қатыса алады және бұл өзара әрекеттесу мазмұнын құрайды.

Қорыта айтқанда, келесі ұсыныстарды ұсынамын:

- «Кітапхана ісі туралы» заң қабылдау;
- Қазақстанның Ұлттық электронды балалар кітапханасының порталын ашу;
- [kazneb.kz](http://kazneb.kz) портал жұмысының нақты жүйесін қалыптастыру;
- кітапханаларды нашар көретіндерге арналған кітаптармен қамтамасыз ету.

### Әдебиеттер тізімі

1. Ақпараттандыру туралы Қазақстан Республикасы Заңы жобасы туралы // Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 8маусымдағы № 526 Қаулысы. Мына сілтемеде: <https://adilet.zan.kz/kaz/d> ( 15.05.2021 .)

2. Цифрлық Қазақстан мемлекеттік бағдарламасы // Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандығы № 827 қаулысы. Мына сілтемеде: <https://adilet.zan.kz/kaz/d> (14.05.2021 ж.)
3. Библиотека и молодежь: Зарубежный опыт .Мына сілтемеде: <https://blog.rgub.ru/libex/about> (11.05.2021 ж.)
4. Даутова Ж.Наше будущее зависит от чтения // Вечерняя Астана № 17, 13.02.2021, С.9
5. Қазақстанның қазіргі заманғы әдебиеті .Электрондық кітапханасы. Мына сілтемеде <http://www.nlrk.kz/index> (19.05.2021 ж.)
6. Кітапханашы еңбекақысы артады. президенттің кітап оқуға құштарлықты арттыру тапсырмасы қалай орындалуда? Мына сілтемеде : <https://informburo.kz/kaz/ktaphanashy-ebekausy-artady-prezidentt-ktap> (11.05.2021 ж.)
7. Қазақстандық ұлттық электронды кітапхана Мына сілтемеде: <http://nabr.kz> (11.05.2021 ж.)
8. Қазақстанның ашық кітапханасы. Мына сілтемеде : <https://kitap.kz/> (14.05.2021 ж.)
9. ҚР Ұлттық кітапхана .Электронды кітапханалар. Мына сілтемеде : <https://nlrk.kz/index.php> (15.05.2021 ж.)
10. Қазақстан тарихы порталы Мына сілтемеде: <https://e-history.kz/kz/> (10.05.2021 ж.)
11. Almatykitap-opiq.kz. Мына сілтемеде: <https://www.almatykitap.kz/> (12.05.2021 ж.)

#### **Аннотация**

Сегодня электронные библиотеки становятся одним из самых продуктивных направлений развития цифровых технологий. Именно этот фактор определяет актуальность заявленной темы. Цель статьи заключается в раскрытии места и роли е-библиотек в информационном пространстве Казахстана. Методология исследования основывается на основных методах научного анализа – историческом, сравнительном, описательном. При изложении основного материала исследования анализируется целый ряд самых популярных на сегодня библиотек по их заданиям, открытости информации, наличию платных услуг, рекламы и тому подобное. В первую очередь, обращается внимание на их связь с образовательными потребностями детей и подростков. В выводах отмечено общность черт электронных библиотек, их способность обеспечивать оперативность передачи актуальной информации, использование документов с ограниченным доступом. Отмечается необходимость разработки комплексной системы нормативно-методического обеспечения создания масштабных цифровых библиотечных ресурсов для детей , гармонизированных с международными стандартами.

#### **Abstract**

Today, digital libraries are becoming one of the most productive areas of digital technology development. It is this factor that determines the relevance of the stated topic. The purpose of the article is to reveal the place and role of e-libraries in the information space of Kazakhstan. The research methodology is based on the main methods of scientific analysis – historical, comparative, and descriptive. When presenting the main research material, a number of the most popular libraries today are analyzed according to their tasks, the openness of information, the availability of paid services, advertising, and so on. First of all, attention is drawn to their connection with the educational needs of children and adolescents. The conclusions note the common features of electronic libraries, their ability to ensure the rapid transmission of relevant information, the use of documents with limited access. The author notes the need to develop a comprehensive system of normative and methodological support for the creation of large-scale digital library resources, harmonized with international standards.



**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР  
ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ И ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ  
PEDAGOGICAL SCIENCES AND HUMANITIES**

УДК 37.091.39:51

**А.А. Адамов<sup>1</sup>, Т.М. Мырзабеков<sup>2</sup>, М.Т. Султанходжаева<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>д.т.н., профессор, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

<sup>2</sup>ст. преподаватель, Южно-Казахстанский университет им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан

<sup>2</sup>магистрант, Южно-Казахстанский университет им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан

[Hadimetova.m@mail.ru](mailto:Hadimetova.m@mail.ru)

**МЕТОДИКА ОБУЧЕНИЯ РАЗДЕЛА «ДИФФЕРЕНЦИАЛЬНЫЕ УРАВНЕНИЯ» В  
КУРСЕ АЛГЕБРЫ И НАЧАЛА АНАЛИЗА ЕСТЕСТВЕННО-МАТЕМАТИЧЕСКОГО  
НАПРАВЛЕНИЯ**

**Аннотация**

Дифференциальное уравнение - это уравнение, содержащее производные функции, самому функции, независимые переменные и другие параметры в различных комбинациях. Существует много типов дифференциальных уравнений: обыкновенные дифференциальные уравнения, линейные и нелинейные, однородные и неоднородные, дифференциальные уравнения первый и высшие порядки, уравнения в частных производных и т. д. Решение дифференциального уравнения - это функция, которая делает его тождественным. Существуют общие и частные решения. Общее решение - это общий набор решений, делающих уравнение тождественным. Частное решение дифференциального уравнения - это решение, удовлетворяющее дополнительным условиям, указанным изначально. Порядок дифференциального уравнения определяется наивысшим порядком его производных. Методика обучения раздела «Дифференциальные уравнения» в курсе алгебры и начала анализа естественно-математического направления актуальный вопрос современности. Общество меняет подход к содержанию математического образования, включая современные информационные технологии в школьный процесс обучения.

**Ключевые слова:** дифференциальные уравнение, Dfield, Pplane, Odesolve, методика обучения.

Теоретически обоснована методика использования компьютерных программ для решения дифференциальных уравнений и предложена модель данной методики. Подробно исследованы компьютерные программы Dfield, Pplane, Odesolve с точки зрения их роли и потенциальных возможностей как средства новых информационных технологий при обучении решения дифференциальных уравнений [1]. Выделены компьютерно-ориентированные задачи в курсе дифференциальных уравнений и обоснована целесообразность их решения. Практическая значимость полученных результатов обусловлена, прежде всего, созданием учебного пособия «Задачник по дифференциальным уравнениям (с использованием систем компьютерной математики)» [1]. Кроме того, в диссертации содержатся конкретные рекомендации по внедрению в курс дифференциальных уравнений средств новых информационных технологий [2]. Разработанная методика может быть использована в практике подготовки будущих учителей математики по дисциплине «Дифференциальные уравнения». Данная методика обучения может служить основой для дальнейшего совершенствования программ, учебных пособий и учебников по дифференциальным уравнениям и учебных планов для студентов математических специальностей педагогических вузов, направленных на повышение качества профессиональной подготовки будущих учителей математики [5].

Научная новизна исследования заключается в том, что в нем:

- разработать и представить модель и соответствующая ей методика обучения решению дифференциальных уравнений с применением компьютерных программ (Dfield, Rplane, Odesolve);

- раскрыть возможности сочетания традиционной формы обучения и обучения с использованием компьютерных программ, в соответствии с которыми одной из основных форм обучения является лабораторно-практическое занятие;

- отобрать существующие и разработать новые компьютерноориентированные задачи, в том числе и прикладные.

В соответствии с целью, объектом, предметом и гипотезой исследования были поставлены следующие задачи исследования:

- проанализировать понятие «Дифференциальные уравнения в курсе алгебры и начала анализа естественно-математического направления» и выявить возможности применения компьютерных программ в качестве средств информационных технологий в подготовке будущего учителя математики;

- определить и обосновать целесообразность применения компьютерных программ для решения 11 класса задач по курсу дифференциальных уравнений, в том числе и прикладных;

- проанализировать возможности компьютерных программ для решения дифференциальных уравнений и выбрать наиболее подходящие программы;

- разработать модель и соответствующую ей методику обучения решению дифференциальных уравнений с применением компьютерных программ, определить соответствующие цели, содержание, методы, формы и средства обучения.

- экспериментально проверить эффективность применения предложенной методики обучения.

Программы, написанные Джоном Полкингом на входном языке MatLab, и предназначенные для графического и численного решения дифференциальных уравнений. Все программы защищены авторским правом, но могут бесплатно использоваться в целях образования. Java версия программ размещена на сайте <http://www.math.rice.edu/>, может использоваться в on-line режиме, коды программ для определенной версии MatLab можно скачать на этом же сайте и затем запустить из под MatLab. Все программы имеют одинаковый графический интерфейс [7].

Dfield – программа предназначена для графического решения дифференциальных уравнений первого порядка разрешенного относительно производной. Позволяет строить семейства интегральных кривых, интегральную кривую, удовлетворяющую начальным условиям, выбирать метод построения (метод Эйлера, метод Рунге- Кутта четвертого и второго порядков) и задавать необходимый шаг.

Rplane – программа предназначена для графического решения систем, состоящих из двух дифференциальных уравнений. Позволяет строить фазовые траектории и фазовый портрет. Рассматривать интегральную кривую в трехмерном пространстве [3]. Используя метод изоклин для дифференциального уравнения второго порядка, возможно, строить решения дифференциальных уравнений второго порядка, и их фазовые траектории.

Odesolve – программа для графического решения произвольной системы обыкновенных дифференциальных уравнений первого порядка. Реализует все возможности программы Rplane, но не ограничена в количестве уравнений системы.

Над этим заключается в том, что обучение решению дифференциальных уравнений с использованием в частности компьютерных программ, будет способствовать повышению качества математической подготовки будущих учителей математики и позволит усилить прикладную направленность курса, если разработать методику обучения решению дифференциальным уравнениям, которая будет оптимально сочетать традиционные методы, формы и средства с методами решения дифференциальных уравнений, реализованными компьютерными программами [4].

Методика обучения раздела «Дифференциальные уравнения» в курсе алгебры и начала анализа естественно-математического направления актуальный вопрос современности. Общество меняет подход к содержанию математического образования, включая современные информационные технологии в школьный процесс обучения. Основное внимание направлено на развитие у учащихся умения применять современные методы для самостоятельного получения знаний и развитие интереса к предмету. С внедрением дифференциальных уравнений на уроках алгебры появляется необходимость разработки новых методик преподавания и методов обучения; добавления учебно-технологических умений. Потому, во время стажировки изучала литературу по применению современных образовательных программ таких как Dfield в обучении методики дифференциальных уравнений в 11 классе [1].

### Список литературы

1. Рогановский, Н. М. Методика преподавания в средней школе. Мн.: «Высшая школа», 1990, 236 с.
2. Фройденталь, Г. Математика как педагогическая задача. М.: «Просвещение», 1998.
3. Н. Н. Математическая лаборатория. М.: «Просвещение», 1997, 384 с.
4. Колягин, Ю. М. Методика преподавания математики в средней школе. М.: «Просвещение», 1999, 200 с.
5. Столяр, А. А. Логические проблемы преподавания математики. Мн., «Высшая школа», 2000. – 176 с.
6. Далингер, В. А. Начала математического анализа. — Омск: ООО «Издательство Полиграфист», 2002. — 158 с.
7. Зайцев, В. Ф. Дифференциальные уравнения с частными производными первого порядка учеб. Пособие для академического бакалавриата / В. Ф. Зайцев, А. Д. Полянин.-2-е изд., и доп. М.: Издательство Юрайт, 2017. -416 с.

### Түйін

Дифференциалдық теңдеу дегеніміз-функцияның туындылары, функцияның өзі, тәуелсіз айнымалылар және әртүрлі комбинациялардағы басқа параметрлер бар теңдеу. Дифференциалдық теңдеулердің көптеген түрлері бар: қарапайым дифференциалдық теңдеулер, сызықтық және сызықты емес, біртекті және гетерогенді, дифференциалдық теңдеулер бірінші және жоғары ретті, жартылай дифференциалдық теңдеулер және т.б. дифференциалдық теңдеудің шешімі - оны бірдей ететін функция. Жалпы және жеке шешімдер бар. Жалпы шешім-теңдеуді бірдей ететін шешімдердің жалпы жиынтығы. Дифференциалдық теңдеудің жеке шешімі-бұл бастапқыда көрсетілген қосымша шарттарды қанағаттандыратын шешім. Дифференциалдық теңдеудің реті оның туындыларының ең жоғары тәртібімен анықталады. Алгебра курсындағы "Дифференциалдық теңдеулер" бөлімін оқыту әдістемесі және жаратылыстану-математикалық бағыттағы талдаудың басталуы-қазіргі заманның өзекті мәселесі. Қоғам мектептегі оқу процесіндегі заманауи ақпараттық технологияларды қоса алғанда, математикалық білім беру мазмұнына көзқарасты өзгертеді.

### Abstract

A differential equation is an equation that contains the derivatives of a function, the function itself, independent variables, and other parameters in various combinations. There are many types of differential equations: ordinary differential equations, linear and nonlinear, homogeneous and inhomogeneous, first-and higher-order differential equations, partial differential equations, etc. The solution of a differential equation is a function that makes it identical. There are general and particular solutions. A general solution is a general set of solutions that make the equation identical. A partial solution of a differential equation is a solution that satisfies the additional conditions specified initially. The order of a differential equation is determined by the highest order of its derivatives. The methodology of teaching the section "Differential equations" in the course of algebra and the beginning of the analysis of the natural-mathematical direction is an actual question of our time. The society is changing the approach to the content of mathematical education, including modern information technologies in the school learning process.

ӘОЖ 371.388.6

**Г.М.Адырбекова, Ә.С.Ергешбай, Н.К. Сарыпбекова**

х.ғ.к., доцент, М. Әуезов Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан  
магистрант, М. Әуезов Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан  
х.ғ.к., доцент, М. Әуезов Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан

**ЖОБА ӘДІСІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ РЕТІНДЕ**

**Түйін**

Мақала заманауи білім берудің өзекті мәселелерінің бірі - жобалар әдісіне арналған. Орта білім беруді жаңарту міндеті күнделікті практикаға іргелі және қолданбалы педагогикалық зерттеулерді енгізу қажеттілігінен тұратыны айқындалды. Авторлар бұл мәселенің шешімін жоба әдістерін қолдану арқылы көреді. Көрнекті мұғалімдер мен психологтардың әдебиеттеріне, жұмыстарына жан-жақты талдау жасай отырып, авторлар жоба ғылыми-зерттеу қызметіне қарағанда кеңірек тұжырымдама және заманауи педагогикалық технология деген қорытындыға келді. Кез-келген жобаны құру процесінде алты кезенді қолдану қажет екендігі анықталды, мысалы: проблематизация; мақсат қою; қызметті жоспарлау; қызметті жүзеге асыру; жобаны ұсыну, жобаны қорытындылайтын рефлексивті кезең.

**Кілттік сөздер:** жоба әдісі, даралап оқыту, педагогикалық технология, дидактикалық ұғым.

**Кіріспе.** Білім беруді жаңарту міндеттерін белсенді шеше отырып, күнделікті тәжірибеге іргелі және қолданбалы педагогикалық зерттеулерді енгізу қажеттілігі сезіледі. Ғылым мен практиканың тығыз бірлігінсіз білім мен тәрбиенің ғылыми негізделген тұжырымдамасын құру мүмкін емес. Бұл әрбір оқушының мүмкіндіктерін іске асыру үшін оңтайлы жағдай жасауды, оқытудың әр кезеңінде оқушылардың тұлғалық ерекшеліктерін кешенді ескеріп отыруды қажет етеді. Былайша айтқанда, оқыту барысында баланың жеке, туа бітті қабілеттерін, әртүрлі іс-әрекетте барынша табысты болуға мүмкіндік беретін балама қабілеттермен толықтыру қажет.

Жоба әдісі даралап оқытудың мүмкіндігін арттырады. Ол эмпирикалық және теориялық танымды біріктіріп, дидактикалық құбылыстардың мәніне терең енуге, олардың жеке компоненттері арасында себеп-салдарлық байланыс орнатуға, оқу процесін басқарудың жалпы дидактикалық, әдіснамалық және психикалық заңдылықтарын анықтауға мүмкіндік береді.

**Теориялық талдау.** XXI ғасырдың бірінші жартысында адамзат дамудың ғылыми-технологиялық кезеңіне енді бастан кешіруде. Ғылым тікелей өндірістік күшке, ал білім адам мен қоғамның тұтастай негізгі капиталына айналды. Осының барлығы өз кезегінде мамандарды қайта даярлауды қажет етеді. Ғалымдар технологиялық революция деп атаған қоғамның заманауи дамуының бір ерекшелігі - «ғылыми-техникалық прогрестің индустриалды кезеңі өткен шаққа кеткен кезде, адам өзінің кең технократиялық идеологиясымен (кез-келген жағдайда барынша жоғары дәрежеге қол жеткізу) өмір сүреді». [1] Жаңа технологиялық кезең «әлеуметтік, экономикалық, психологиялық салдары ескерілген іс-әрекет нәтижесінен тәсілдің басымдығын белгілейді».

Бұл кезеңде мамандар даярлауды табысты жүзеге асыру шешуші дәрежедегі педагогикалық жаңашылдықтар мен прогрессивті білім беру технологиялары негізінде оқу процесінің интенсификациясына (өнімділігіне) байланысты болады. Сондықтан, қазіргі уақытта оқу-педагогикалық процесте білімнің шексіз байытылуына емес, шығармашылық қабілеттерін тәрбиелеуге, білім іздеуді үйретуге баса назар аударылады.

Осындай технологиялардың бірі жобалық іс-әрекет.

Бұл тұлғалық бағытталған технологиялардың бірі. Ол проблемалық тәсілді, топтық әдістерді, рефлексивті, презентациялық, зерттеушілік, іздеу және басқа да тәсілдерді өзіне

біріктірген оқушылардың өзіндік іс-әрекетін ұйымдастыру тәсілі арқылы оқу жобасының міндеттерін шешуге бағытталған.

Жобалау әдісі И.П.Павловтың көрнекті шәкірттерінің бірі П.К.Анохин ұсынған әлемдік мойындауға ие болған шындықты алдын-ала бейнелеу теориясына негізделген. Шындықты алдын-ала бейнелеу теориясына сәйкес, тұлға арнайы физиологиялық механизм-әрекет акцепторының көмегімен түзетілетін бейнені қалыптастырады.

Жобалық іс-әрекет пен жобалық оқытудың теориясы мен практикасы ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында белсенді дами бастады. Бұл ұғымдардың мәнін отандық және шетелдік педагогикада түсіну тәсілдері әртүрлі болды. [2] Орыс ғалымдары (П.Ф.Крупенин, В.В.Игнатъев, В.И.Шульгин және т.б.) оқыту әдістерін (оның ішінде жобалау әдісі де) ең алдымен тұлғаның дамуымен, оны өмірге және еңбекке даярлау мәселесімен байланыстырды.

Шетелде жоба әдісінің ғылыми негізіне американдық философ Д.Дьюидің прагматикалық идеялары алынды. Ол оқытуды қандай да бір істің (тапсырманың) айналасында ұйымдастыру керек деп есептеді. Бұл әдіс оны құрудан бастап қазіргі уақыттағы қолдануға дейін ұзақ және күрделі жолдан өтті.

Бүгінде жобалар әдісіне деген қызығушылық жаңа белеске көтерілуде. Соңғы онжылдықтарда оған арналған көптеген жұмыстар пайда болды.

Бүгінгі таңда «жоба әдісі» (ЖӘ) жобалық әдістеме дидактикалық ұғымының көптеген анықтамалары белгілі болап отыр.

Шетелдік сөздер түсіндірме сөздігінде [3] «жоба» сөзінің мынадай түсіндірмесі берілген:

- 1) жоба (латыншада алға лақтырылған);
- 2) техникалық құжаттар, сызбалар, есептеулер, макеттер, жаңадан құрылған ғимараттар және т.б.;
- 3) жоспар, түпкі ой.

Көріп отырғанымыздай, осы кең түсінік оны әртүрлі технологиялық процестерде, соның ішінде білім беру процесінде қолдануға мүмкіндік беретіні анық. Л.Н.Гробецтің «Жоба әдісі» деген мақаласында педагогикалық технология ретінде «жоба әдісінің» келесі анықтамалары келітірілген. [4]. Оны технология ретінде (Е.С.Полат), оның ішінде, педагогикалық ретінде (И. Чечель); оқыту әдісі ретінде (А.Н. Шукин, Э.Г. Азимов); оқушылардың өзіндік іс-әрекетін ұйымдастыру әдісі және т.б. ретінде (З.Х. Батмаева) түсінеді.

Н.Ю.Пахомова жобаны мұғалімнің көзқарасы тұрғысынан да, оқушының көзқарасы тұрғысынан да қарастырады. Оқушының көзқарасы тұрғысынан – бұл өз мүмкіндіктерін барынша пайдалана отырып, өз бетінше немесе топта қызықты нәрсе жасау мүмкіндігі; бұл өзін танытуға, өз күшін сынап көруге, өз білімін қолдануға, пайда әкелуге және көпшілік алдында қол жеткізген нәтижесін көрсетуге мүмкіндік беретін іс-әрекет; бұл мақсаттар мен міндеттер түрінде оқушылардың өздері құрған қызықты проблеманы шешуге бағытталған іс-әрекет, бұл іс-әрекеттің нәтижесі - проблеманы шешудің табылған тәсілі – практикалық сипатқа ие, маңызды қолданбалы мәнге ие және ең бастысы, өздері үшін қызықты әрі маңызды [5].

**Нәтижелер мен талқылау.** Біз зерттеуімізде Е.С.Полаттың анықтамасына сүйенеміз [6], ол осы мәселедегі ең ірі мамандардың бірі болып табылады. Жоба әдісін жүзеге асыруға арналған кез-келген зерттеуде оның жұмысына сілтеме жасалуы осыны меңзейді.

Е.С.Полат дәл «әдіс» анықтамасын қолданады және сәйкесінше «Бұл таным жолы, таным процесін ұйымдастырудың тәсілі. Сондықтан, егер біз жоба әдісі туралы айтатын болсақ, онда мәселені (технологияны) егжей-тегжейлі дамыту арқылы дидактикалық мақсатқа жету әдісін айтамыз, ол нақты немесе шынайы жасалған практикалық нәтижемен аяқталуы керек» деп көрсетеді.

Е.С.Полат жоба әдісіндегі ең бастысы – «оқушылардың белгілі бір білімге ие болуын көздейтін және осы мәселелерді шешуді, алған білімдерін іс жүзінде қолдана білуді, рефлекторлық... немесе сыни ойлауды дамытуды көздейтін жобалау қызметі арқылы белгілі бір проблемаларға қызығушылығын ынталандыру» деп атап өтті. Е.С.Полаттың пікірінше, мұндай нәтижеге қол жеткізу үшін балаларды өз бетінше ойлауға, проблемаларды табуға және шешуге үйрету керек, осы мақсатта түрлі салалардағы білім мен шешімдердің нәтижелерін, ықтимал салдарын болжап, себеп-салдар байланысын орната білу керек [6].

Жобалар әдісінің негізіне алынған «оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекеті қандай да бір маңызды мәселесін шешу кезінде алынатын нақты нәтижеге бағытталғаны туралы идея» ережесі есебінен мотивацияны арттыруға қол жеткізіледі [7].

Қолданыстағы теориялық тәсілдерде авторлардың мынадай көзқарастары сәйкес келеді:

а) ЖӘ оқытуды ұйымдастырудың инновациялық тәсілі ретінде анықтауда;

б) ЖӘ өзіндік, шығармашылық, стандартты емес, практикалық шешімге, ұсынуға, таныстыруға алып келуі тиіс білім алушылардың өзіндік іс-әрекетін ұйымдастыру тәсілі ретінде анықтауда;

в) субъект-субъектілік қатынастары тәжірибесінде;

ЖӘ технологияға немесе оқыту әдістеріне қатысты авторлардың көзқарастары алшақтайды, біздің ойымызша, бұл тереңірек қарауды қажет етеді.

г) рефлексияны қолдану мүмкіндіктерінде.

Әрі қарай зерттеу жұмысы кезінде біз жұмыстың анықтамасы ретінде келесі анықтаманы қолданамыз: «Жоба әдісі – бұл, тапсырмаларды, мәселенің аспектілерін оның кіші тақырыптарын күрделендіретін өнімдерді оқушылар кезең-кезеңімен, дербес/мұғалімнің жетекшілігімен жоспарлау, жасау және орындау кезінде жаңа білім алатын оқытудың инновациялық технологиясы,

Әрбір зерттеуші жобалық іс-әрекет әдістемесін әзірлеуге және жүзеге асыруға өзінің қандай да бір жаңа, шығармашылық бейнесін әкеледі. Автор өзі үшін маңызды, белгілі бір кезеңге баса назар аударады, мысалы, В.С.Кукушина әрбір қадам айқын жазылатын жобалық тапсырманы әзірлеудің бірінші кезеңіне көбірек көңіл бөлсе, Л.И.Лебедева мен Е.В.Иванов бағалау критерилеріне мән бере отырып, жобаны бағалау кезеңін барынша нақты сипаттайды [9].

Зерттеушілерді жобаны дайындау кезеңдерінің сәйкестігі біріктіреді, олар мына төртеуі:

- 1) ұйымдастырушылық-даярлық (топтарды қалыптастыру, тақырыпты таңдау және т.б.);
- 2) жоспарлау (жоспар, тезистер құру және т.б.);
- 3) технологиялық (гипотезаны растайтын немесе жоққа шығаратын фактілерді табу бойынша топтардағы жұмыс және т.б.);
- 4) қорытынды (нәтижелерді рәсімдеу, барлық қатысушылардың опоненттігімен қоғамдық таныстыру, талқылау, өзіндік рефлексия және т.б.), жаңа проблемаларды ұсыну.

Жобалық іс-әрекетті зерттейтін педагогикалық әдебиеттерді талдағаннан кейін және мұғалімнің көзқарасы бойынша оқу жобасы дамытудың, оқытудың және тәрбиелеудің біріккен дидактикалық құралы болып табылатындығын ескере отырып, бұл жобаның нақты шеберліктері мен дағдыларын дамыту мен жасауға, атап айтқанда оқытуға мүмкіндік береді:

- проблемалық «проблемалық өрісті қарастыру және ішкі мәселені бөліп көрсету, жетекші мәселені тұжырымдау және осы проблемадан туындайтын міндеттерді қою);

- мақсат қою іс-әрекетті жоспарлау;

- өзін-өзі талдау және рефлексия (жоба проблемасын шешудің табыстылығы мен нәтижелілігін өзіндік талдау);

- өз қызметінің барысы мен нәтижелерінің презентациясы (өзін-өзі таныту);

- жобаның арнайы дайындаған өнімін қолдана отырып, презентацияны көрнекі түрде өткізу үшін материал дайындау шеберлігі;

- зерттеу жүргізу (талдау, синтездеу, гипотеза ұсыну, нақтылау және жалпылау) [5].

Технологияның өзі (іс-әрекет процесі) оны жүзеге асыру әдістемесін жетілдіруге мүмкіндік береді деп қорытынды жасауға болады, сондықтан біз өз түсінігімізді ұсынамыз. Біздің ойымызша, қандай да бір жобаны құру барысында мынадай алты кезеңді қолдану керек:

- 1) проблемалылық;
- 2) мақсатқою;
- 3) іс-әрекетті жоспарлау;
- 4) іс-әрекетті жүзеге асыру;
- 5) жобаның презентациясы;
- 6) рефлексиялық кезең.

Бірінші кезең – дайындық кезеңі. Шығармашылық топтарды (қызығушылықтары бойынша/мұғалімнің таңдауы бойынша топтар); тақырыпты таңдау, жобаның түпкі ойын анықтау, мақсатты, міндеттерді және қорларды анықтау; кіші тақырыптарды бөлу, тезистерді құру. Бұл кезеңде оқушылар топтарға бөлінеді, тақырыпты өз бетінше таңдайды, ондағы кіші тақырыптарды бөледі, тезистер жасайды және т.б. Мұғалім ұйымдастырушылық жұмыстарды жүргізеді, тақырыптар мен кіші тақырыптарды талқылауға қатысады, тезистер жасауға көмектеседі, кеңес береді және түзетеді.

Екінші кезең – жобаны жүзеге асыру зерттеу әдістерін таңдауға, оқушылардың кіші тақырыптармен өз бетінше жұмыс істеуіне, жобаның тапсырмаларын таңдауға; қол жеткізілген нәтижелерді аралық талқылауға; жанр, стилді, сөйлеу түрін таңдауға; алынған шығармашылық өнімді, мәтінді рәсімдеуге бөлінеді. Оқушылар құбылыстағы, мәтіндегі, зерттеу тақырыбындағы себеп-салдарлық байланыстарды анықтайды; дәлелдер іздейді, мысалдар келтіреді, мәселені шешудің нұсқаларын салыстырады, табылған материалды құрылымдайды, шешім қабылдайды, мұғалімнің алдында баяндама жасайды (жеке, шағын топтарда). Мұғалім оқушыларды бағыттап, қажетті және маңызды ақпаратты ұсынады, кеңес береді, үйлестіреді, ақыл береді.

Үшінші кезең – шағын топтағы «тыныш презентация». Оқушылар өз презентацияларын, түрлі жанрдағы мәтіндерді, көрсетілімдерді, қолдан жасалған бұйымдарды, кестелерді, сызбаларды және т.б. ұсынады. Мұғалім кемшіліктерді көрсете отырып, «тыныш» тексеру жүргізеді, өңдейді, нақтылайды және анықтайды. Жобаны қорғаған кезде нақ осы кезеңнің болмағаны бірден сезіледі: айқындық жоқ, презентация талаптарға сәйкес келмейді, айтылған мәтінмен байланысты емес және т.б.

Төртінші кезең – қоғамдық қорғау («шулы» презентация). Оқушылар өз жұмысының соңғы нәтижесін ұсынады және оны әртүрлі формалар мен жанрларда қорғайды. Мұғалім сарапшы ретінде әрекет етеді, ұсынылған жобаны, оқушылардың жасаған баяндамаларын бағалайды.

Бесінші кезең – рефлексия. Оқушылар жобаны құру барысында өз өнерлерін, ролдерін таңдайды. Мұғалім сабақты қорытындылайды, оқушылардың жұмысына түсініктеме береді және бағалайды, балалар өздерінің сәттіліктері мен сәтсіздіктерін түсініп, өзінің және өзгенің жеңістерін дұрыс қабылдауы үшін, барлығын бөліп көрсетеді. Бұл өте маңызды кезең, өйткені өзінің және басқалардың жұмысын талдай білу, ескертулер айту, оларды қабылдау қазіргі студенттер мен оқушыларда әрдайым қалыптаса бермейді. Жобалық іс-әрекетте мұғалімнің бағалауы емес, өзін-өзі және өзара бағалау өте маңызды.

Алтыншы кезең – жобаның қорытындысы. Біз жобалық іс-әрекетті «тақырыптық портфолио» құрумен аяқтауды ұсынамыз. Оқушылар мұғалімнің жетекшілігімен/өз бетінше жобаның рәсімделген өнімін (қағаз нұсқасында) әртүрлі жанрдағы мәтін (эссе, ескертпе, сөз, ғылыми қоғамдастық, газеттің/журналдың кезекті шығарылымы, қолдан жасалған бұйымдар, моделдер және т.б.) түрінде ұсынады. Жаңа проблемаларды, гипотеза мен жобаларды ұсыну.

**Қорытынды.** Жоба – бұл арнайы ұйымдастырылған және білім алушылар өздігінен орындайтын шығармашылық өнімді құрумен аяқталатын іс-әрекеттер кешені. Жоба көп қырлы, тиімді және жойылып кетпейді. Жоба әдісі - химия сабақтарында эксперименттік және зерттеу қызметтеріне негізделген оқу пәні ретінде тиімді қолданылады. Жоба әдісі - бұл оқушылардың қызығушылықтарына сүйене отырып, іс-әрекеттеріне еркіндік беретін оқу процесін құруға мүмкіндігі мол кешенді әдіс. Бұл орайда, балалар өз бетінше оқу-танымдық қызметті жоспарлап, ұйымдастырады және бақылайды.

### Әдебиеттер тізімі

1. Кожухова Н. Ю. Индивидуальный проект как интенсивный метод обучения // Вестник ФГОУ ВПО Брянская ГСХА. 2015, №3 (2015). Доступно на: <http://cyberleninka.ru/article/n/individualnyy-proekt-kak-intensivnyy-metod-obucheniya> (от 12 апреля 2021 года)
2. Морозова М.М. Метод проектов в истории отечественной и зарубежной педагогики // Интеграция образования, 2007, №3/4, С. 36-41.
3. Ожегов Словарь иностранных слов. М.: Рус.яз. 1988, 401с.
4. Горобец Л.Н. Метод проекта» как педагогическая технология // Вестник Адыгейского государственного университета. Серия 3: Педагогика и психология. 2012, №2, С. 122-128.
5. Пахомова Н.Ю. Метод учебного проекта в образовательном учреждении. М.: АРКТИ, 2005, 172с.
6. Полат Е. С. Метод проектов. Современная гимназия: взгляд теоретика и практика. М.: ВЛАДОС, 2000, 347 с.
7. Якиманская И.С. Личностно ориентированное обучение в современной школе.М.: Сентябрь, 1996,96с.
8. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования : учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. М. : Издательский центр «Академия», 2009, 142с.
9. Анисимова,М.В. Социокультурный аспект организации проектной деятельности учащихся на уроках информатики. Труды чувашского отделения Академии информатизации образования / под ред. Н.В. Софроновой. М., 2006, 60 С.

### Аннотация

Статья посвящена одной из актуальных проблем современного образования- методу проектов. Определено, что задача обновления среднего образования заключается в потребности включения фундаментальных и прикладных педагогических исследований в повседневную практику. Авторы видят решение данной задачи через применение методов проектов. Всесторонне проведя анализ литературы, трудов видных педагогов и психологов, авторы пришли к выводу, что проект является более широким понятием, чем исследовательская деятельность, и представляет собой современную педагогическую технологию. Выявлено, что в процессе создания любого проекта необходимо использовать шесть этапов, такие как: проблематизация; целеполагание; планирование деятельности; осуществление деятельности; презентацию проекта, рефлексивный этап в котором подводят итоги проекта.

### Abstract

The article is devoted to one of the most pressing problems of modern education - the project method. It is determined that the task of updating secondary education is the need to include fundamental and applied pedagogical research in everyday practice. The authors see the solution to this problem through the use of project methods. After a comprehensive analysis of the literature, works of prominent teachers and psychologists, the authors came to the conclusion that the project is a broader concept than research activity, and represents a modern pedagogical technology. It is revealed that in the process of creating any project, it is necessary to use six stages, such as: problematization; goal setting; planning of activities; implementation of activities; presentation of the project, a reflexive stage in which the results of the project are summed up.



ӘОЖ 37.035.2

**Г.М. Адырбекова, А.О. Тоқсанбаева, Л.Ә. Жұрқабаева**

х.ғ.к., доцент, М. Әуезоватындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан  
магистрант, М. Әуезоватындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан  
магистрант, М. Әуезоватындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан

**СЫНЫПТАН ТЫС ЖҰМЫСТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
ЖАҒДАЙЛАР**

**Түйін**

Мақалада авторлар педагогикалық, әдістемелік және психологиялық әдебиеттерге сыни шолу жасады, көптеген ғылыми-педагогикалық зерттеулердің нәтижелерін зерттеу және талдау негізінде педагогикалық ғылымның теориясы мен практикасында педагогикалық жағдайлардың әр түрлі түрлері бар екендігі анықталды: ұйымдастырушылық-педагогикалық психология- педагогикалық және дидактикалық жағдайлар осы түрлердің барлығы "педагогикалық жағдайлар" ұғымын кеңейтеді және толықтырады, педагогикалық процесі неғұрлым ыңғайлы және нәтижелі етуге мүмкіндік береді. Сыныптан тыс жұмыстарға арналған мазмұнды таңдау кезінде қызығушылықтың тиімділігін арттыруға ықпал ететін келесі педагогикалық жағдайларды ескеру қажет: оқу процесіне мұғалімдер мен оқушылардың қызметін оңтайландыратын дидактикалық құралдарды қосу; сыныптан тыс жұмыстардың тиімділігін арттыру үшін диагностикалық процедуралардың рөлін күшейту; білім беру процесінің дидактикалық құралдарын қолдану арқылы оқушылардың дербестігінің белсенді-іздігі деңгейін қалыптастыру; оқу іс-әрекетінің жеке стильдерін есепке алу

**Кілттік сөздер:** сыныптан тыс жұмыстар, тұлға, педагогикалық шарттар, педагогикалық процесс, білім беру ортасы

**Кіріспе.** Қазіргі уақытта сабақ барысында оқушылардың барлық сұрақтарын қанағаттандыру мүмкін емес. Оқу жұмысымен өзара байланысты сабақтан тыс жұмыстар оқушының білім іздеудегі белсенділігін арттырып, олардың мүдделерін толық қанағаттандыруға көмектесетін тиімді құрал ретінде қызметін етеді.

Химиядан сыныптан тыс жұмыстар өзінің алуан түрлілігімен мектеп бағдарламасымен тығыз байланыста болып, оны толықтырып отыруы қажет, яғни, қысқа сөзбен айтқанда, оқу және сабақтан тыс жұмыстар арасында тығыз байланыс орнауы тиіс.

Қазіргі қоғамның жаңғылып отыруы жағдайында тұлғаның жаңа келбетін тәрбиелеу маңызды мәнге ие. Осы орайда, сыныптан тыс жұмыстардың ролі артып, тұлғаның бастамашылдығын, белсенділігін, шығармашылығын, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі тәрбиелеу, өзіндік білім алу сияқты қасиеттерінің дамуына ықпал етеді.

**Теориялық талдау.** Оқыту мен тәрбиелеу процесінің: мақсаты, мазмұны, әдісі, формасы, құралы сынды құрамдас элементтері «педагогикалық шарттар» түсінігінің өзіне тән ерекшелігі болып табылады.

Педагогикалық шарттар – педагогикалық қызметтің тиімділігін арттыруға бағытталған шаралар жиынтығы [1].

Педагогикалық шарттар бойынша Н.М. Борытко педагогикалық процесс барысына айтарлықтай әсер ететін сыртқы жағдайларды қарастырады, себебі мұғалім нақты нәтижеге жетуді саналы жоспарлайды [2].

Сонымен қатар, педагогикалық шарттар мазмұндық элементтерді құрылымдау және қолдану, оқытуды ұйымдастыру формалары мен әдістерінің мақсатты бағытталған іріктеу нәтижелері деп сайнатын В. И. Андреевтің пікірі де ескеріледі.

Осылайша, «педагогикалық шарттар» анықтамасын құрамына қажетті тиімділікке ықпал етпейтін факторлардың енуіне кедергі келтіретін, өзара әрекеттесетін және

толықтыратын мақсаттарға қол жеткізудің педагогикалық шарттары ретінде тұжырымдауға болады.

Көптеген ғылыми-педагогикалық зерттеулердің нәтижесін зерттеп және талдағанда, педагогикалық ғылымның теориясы мен практикасында педагогикалық жағдайлардың көптеген түрлері бар екенін көрсетті:

- педагогикалық-ұйымдастырушылық ( В. А. Беликов, Е.И Козырева, С. Н. Павлов, А. В. Сверчков сияқты және тағы бірқатар ғалымдар бөліп көрсетті);
- педагогикалық-психологиялық (Н. В. Журавская, А. В. Круглия, А. В. Лысенко, А. О. Малыхинаның және басқалардың еңбектерінде көрсетілген) және диактикалық жағдайлар (оларды М. В. Рутковская және басқалар қарастырады) [3].

Аталған педагогикалық жағдайлардың барлық түрлері, «педагогикалық шарттар» түсінігін кеңейтіп, толықтырады, педагогикалық процесті барынша ыңғайлы және нәтижелі етуге мүмкіндік береді.

Ғылымның қалыптасуы мен дамуы кезеңінде түсінік пен оның құрамдастарының тұтастай және жекелеген өзгерістері орын алды. Педагогикалық шарттар отандық педагогтардың еңбектерінде түрлі мағынада қарастырылды. Сонымен, бірқатар мамандар білім беру процестерінің дамуы мен міндеттері жағдайлары туралы идеяларды дамытып, нақтылайтын, бұл мәліметтерді білім беру мәселелерін тиімді шешуге ықпал ететін нақты мүмкіндіктердің жиынтығы ғана емес, осыған қосымша оның тұжырымдамасын анықтауға бағыттылықтың қажеттігін және педагогикалық процесті басқарудағы процессуалдық аспектінің дамыту маңыздылығын ендіру қажет деп есептеді. Осы тұрғыда өз түсіндірмелерін келесі мамандар жасады:

С. Н. Павлов «педагогикалық шарттар» ұғымына оқушыларды тәрбиемен оқытудың объективті мүмкіндіктерін, ұйымдастырушылық формалар мен материалдық мүмкіндіктердің жиынтығын енгізу қажет деп санайды [5].

А.В.Сверчков педагогикалық шарттар деп тұлғаның кәсіби педагогикалық мәдениетін қалыптастыру процесін басқару бойынша қызмет үдерістерінің байланыстылығының іргелі негіздерін қарастырады [4].

«Педагогикалық шарттар» ұғымын зерттей келе, бұл терминнің келесідей сипаттарға ие екеніне көз жеткіздік:

1) педагогикалық шарттар, қолданылуы тұтас педагогикалық процестің тиімділігіне ықпал ететін, білім беру және материалдық кеңістіктік орта мүмкіндіктерінің жиынтығы ретінде қарастырылады;

2) әсер ету жиынтығы психологиялық-педагогикалық шарттар ретінде сипатталатын, бірінші кезекте педагогикалық жүйе субъектілерінің (педагогтің, оқушының және басқа қатысушылардың) тұлғалық дамуына бағытталған ықпал ету шараларының жиынтығы, білім беру процесі тұтастығының міндеттерін табысты шешуді қамтамасыз етеді.

3) Педагогикалық шарттардың негізгі функциясы тұлғаны дамыту, тәрбиелеу және оқытудың нақты сипаттамаларын өзгертуді қамтамасыз ететін, яғни педагогикалық жүйенің жеке аспектісіне әсер ететін педагогикалық өзара әрекет шараларын ұйымдастыру болып табылады.

**Нәтижелер мен талқылау.** Біздің ойымызша, қазіргі таңда «педагогикалық шарттар» терминінің анықтамалары ақпараттық технологиялар саласындағы заманауи жетістіктерді ескере отырып ұлғайтылуы керек. Біз, С.Н.Павловтың түсіндірмесі бойынша «педагогикалық шарттар» терминін анықтауға ең қолайлы түсіндірме деп санаймыз. Сонымен, біздің көзқарасымыз бойынша, «педагогикалық шарттар» ұғымының анықтамасын құрылымға ендіру үшін ұйымдастырушылық формалар мен материалдық мүмкіндіктерден басқа, келесі компоненттерді қосу керек:

- жаңашыл білім беру және педагогикалық технологиялар мен ресурстарға қол жеткізу мүмкіндігі;

- оқыту мен тәрбиелеу мүмкіндіктері заманауи шынайылықта қажетті ақпараттық және техникалық ресурстарды қамтуы керек.

«Педагогикалық шарттар» түсінігінде осы элементтердің болуы бірқатар себептерге байланысты.

Біріншіден, мазмұндық анықталуы және оның уақытқа сай өзгеруі ғылымның, оның ішінде педагогика ғылымының дамуымен жүзеге асады.

Екіншіден, соңғы онжылдықтардағы ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарыштап дамып, қарқынды өсуі аталған элементтерді анықтамаларға енгізу қажеттігіне жағдай тудырды.

Осылайша, «педагогикалық шарттар» ұғымының анықтамасын қорытындылай келе, терминді түсіну үшін бірқатар ережелерді бөліп көрсетуге болады және оның толық анықтамасы: шарттар педагогикалық жүйенің, оның ішінде тұтас педагогикалық процестің ажырамас элементі ретінде әрекет етеді [6].

Педагогикалық шарттар білім беру ортасы мүмкіндіктерінің жиынтығын көрсетуі тиіс, яғни, білім беру субъектілерінің әсер етуі мен өзара іс-қимылының мақсатты әзірленген шаралары. Оларға мыналар жатады: оқыту мен тәрбиелудің мазмұны, әдісі, тәсілі және формасы; қазіргі таңда оқу АКТ құрал-жабдықтарын белсенді пайдаланбай педагогикалық процесті толыққанды жабдықтау мүмкін емес.

Педагогикалық шарттар құрылымында білім беру процесінің субъектілерінің жекеленген салаларының дамуын әсер ететін ішкі элементтермен қатар, бүкіл педагогикалық жүйенің процедуралық компонентін қалыптастыруға ықпал ететін сыртқы элементтер де бар [7].

**Қорытынды.** Осылайша, педагогикалық шарттар педагогикалық жүйенің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады:

- олар білім беру мүмкіндіктері мен материалдық кеңістіктік ортаның жиынтығын көрсетуі тиіс;

- олар уақыт ағымына сай өзгерістермен, дамумен сипатталады.

Сыныптан тыс жұмыстарға арналған мазмұнды таңдаған кезде, қызығушылық тиімділігін арттыруға ықпал ететін келесі педагогикалық шарттарды ескеру қажет:

- оқу процесіне мұғалімдер мен оқушылардың қызметін оңтайландыратын дидактикалық құралдарды енгізу;

- сыныптан тыс жұмыстардың тиімділігін арттыру үшін диагностикалық процедуралардың ролін күшейту;

- білім беру процесінің дидактикалық құралдарын қолдану арқылы оқушылардың белсенді-ізденімпаздық деңгейінің дербестігін қалыптастыру;

- оқу қызметінің даралық ерекшелігін есепке алу.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Гузеев В.В. Планирование результатов образования и образовательная технология. М.: Народное образование, 2000, 240 с.
2. Борытко Н.М. Учебник для студентов пед. Вузов. Волгоград: Изд-во ВГИПК РО, 2006, 186 с.
3. Андреев В.И. Педагогика: Учебный курс для творческого саморазвития. Казань: Центр инновационных технологий, 2000, 608с.
4. Бордовская Н.В. Современные образовательные технологии. М.: Кнорус, 2011, 269 с.
5. Дендебер С.В. Современные технологии в процессе преподавания химии. Развивающее обучение, проблемное обучение, проектное обучение, кооперация в обучении, компьютерные технологии/Дендебер С.В., Ключникова О.В. М.: 5 за знания, 2007, 112 с.
6. Жарова Л.В. Учить самостоятельности: Кн. для учителя. М.: Просвещение, 1993, 205 с.
7. Полат Е.С. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования. М.: Издательский центр «Академия», 2000, 272 с.

### **Аннотация**

В статье авторы провели критический обзор педагогической, методической и психологической литературы. На основе изучения и анализа результатов многочисленных научно-педагогических исследований выявлено, что в теории и практике педагогической науки существуют различные типы педагогических условий: организационно-педагогические, психолого-педагогические и дидактические условия. Все эти типы расширяют и дополняют понятие «педагогические условия», позволяют сделать педагогический процесс более комфортным и продуктивным. При выборе содержания для внеклассной работы необходимо учитывать следующие педагогические условия, способствующие повышению эффективности интереса: включение в учебный процесс дидактических средств, оптимизирующих деятельность учителей и учащихся; усиление роли диагностических процедур для повышения эффективности внеклассной работы; формирование активно-поискового уровня самостоятельности учащихся посредством использования дидактических средств образовательного процесса; учет индивидуальных стилей учебной деятельности.

### **Abstract**

In the article, the authors conducted a critical review of pedagogical, methodological and psychological literature. Based on the study and analysis of the results of numerous scientific and pedagogical studies, it was revealed that in the theory and practice of pedagogical science there are various types of pedagogical conditions: organizational and pedagogical, psychological and pedagogical and didactic conditions. All these types expand and complement the concept of "pedagogical conditions", make the pedagogical process more comfortable and productive. When choosing the content for extracurricular work, it is necessary to take into account the following pedagogical conditions that contribute to increasing the effectiveness of interest: the inclusion in the educational process of didactic means that optimize the activities of teachers and students; strengthening the role of diagnostic procedures to improve the effectiveness of extracurricular work; the formation of an active search level of students' independence through the use of didactic means of the educational process; taking into account individual styles of educational activity.

ӘОЖ 373.1.2:372.8

**А.Б. Донбаева, Г.Ө. Танабаева, Ж.Ж. Қансейтова, Ж.Р. Жамашева**

ф.ғ.к., доцент, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

ф.ғ.к., доцент, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

ф.ғ.к., доцент, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

ф.ғ.к., доцент, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

### **СЕНДІРУ КАТЕГОРИЯСЫНЫҢ ПРАГМАТИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ**

#### **Түйін**

Рухани жаңғыру, яғни кез келген қоғамның, ұлт болмысының мәдени дамуы мемлекеттің рухани өміріндегі қоғамдық сана түрлерінің заман талабына сай жетілуі арқылы көрінеді. Еліміздің тәуелсіздікке қол жеткізген алғашқы жылдарда елбасы Н.Ә.Назарбаевтың нарықтық экономикалық қатынастарды орнату мақсатында ел экономикасына шетелдік инвесторларды тарту ісін негізгі басымдық ретінде белгілегені аян. Қазіргі таңда Қазақстан экономикалық секторын шетелдік ірі кәсіпорындармен іскерлік қатынаста болуы – осы тарихи бетбұрыстардың нәтижесі. Бұл сайып келгенде, қоғамның барлық салаларына, соның ішінде тіл біліміне де белгілі бір жаңалық, өзгерістер әкеліп, жаңа міндеттерді межелегендей. Соның бірі – зерттеу нысаны болып отырған іскерлік сөйлеу тілі болып табылады. Іскерлік сөйлеу тілінің табиғаты күрделі құрылым болғандықтан оны бір ғана тілдік шеңберде жан-жақты зерттеу мүмкін емес. Сондықтан да оның тілдік және экстралингвистикалық факторлары прагмалингвистикалық ізденісті талап етеді.

**Кілттік сөздер:** рухани жаңғыру, прагматизм, тіл, сендіру категориясы, прагматикалық қызмет, мән, когнитивтік қызмет

## **Кіріспе**

Қазіргі таңда лингвистика саласында тілдің ықпал етуін зерттеу өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Оның себебі көпшілік ақпарат құралдарының және байланыс қатынастарының шығуы және дамуы (пресса, радио, теледидар, интернет); адам санасына әсер ететін үгіт-насихат құралдары және жарнамалардың тез қарқында өсуі; адамдардың қоғамда көзқарасын туғызу үшін идеологиялық күрестің үдере түсуі; қоғам мәдениеттіліктің тіл арқылы қалыптасуы; білім алудың кеңеюі [1].

Адамдар тілдің көмегімен тек қарым-қатынас жасау үшін ғана емес, тыңдаушыны қандай-да бір іс-әрекет жасауға итеретін тілдік құралдарды пайдалана отырып өзінің көздеген мақсатына жетуге тырысады. Сондықтанда тілдің прагматикалық аспектісін зерттеу ықпал етуші тіл бірліктерін тілдің әр түрлі деңгейде анықталуын қажет етеді. С.Л.Рубенштейн: «Тіл – сөйлеу, қарым-қатынас қызметін атқара тұра, ықпал етуші қызметті де атқарады. Адам тіл арқылы тыңдаушының санасына, сезіміне ықпал етеді» деп жазады [2].

Прагматика саласының негізін қалаушылардың бірі Ч.Моррис тілдің таңбалық сипатын зерттей келе, семиотиканы семантика, синтактика және прагматика салаларына бөліп, семантика таңбалардың объективті шындығын сипаттайтынын, синтактика таңбалардың құрылымдық сипатын көрсететінін, ал прагматика таңбалар мен оларды қолданушылардың арасындағы байланысын зерттеумен айналысатынын анықтап берді [3].

## **Теориялық бөлім**

Тілдің прагматикалық қызметін зерттеген Ч.Моррис, Дж.Остин, Дж.Серль, П.Грайс және ресейлік В.В.Виноградов, Ю.С.Степанов, Г.В.Колшанский, А.А.Леонтьев, Е.Ф.Тарасов, Л.А.Киселева, Н.Д.Арутюновалардың ғылыми тұжырымдарының тіл білімі саласында алатын үлесі зор.

Қазақ тіл білімінде тілдің прагматикалық қызметінің жекелеген мәселелері, атап айтқанда, көркем әдеби жанрында, баспасөз тілінде прагматикалық қызметін атқарудағы тілдік құралдар талданған. Осы мәселеге қатысты бірқатар ғалымдардың Р.Сыздық, Б.Шалабай, О.Бүркітов, Ф.Жақсыбаева, Ғ.Солтанбековалардың құнды еңбектері бар.

О.Бүркітов: «Көпшілік ақпарат, газет-журналдар беттеріндегі сөздер әлеуметтік-бағалылық сипатта келіп, прагматикалық қызметті атқарады» [4] деп жазса, Ф.Жақсыбаева: «Әсер ету, үгіттеу, сендіру – газеттік-публицистикалық стильдің ең басты міндеті» деп көрсетеді [5].

Прагматика саласында көптеген еңбектер жазған Г.В.Колшанский тілдің коммуникативтік аспектісін қарым-қатынас кезінде коммуниканттардың бір-біріне ықпал жасайтын прагматикасы деп көрсетеді. Оның пікірінше, прагматиканың қызметі ең ақырғы мақсатқа жету үшін адамның мінез-құлқына ықпал ету. Г.В.Колшанский прагматиканың мән-мағынасы өз алдына белгіленген күрделі категорияны білдіреді және бұл категория адамның мінез-құлқына әсер етіп, субъективті баға арқылы объективті шындықты көрсетеді деп пікірін қорытады [6]. Ал Л.А.Киселева тіл қарым-қатынас кезінде негізгі екі мақсатта қолданылады деп тұжырымдайды: (а) хабарлама, ақпарат береді және (б) адам психикасына және іс-қимылына ықпал етеді. Оның пікірінше, ықпал ету сендіру, иландыру, бұйрық беру секілді әр түрлі сипатта келеді [7]. Әйтсе де, тілдің прагматикалық қызметі тек ықпал етумен ғана шектелмей, сөйлеуші мен тыңдаушы арасында байланыс орнатуға, сол қарым-қатынастың нәтижесінде көздеген мақсатын жүзеге асыратынын айту қажет. Яғни сендіру коммуниканттардың когнитивтік аспектілерін, атап айтқанда, коммуниканттардың қарым-қатынас барысында өзара байланысын, әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерін, сөйлеу стратегиясын, сөйлеушінің ниетін т.б. қамтиды.

Прагматика саласында көптеген зерттеулер жүргізген П.Грайс прагматиканың қызметін зерттей отырып, зерттеу нысанына сөздің айтылуын жатқызады, және оны прагматикалық мән деп атайды. Бұл мәнді ол «сөйлеушінің мәні» деп те атауды ұсынып, оны сөйлеушінің тыңдаушыға ықпал ету ниеті деп түсіндіреді. Бұл мән бойынша сөйлеуші тыңдаушыға ниетін

білдіріп қана қоймай, оны тыңдаушыларға мойындатуға әсер етеді. Ол сөзін қорыта келе, қарым-қатынас кезінде сөйлеуші сөйлеу әрекетін белгілі бір мақсатпен, ниетпен айтады деп тұжырымдайды [8]. Н.Д.Арутюнова да бұл пікірге қосыла отырып, сөйлеу жағдаяты, сөйлеушінің байланысын көрсететін субъективтілік ұғымын, яғни прагматикалық мәнді енгізетінін айтады [9].

Карл Бюлердің психологиялық тұжырымы бойынша тілдің қызметі үш топқа бөлінеді: сөздер арқылы ойын білдіру; ынталандыру; адамның сезімін, ішкі эмоциясын білдіру [10]. К.Бюлердің бұл жіктелімін әрі қарай Р.Якобсон зерттеп, толықтырды. Ол «код» және «қарым-қатынас орналастыру» ұғымдарын енгізді. Оның пікірінше, «код» тілдің жүзеге асуына үлес қосатын семиотикалық жүйе болып есептеледі, ал «қарым-қатынас орналастыру» сөйлеу барысында сөйлеуші мен тыңдаушы арасында қарым-қатынас жасаудың негізгі элементі болып саналады [11]. Р.Якобсон тілдің қарым-қатынас барысында тыңдаушыға берілетін ықпалын зерттей келе, оны төмендегі топтамаларға жіктеді:

- тілдің эмотивті қызметі;
- тілдің сөйлеуші мен адресат арасында қарым-қатынас орнатуға көзделген қызметі;
- тілдің риторикалық қызметі;
- тілдің металингвистік қызметі;
- тілдің когнитивтік қызметі;
- тілдің эстетикалық қызметі.

Осы берілген топтамадағы тілдің алуан түрлі қызметі сендіру категориясымен ұштасып жатыр. Енді осы топтамаға толығырақ сипаттама берелік.

Тілдің эмотивті қызметі алуан түрлі стильдік тәсілдердің көмегімен сөйлеушінің ішкі сезімін, қоршаған ортаға, адамдарға деген қарым-қатынасын және эмоциясын білдіреді. Тілдің сөйлеуші мен адресат арасында қарым-қатынас орнатуға көзделген қызметі амандасу, қоштасу немесе бірігіп уақыт өткізу секілді сөйлеу актілерінің қолданысымен сипатталады. Тілдің бұл қызметі тілдің контекстісіне негізделмей керісінше бағалаушы сөздер арқылы тыңдаушылармен жақсы қарым-қатынас орнатуды көздейді. Тілдің риторикалық қызметінің ең басты мақсаты адресатқа ықпал ету ерекшелігімен сипатталады. Ықпал ету әр түрлі деңгейдегі тілдік құралдардың қолданысымен жүзеге асады. Тілдің металингвистік қызметі тілді қалай әрі неге қолдану керек деген сауалдарға жауап береді. Сөзталас, ойбөліс, пікірталас секілді сайыстарға қатысушылар бірін-бірі сынау немесе жеңу мақсатында тілдің осы қызметін басшылыққа алады. Тілдің когнитивтік қызметі адамның дүниетанымымен, танымдық процесімен, дүниенің тілдік көрінісімен және жалпы концептілерімен сипатталады. Тілдің эстетикалық қызметі мәтіннің дұрыс логикалық құрылымын, ақпаратты немесе хабарламаны көріктеп, әдемі айтуын және этикалық нормасын сақтауды қамтамасыз етеді. Тілдің осы қызметтерін сайып келгенде басты мақсаты – прагматикалық қызметпен сипатталатындығында.

Тіл мен сөйлеу тілінің прагматикалық аспектілерінің өзіндік ерекшеліктері болғандықтан, соңғысы сөйлеу актісі теориясы шеңберінде қарастырылады. Сөйлеу арқылы қарым-қатынас қалыптасады, қарым-қатынастың нәтижесінде адамдар бір-біріне ықпал етіп, әрекетке итереді. Ғалымдар тіл мен сөйлеу тілінің ара-қатынасын зерттеп, оларды ажыратып көрсетуге тырысты. Ф.де Соссюр тіл мен сөйлеу тіліне тән берілетін анықтаманы прагматикалық аспект мынадай қарама-қайшылықтармен сипаттайтынын жазады: тілге әлеуметтік сипат тән, ал сөйлеу тілі жеке адамның қолданысымен сипатталады; тіл қарым-қатынас құралы болса, сөйлеу қарым-қатынастың процесі болып табылады; тіл таңбалық жүйеден тұрса, сөйлеу тілі ақпарат береді [12].

Сөйлеу тілі оның ең төменгі бірлігі сөйлеу актісі арқылы жүзеге асады. Шетел және орыс тіл білімінде сөйлеу актісі теориясы кең ауқымда зерттелуде. Бұған қатысты мәселелер Дж.Остин, Дж.Серль, П.Грайс, А.В. Вежбицка, Г.О.Почепцов, Ю.Д.Апресян және қазақстандық З.Ш.Ерназарова, И.Нұрғожина, З.Х.Ибдальдинова секілді ғалымдардың

зерттеулерінде сөйлеу тіліне тән кейбір ерекшеліктер прагмалингвистика тұрғысынан қарастырылған.

### **Практикалық бөлім**

Сөйлеу актісі теориясының негізін салушылардың бірі Дж.Остин сөйлеу актілерін перформатив етістіктерінің негізінде құрылған ықпал етуші күш тұрғысынан таныды. Перформатив етістіктерінің негізінде Дж.Остин сөйлеу актісінің бес түрін көрсетеді: 1. вердиктер; 2. экзерсивтер; 3. комиссивтер; 4. бехавитивтер; 5. экспозитивтер. Алайда, Дж.Остиннің өзі бұл жіктеменің аяқталмағанын, әлі де аяғына дейін ойластырмағанын мойындайды [13]. Дж.Остиннің бұл идеясын әрі қарай Дж.Серль дамытып, сөйлеу актісін үш деңгейлі акт ретінде қарастырады: иллокутивті (сөйлеудің мақсаты – illocutionary), локутивті (сөйлеу әрекеті – locutio) және перлокутивті (адресатқа ықпал етуші – perlocution). Оның пікірінше, иллокутивті акт сөйлеу актісінің маңызды бөлігі, өйткені сөйлеу актісі сөйлеушінің тыңдаушыға тілегін, мақсатын жеткізеді, яғни ол ықпал етуші күшке айналады және ықпал ету сөйлеуші мақсатымен тығыз байланыста келеді. Осылай дей келе ол Дж.Остиннің жоғарыда берілген жіктемесін сынап, өз жүйесін ұсынады. Бұл жүйеде «В качестве основания для классификации я предлагаю избрать иллокутивную цель и вытекающую отсюда условия искренности» дей келе, сөйлеу актісінің бес түрін атап өтеді [13]. Олар: 1. репрезентативтер; 2. директивтер; 3. комиссивтер; 4. экспрессивтер; 5. декларативтер. Бұл жіктемеде Дж.Серль ықпал етуші актілерінің арасындағы айырмашылықтарды көрсететін белгілер мен перформатив етістіктерін басшылыққа алады.

Г.О.Почепцов сөйлеу актісінің ықпал етуші күші мен сөйлеушінің мақсатын ескере отырып, сөйлеу актісінің бес түрін ұсынады: 1. констатив; 2. промиссив пен менасив; 3. перфоматив; 4. директив; 5. квеситив [14]. Осы көрсетілген сөйлеу актілері негізінде нақтылау, бұйыру, қарсылық білдіру, талап ету, өтіну, болжау, уәде беру, жауап беру секілді әрекеттер жатыр. Кейбір ғалымдар, мысалы А.Вежбицка, Ю.Д.Апресян сөйлеу актісі түрін анықтауда перформатив етістіктерді басшылыққа ала отырып жіктейді. А.Вежбицканың пікірі бойынша, перформатив етістіктері сөйлеу актісінің түрін анықтайды. Ол сөйлеу актісінің бірнеше түрін атап, олардың арақатынасы мен айырмашылықтарын қарастырады [15]. Ал Ю.Д.Апресян перформативтердің негізінде сөйлеу актісінің 15 түрін анықтады: 1. нақтылау; 2. мойындау; 3. уәде беру; 4. өтініш; 5. кеңес беру немесе ұсыну; 6. өтіну немесе кеңес беру; 7. талап ету; 8. рұқсат беру немесе ұсыну; 9. келісу немесе қарсылық білдіру; 10. мақұлдау; 11. анықтау; 12. кешіру; 13. сөйлеу дәстүрлері; 14. бас тарту; 15. тағайындау және атау [16]. Жоғарыда шолу жасалған жіктемелер саны жағынан әрқелкі болғанымен аса бір алшақтық немесе кереғар пікірлер байқалмайды. Сондықтан да оларды бірін-бірі толықтырады деп анықтауға әбден болады.

Дж.Остин, Дж.Серль, З.Вендлер тұжырымдамалары бойынша сөйлеу актілерінің барлығы дерлік адресатқа бағытталмайды, олардың ішінде тек кейбіреулері ғана адресатқа тура бағытталуымен ерекшеленеді. Мұндай ерекшеліктерге императивтер, директивтер және сұрақтарды жатқызады. Сөйлеу актілерінің бұл түрлері адресатқа қандай-да бір іс-әрекетті жасауға ықпал етеді. Бұл ғалымдар мәтіннің семантикалық құрылымын зерттеп, ықпал ету мүмкіншілігі сөйлеу актілерінің мына түрлерімен жүзеге асатынын анықтап берді: арнау; аппелятивті; қарым-қатынас орнату; қарым-қатынасты реттеуші [13]. Сөйлеудің аппелятивті түрі бұйрықты, шартты сөйлемдердің қолданысымен беріледі. Қарым-қатынас орнату, атап айтқанда, амандасу, қоштасу, бірігіп уақыт өткізу сияқты сөйлеу дәстүрі арқылы жүзеге асады. Қарым-қатынастың реттеуші қызметі сөйлемдердің бір-бірімен логикалық байланыста болуымен, жүйелілігімен ерекшеленеді. Бұл көзқарастарды сайып келгенде сөйлеу актілері жоғарыда көрсетілген тілдің қызметінен туындайды деп тұжырымдауға болады.

Сендіру сөйлеу актілері арқылы адресант пен адресаттың арасындағы қарым-қатынасты, адресанттың көздеген ниетін, мақсатын айқындаумен ерекшеленеді. О.Я.Гойхман мен Т.М.Надеинаның пікіріне сүйенсек, былай деп көрсетеді: «При речевом воздействии на различные социальные группы населения следует также выбирать

соответствующие речевые тактики, имея в виду при этом, что ни одна из тех или иных тактик не являются универсальной и эффективной на все случаи жизни» [17].

Сендіру тура немесе жанама сөйлеу актілері түрлерімен де беріледі. Ойды астарлап, тұспалдап жеткізу жиі кездесетін сөйлем түрі импликатура арқылы жүзеге асады. ИмPLICITті сөйлем сыпайылық ережесімен де байланысты. Жанама сөйлеу актілері тыңдаушыны қиын, ыңғайсыз жағдайда қалдырмайды, керісінше өтініш немесе ұсыныс білдіру арқылы іс-әрекетке итереді. Өтінішті орындау немесе орындамау, ұсынысты қабылдау немесе қабылдамау адресаттың факторына (жас шамасы, білім деңгейі, әлеуметтік ортасы т.б.), психикалық жағдайына (ерік-жігері, мінез-құлқы, көңіл-күйі) байланысты. Бұл жерде ырғақ, интонация секілді фонетикалық құбылыстар маңызды қызмет атқарады. Мысалы, Сен өтінішті тездетші. Оны көре жатармыз. Байқап көрелік. Ағылшын тілінде жанама сөйлеу сұрақ ретінде жеткізілетіндігі байқалады: Why don't you try to have this new device for your PC? Мұндай сұрақтарды екі түрлі мағынада түсінуге болады, бір жағынан өзінің тура мағынасында, екінші жағынан өтініш ретінде. Сөйлеуші сұрақ қою арқылы өтініш білдіріп, тыңдаушыны белгілі бір әрекетке итереді. Мұнымен қоса, сұрақтар «жауап талап етпейтін» тыңдаушыларға ұсыныс ретінде немесе ой-бөлісуге, шешім қабылдауға ықпал жасауы мүмкін: Жұмыс ойдағыдай болады, егер сен келе алсаң?, Will every prospect learn of our products and their value? Дж.Серльдің пікірінше: «проблема косвенных речевых актов заключается в выяснении того, каким образом говорящий может с помощью некоторого высказывания выразить не только, что оно непосредственно означает, но и нечто иное» [13].

### **Қорытынды**

Коммуниканттардың қарым-қатынасын кешенді түрде зерттеп, оның сәтті жүзеге асуы П.Грайстың ұсынған «ынтымақтастық қағидасына» байланысты. Оның тұжырымы бойынша коммунниканттардың ынтымақтастығы мына ұсыныстарды орындағанда жүзеге асады: белгілі хабарды айту; тек қана шындықты айту; тақырыптан ауытқымау; анық сөйлеу; сыпайы болу [8]. Ғалымдар тілдің ықпал етуін екі мағынада ұсынады: кең және тар көлемде [18]. Тілдің ықпал етуінің кең мағынада қолданылуы белгілі бір максатты көздеген, коммуниканттардың бірі ықпал етуші субъект, ал екіншісі ықпалға көнуші объект болып табылатын кез келген сөйлеу қатынасынан көрінеді. Тілдің ықпал ету барысында субъект объектінің іс-қимылын реттейді, сөз арқылы оған бір нәрсені бастауға, өзгертуге, аяқтауға немесе іс-қимылды жасатуға ықпал жасайды. Тілдің ықпал етуінің тар мағынадағы қолданысы адамның санасына ықпал ететін ақпарат құралынан немесе үгіт-насихат тарататын тілдік қарым-қатынастан көрінеді.

Л.Т.Лузина тілдің ықпал ету қызметін зерттеп, тілдің ықпал етуі тек сөзді қолданумен ғана байланыста болмай, сонымен бірге, тілдің қарым-қатынас кезінде прагматикалық аспектісімен де байланыста болады екен деп ойын білдіреді [19]. Бұл берілген пікірден тілдің ықпал етуі субъектінің қарым-қатынасты ұйымдастыру, іс-қимылды ынталандыру белсенділігі және оның объектіге ықпал ету процесі деп түсінуге болады. Ал сөйлеушінің тыңдаушымен қарым-қатынасты орнатуы, ең алдымен, психологиялық жағдайларды ескерумен сипатталады.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан, 12 сәуір, 2017 ж.
2. Рубенштейн С.Л. Проблемы общей психологии.- М.: Изд-во «Наука», 2016.- 416 с.
3. Semiotics and pragmatics: An evaluative comparison of conceptual frameworks.- Philadelphia: John Benjamin Publishing Company, 2011.- 138 p.
4. Бүркітов О. Қазақ әдеби тілінің публицистикалық стилі. -. пед. ғылым. канд. дисс. -. Алматы: Абай ат. АҰУ, 2016. -168 б.
- 5.Жаксыбаева Ф.З. Қазіргі қазақ газет тіліндегі бағалауыш сөздер.- Алматы: Қазақ университеті, 2018. - 92 б.



6. Колшанский Г.В. Коммуникативная функция и структура языка. - М.: Изд-во «Высшая школа», 2014. - 178 с.
7. Киселева Л.А. Вопросы теории речевого воздействия. - Л.: Изд-во ЛГУ, 2018. - 160 с.
8. Grice H.P. Utterer's meaning and intentions // The Philosophical review, 2012. - V.78 (2). - P.48-59.
9. Арутюнова Н.Д. Фактор адресата // Изв. Изд-во «Инфра». Сер. лит-ры и языка. - 2011. - Т.40. - №4. - С. 356-367.
10. Звегинцева В.А. Бюлер К. Теория языка// История языкознания в 19-20 вв в очерках и извлечениях в 2 ч. - М.: Изд-во «Прогресс», 2015.- Ч.2. – С.22-37.
11. Jacobson R. Linguistics and Poetics // Style in Language. - Massachusetts: Cambridge University Press, 2019. - 350 p.
12. Фердинанд де Соссюр. Труды по языкознанию. - М., Изд-во «Высшая школа», 2017. - 695 с.
13. Новое в зарубежной лингвистике. Т. 17. - М.: Изд-во «Прогресс», 2016. - 500 с.
14. Почепцов О.Г. Коммуникативные аспекты семантики. - Киев, Вища шк., 2017. - 210 с.
15. Вежбицка А. Речевые акты//Новое в зарубежной лингвистике. Т. 16. - М.: Изд-во «Прогресс», 2015.- 500 с.
16. Апресян Ю.Д. Перформативы в грамматике и словаре. - М.: Изд-во «Наука», 2017. – 218 с.
17. Гойхман О.Я., Надеина Т.М. Основы речевой коммуникации.- М.: Изд-во «Инфра», 2017. - 272 с.
18. Оптимизация речевого воздействия / Под.ред. Н.А.Безменова, В.П.Белянина, Н.Н.Богомолова и др.- . М.: Изд-во «Наука», 2010. - 235 с.
19. Лузина Л.П. Язык как средство идеологического воздействия: лингвопрагматический аспект. - М.: Издательская фирма «Восточная литература» РАН, 2013. - 217 с.

#### **Аннотация**

Духовное возрождение, т. е. культурное развитие любого общества, национального самосознания, выражается в современном совершенствовании форм общественного сознания в духовной жизни государства. В первые годы независимости нашей страны Елбасы Н.А. Назарбаев определил основным приоритетом привлечение иностранных инвесторов в экономику страны с целью установления рыночных экономических отношений. В настоящее время деловые отношения казахстанского экономического сектора с крупнейшими зарубежными предприятиями – результат этих исторических переломов. Это, в конечном счете, приносит определенные открытия, Изменения и ставит новые задачи во все сферы общества, в том числе и в лингвистику. Одним из них является деловая речь, которая является объектом исследования. Поскольку природа деловой речи представляет собой сложную структуру, ее невозможно всесторонне изучить только в одном языковом круге. Поэтому его языковые и экстралингвистические факторы требуют прагмалингвистического исследование.

#### **Abstract**

Spiritual revival, i.e. the cultural development of any society, national identity, is expressed in the modern improvement of the forms of social consciousness in the spiritual life of the state. In the first years of independence of our country, Elbasy N. A. Nazarbayev identified the main priority of attracting foreign investors to the country's economy in order to establish market economic relations. Currently, the business relations of the Kazakh economic sector with the largest foreign enterprises are the result of these historical changes. This ultimately brings certain discoveries, changes, and challenges to all areas of society, including linguistics. One of them is business speech, which is the object of research. Since the nature of business speech is a complex structure, it is impossible to study it comprehensively in just one language circle. Therefore, its linguistic and extralinguistic factors require a pragmalinguistic study.

UDC 378

**L. Zhaydakbayeva<sup>1</sup>, S. Daiyrbekov<sup>2</sup>, A.A. Kydyrbay<sup>2</sup>, M.L. Ismailova<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>Cand. Ped. Scie., M. Auezov South Kazakhstan state University, Shymkent, Kazakhstan

<sup>2</sup>Cand. Ped. Scie., South Kazakhstan State Pedagogical University, Shymkent, Kazakhstan

<sup>2</sup>master, South Kazakhstan State Pedagogical University, Shymkent, Kazakhstan

<sup>1</sup>master, M. Auezov South Kazakhstan state University, Shymkent, Kazakhstan

[Luizca18@mail.ru](mailto:Luizca18@mail.ru)

## APPLICATIONS OF DIGITAL RESOURCES IN THE EDUCATIONAL PROCESS

### Abstract

Innovations are introduced into various spheres of human activity, which orients people to new development, improvement of their knowledge, skills, and competencies, and mastering new types of activities in related sectors of the economy. The education system should ensure a confident transition to the digital age, focused on productivity growth, new types of work, and human needs. Information of education has created the basis for moving to a new level, digitalization is aimed at training specialists who are guaranteed to be in demand in the labor market, are easily and fluently proficient in mobile and Internet technologies, and are also focused on continuous training (advanced training) through e-learning. Digital technologies in the modern world are not only a tool, but also an environment of existence that opens up new opportunities: training at any convenient time, continuing education, the ability to design individual educational routes, from consumers of electronic resources to become creators.

**Keywords:** Educational system, Digital, Self-digitalization, cognitive, digital technologies, Educational resources.

### Introduction

The main directions of development of our country are reflected in the Digital Kazakhstan program.

The goals of the state program "Digital Kazakhstan" (hereinafter referred to as the Program) are to accelerate the development of the economy of the Republic of Kazakhstan and improve the quality of life of the population through the use of digital technologies in the medium term, as well as create conditions for the transition of the economy of Kazakhstan to a fundamentally new trajectory of development, ensuring the creation of digital the economy of the future in the long run [1].

It is designed to create an enabling environment for the creation of a full-fledged civil society in which knowledge, goods and services will be accessible to all citizens. To implement the ambitious tasks set by the Digital Kazakhstan program, it is necessary first of all to pay close attention to the reorganization of the educational system. The main characteristic feature of a modern person is the possession of digital technology skills, their application in everyday household and work environment. Another global trend is the "self-digitization of the state", i.e. digitalization of operations of the state and state-owned companies. Self-digitalization is a task that must be implemented by any state that aims to maximize the creation of value in the economy, increase prosperity, and take a worthy place in the ratings of business and living standards.

In order to provide the economy with employees who own digital technologies, it is necessary to introduce these technologies into the education system. Children of even preschool age are successfully mastering the digital environment and already have some experience that needs to be consolidated and developed in the process of studying at school [2].

The implementation of the main directions of modernization of education required a rethinking of their pedagogical experience, to understand what to change in their activities from the point of view of self-digitization of students ' interest, what knowledge is no longer sufficient in modern conditions, what modern teaching tools are most effective for the development of this quality of personality.

## **Materials and methods**

It became obvious that using only traditional methods of teaching the subject, it is very difficult to solve these problems. Information and communication technologies are one of the most effective means of developing students' cognitive interest. In this regard, we use a digital educational resource.

A digital educational resource (DER) is an informational educational resource stored and transmitted in digital form. Connecting all schools in Kazakhstan to the Internet within the framework of the national project "BilimLand", "Daryn. Online" made educational Internet resources available to all educational institutions.

On the site <https://onlinemektep.org/> you can find a Single window of access to educational resources, and on the site <https://daryn.online/profile/stream> unified collection of Digital Educational Resources.

A DER collection is a systematized collection of DER with descriptions and a certain completeness within its specification. The collection contains e-learning materials:

- texts describing the mandatory content of education for a given school subject and stage of study

- sources that are supposed to be used in the educational process by texts

- subject-specific tools and links to General tools that are effective in the subject

- open task banks for this subject, a system for saving the results of tasks and evaluating them.

Appendix 1 contains a presentation that systematizes the types of DER, forms of working with Them, and requirements for the design and use of DER.

Educational resources have been created for many modern textbooks. For grades 5-6, digital educational resources are partially used in the educational process for English textbooks."

Almost all of the digital educational resources intended for organizing front - end work in the classroom are files made in the Microsoft PowerPoint program, version of Microsoft PowerPoint 2003.

Data from the DER is divided into 5 types:

- material for front-end work at the stage of introducing new knowledge;

- Material for front-line work at the stage of forming skills (mainly exercises aimed at developing oral computing skills);

- Material for correction and control of knowledge (dictation for 1 or 2 options);

- Material for the organization of the final lessons (casual game or games competitions);

- Material for preliminary testing.

The most effective electronic educational resources are multimedia resources. In them, learning objects are presented in many different ways: using text, graphics, photos, videos, sound, and animation. In this way, all types of perception are used; consequently, the foundations of the child's thinking and practical activity are laid.

Computer science is a sobering discipline every year. Therefore, many children find it difficult. With the help of the cor animation, you can show students tasks for movement: towards each other, in the opposite direction, in pursuit, with a lag. You can use the ready-made material on the site Ustazdar sites-Ustazdar sites (u-s.kz)", Workshop " REPUBLICAN EDUCATIONAL PORTAL (ustazdar.kz)". The process of organizing school education using it makes it possible to make this process interesting, on the one hand, due to the novelty and unusual nature of this form of work for students, and on the other, to make it exciting and bright, diverse in form by using the multimedia capabilities of modern computers; to individualize the learning process by having multi-level tasks, by immersion and assimilation of educational material at an individual pace,

- independently, using convenient ways of perceiving information, which causes students to have positive emotions and forms positive learning motives;

- liberate students when answering questions, because the computer allows you to record the results (including without setting a grade),

- correctly responds to errors; independently analyze and correct mistakes, correct their activities due to the presence of feedback, as a result of which self-control skills are improved;
- carry out independent educational and research activities (modeling, project methodology, development of presentations, publications, etc.), thereby developing students' creative activity.

### **Results and discussion**

Digital literacy is the ability to create and apply content through digital technologies, including computer programming, search, information exchange, and communication skills. Henry Jenkis, however, reveals the content of the concept of digital

literacy as the ability to work with a computer as with hardware, understanding the features of the device and distribution of digital information, the device of the network community and the features of social media [3].

Content of digital literacy is reduced to the understanding that if there is clarity in the structure and content of digital reality, then there will be clarity in the control and interaction with digital technologies.

Digitalization management is possible with unified databases, learning effectiveness criteria, in other words, an integrated approach that would define the goals, structures, and content of the educational process. The Association "National society of technologies in education" has developed various procedures for evaluating education by consumers, experts, and professional communities [4]. For example, an online course is counted as a part of the University's curriculum.

Digitalization management in the educational environment is carried out through digital marketing, aimed at organizing interaction with teaching staff, research and teaching staff, graduates, students, and applicants using a range of digital communication channels; monitoring changes in the formation of a positive image of the University; encourage the creation of new digital communities and innovations; develop personalized marketing materials for target audiences [5].

We see that the process of digitalization of the economy, education and any other spheres of human life involves the formation of a digital (information) culture that allows them to correctly use the opportunities that open up and organically integrate into the environment of the information society [6].

You can use the presentation to systematically check that all students in your class have completed their homework correctly. When checking homework, it usually takes a lot of time to reproduce drawings on the blackboard, explaining those fragments that caused difficulties. Well-proven dictation tools that are designed to control and correct students' knowledge in the process of studying the topic, as well as to organize the repetition of rules during the passage of other topics of the course. They allow me to organize independent activities of students with subsequent verification and analysis of mistakes made, which is usually quite difficult to implement. Most dictation in one version is carried out at the initial stage of studying the topic [7, 8]. They allow:

- the teacher-immediately after explaining the new material to find those points that are not learned or poorly learned by students and once again analyze this material;
- for the student-analyze their mistakes, understand the reasons for their appearance.

Thus, approximate feedback is provided during the training process. Let me explain how you work with these materials [9].

In this type of DER, a task appears at the first stage when the left mouse button is clicked. I read it, students either write down only the answer, or the task, its solution and answer, and then the next task appears. This way, I can adjust the speed of tasks appearing, depending on the class level. The greatest effect is achieved if students write down the solution "under a carbon copy". After all the tasks are completed, students give me one copy and keep the second one. After that, we move on to the second stage.

Everybody in the world has switched to online education. Kazakhstan should not lag behind. Online learning should be accessible to everyone. Today the most dynamically developing area of education is the Internet, which has been widely introduced into school education and has become

available for use in the educational space. Using the resources of the Internet, the teacher will be able to introduce new relevant information into the teaching, increase its visibility and interest of schoolchildren in learning. Among other things, the Internet makes it possible to diversify the content and methods of teaching a number of subjects, including computer science. The use of Internet resources in computer science lessons increases the information culture of students, shows the best qualities in children, helps them to grow creatively; allows you to use more extensive information; ensures the efficiency of replenishment of educational material with new information. In the classroom, the Internet can be used with a variety of functions and, therefore, purposes: as a way to diagnose the learning capabilities of students, a teaching tool, a source of information. Students often use the Internet services at home in preparation for seminars, in work on creative assignments.

The digital education system includes information resources, telecommunications, management system (fig.1).




Fig. 1. Digital education system

The use of Internet technologies opens up a promising direction in training. Modern children learn this way-computer-way is much more familiar and interesting. However, such training is only possible in combination with other educational technologies. Since the violation of harmony, measures of expediency can lead to reduced performance, increased fatigue of students, and reduced work efficiency. Without clearly and correctly set goals and objectives, visiting the Internet cannot be useful and effective. The teacher and students need to jointly select Internet resources, since in the process of such work, students' research activities are organized to find solutions using the appropriate Internet resources.

### Conclusion

Computer presentations are also convenient to use in extracurricular activities during various competitions and games. This is a demonstration of portraits of computer scientists, a story about their discoveries, and an illustration of the practical application of theorems in life.

So, the use of information technologies increases the motivation of learning, in particular, learning computer science. Thus, pedagogical influences become less authoritarian and more democratic. The use of information technologies allows you to achieve freedom of creativity of participants in the pedagogical process: the student and the teacher. The teacher teaches, educates, but also encourages the student to develop his inclinations, develops the need for independent work.

### References

1. Yurevich E. I. Fundamentals of robotics. Leningrad, Mashinostroenie, 1985. 271 p.
2. Fundamentals of robotics/ Ed. by K. D. Nikitin. Krasnoyarsk, Publishing House of the Krasnoyarsk University, 1986. 206 p.
3. Polov E. P. Robotics and flexible production systems. Moscow, Nauka, 1987. 191 p.
4. Buslenko V. N. Nagi colleague. - robot. Moscow, Molodaya gvardiya, 1984. 223 p.

5. Eguchi, A. Robotics as a Learning Tool for Educational Transformation. In Proceedings of the 4th International Workshop Teaching Robotics, Teaching with Robotics & 5th International Conference Robotics in Education, Padova, Italy, 18 July 2014; pp. 27–34.
6. Ronald, R.; Bloom, D.S.; Carpinelli, J.; Burr-Alexander, L.; Hirsch, L.S.; Kimmel, H. Advancing the “E” in K-12 STEM Education. J. Technol. Stud. 2010, 36.
7. Zeidler, D.L. STEM education: A deficit framework for the twenty first century? A sociocultural socioscientific response. Cult. Stud. Sci. Educ. 2016, 11, 11–26.
8. Bers, M.U. Blocks to Robots: Learning with Technology in the Early Childhood Classroom; Teachers College Press: New York, NY, USA, 2008; ISBN 0807748471.
9. Misirli, A.; Komis, V. Robotics and Programming Concepts in Early Childhood Education: A Conceptual Framework for Designing Educational Scenarios Anastasia. In Research on e-Learning and ICT in Education; Springer: New York, NY, USA, 2014.

### **Түйін**

Инновациялар адам қызметінің әртүрлі салаларына енгізіледі, бұл адамдарды жаңа дамуға, өз білімін, дағдылары мен құзыреттерін жетілдіруге, экономиканың аралас салаларында жаңа қызмет түрлерін игеруге бағыттайды. Білім беру жүйесі өнімділіктің өсуіне, еңбектің жаңа түрлеріне және адамның қажеттіліктеріне бағдарланған цифрлық дәуірге сенімді көшуді қамтамасыз етуі тиіс. Білім беруді ақпараттандыру жаңа деңгейге көшу үшін негіз құрды, цифрландыру еңбек нарығында сұранысқа кепілдік берілген, мобильді және интернет-технологияларды оңай және еркін меңгерген, сондай-ақ электрондық оқыту арқылы үздіксіз оқытуға (біліктілікті арттыруға) бағдарланған мамандарды даярлауға бағытталған. Қазіргі әлемдегі цифрлық технологиялар-бұл құрал ғана емес, сонымен қатар жаңа мүмкіндіктер ашатын тіршілік ету ортасы: кез-келген ыңғайлы уақытта оқыту, үздіксіз білім беру, жеке білім беру бағыттарын жобалау мүмкіндігі, электрондық ресурстарды тұтынушылардан жасаушыларға айналу.

### **Аннотация**

Инновации внедряются в различные сферы человеческой деятельности, что ориентирует людей на новое развитие, совершенствование своих знаний, навыков и компетенций, освоение новых видов деятельности в смежных отраслях экономики. Система образования должна обеспечить уверенный переход к цифровой эпохе, ориентированной на рост производительности, новые виды труда и потребности человека. Информатизация образования создала основу для перехода на новый уровень, цифровизация направлена на подготовку специалистов, которые гарантированно востребованы на рынке труда, легко и свободно владеют мобильными и интернет-технологиями, а также ориентированы на непрерывное обучение (повышение квалификации) посредством электронного обучения. Цифровые технологии в современном мире-это не только инструмент, но и среда существования, открывающая новые возможности: обучение в любое удобное время, непрерывное образование, возможность проектировать индивидуальные образовательные маршруты, из потребителей электронных ресурсов превращаться в творцов.

**С.Б. Жамбусинов, Ж.Т. Сарсенбаев, А.А. Садыкова**  
аға оқытушы, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан  
аға оқытушы, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан  
аға оқытушы, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

## **РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ - БІЛІМ САЛАСЫНЫҢ ЖАҢА КӨКЖИЕГІ**

### **Түйін**

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы «Егемен» баспасы – ел дамуының жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсететін келелі ой, салиқалы пікір, батыл шешімдерге құрылған маңызды құжат. Ел Президентінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласын зер сала оқып шықтым. Елбасы елдің бүгінгі мен болашағы туралы ой толқындарын – қуатты сезім ағысымен жүректен өткізе отырып толғана, тебірене сыр шерткенде, таңданыстан бас шайқамау қиын. Оның Отанға, елге, ұлттық құндылықтарға деген сүйіспеншілігі сүйсінтеді. Сонымен қатар бірінші кезекте, білім беру сапасы, сапалы дайындалған педагогтармен анықталады. Білім беру ұйымдарындағы педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету және олардың ішіндегі біліктілікті арттыру бағдарламаларын жаңарту, бірқатар міндеттерді шешудегі берілген ресурсты дамытуды қамтамасыз етуді көздейді, білім алудағы оның қажеттіліктерін қанағаттандыру, тез өзгермелі әлемдегі табысты қамтамасыз ету, мемлекеттің экономикалық дамуы үшін адамдық капиталдың бәсекеге қабілетті дамуы Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудағы зияткерлі жан дүниесі дамыған Қазақстан Республикасының азаматын жалпыға білім беретін мектептерде қалыптастыру болып табылады.

**Кілттік сөздер:** Ұлттық-рухани тамыр, рухани қазына, жастарды тәрбиелеу, патриоттық рухты сіңіру, руханиятқа, рухани жаңғыруға, «Мәңгілік ел»

### **Кіріспе**

Мемлекет басшысы аталмыш жаңғырудың негізгі қызметі мен ерекшеліктеріне ой жүгіртіп, бұл жаңғырудың маңыздылығына тоқталады: «Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды» [1]. Саяси, экономикалық реформаларда егеменді еліміз бірқатар жақсы нәтижелерге қол жеткізгені баршаға мәлім. Ол адами құндылықтар, рухани қазына, жастарды тәрбиелеу, олардың бойына патриоттық рухты сіңіре білу жұмысында рухани салаға басымдық берудің қажеттілігін алға қойып отыр. Бұл дегеніміз – ұлтымыздың барлық ұлттық салт-дәстүрлерін, мемлекеттік тіліміз бен әдебиетімізді, мәдениетімізді, ұлттық рухымызды жаңғырту деген асыл ұғымға келіп саяды. Елбасымыздың рухани жаңғыруға, руханиятқа, білім, ғылымға маңыз беруі – үлкен көрегендік пен ұлттың алға ілгерлеуін жылдам қарқынмен жылжытатын қозғаушы күш. Бұл – тәуелсіз еліміздің бақытты болашағы мен алаңсыз келешегі үшін жасалып жатқан жұмыс. Өйткені, рухани байлықтың кемел болғаны бұл жеке азаматтарымыз үшін де, әрбір жеке тұлғадан құралған қоғам, туған еліміз үшін де өте маңызды үдеріс.

Әсіресе, көптен күтіп жүрген латын қарпіне көшу, жазуымызды қалыптастыруға байланысты айтылған мәселесі орынды көтерілді деп ойлаймын.

### **Теориялық талдау**

Мемлекет басшысы 2012 жылы желтоқсан айында жария еткен «Қазақстан – 2050» стратегиясында «2025 жылдан бастап латын әліпбиіне көшуге кірісуіміз керектігін» мәлімдеген болатын. Сондықтан бұл мақаласында Үкіметке нақты тапсырма бере отырып, қай уақытта, қалай латын қарпіне өтетінімізді айтып отыр. Яғни, 2025 жылға қарай іс-қағаздары, мерзімді баспасөз, оқулықтар, бәрі де латын әліпбиімен басылады деген сөз. Бұл

қоғамдық ғылымдар үшін міндеттелетін үлкен шара болары анық. Әсіресе, Тіл білімі институтына үлкен жауапкершілік артып отыр. Елбасы биылғы жылдың соңына дейін қазақ әліпбиінің жаңа графикадағы бірыңғай стандартты нұсқасын қабылдау жөнінде, 2 жылда ұйымдастыру және әдістемелік жұмыстар жүргізілетіні айтылған. Әрине, бұған үлкен дайындық керек. Еліміздегі рухани жаңғырудың тұжырымдамалық бағдары министрден бастап, қатардағы қарапайым азамат түсінетін, баршаға ұғынықты, бай әрі ықшам тілмен жеткізілді. Ең алдымен Президенттің мақаласындағы ең соңғы сөйлемге назар аударғым келеді. Ол сөйлем өмір сүре білу үшін өзгере білу керек, өзгере білмеген халықтар, тарихтың шаң-тозаңында қалады деген. Биылғы жылдан бастап Қазақстан жаһандық бәсекеге қабілеттілікке қол жеткізуге бағытталған еліміздің Үшінші жаңғыруын іске асыруға кіріскені баршаға белгілі[2]. Оның мақсаты – Ұлт жоспарын орындау аясында әлемнің ең озық 30 елінің қатарына кіру болып табылады. Н.Ә. Назарбаев бұл ретте, тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бірнеше бағытына тоқталып өтті. Атап айтқанда «Сананы жаңғыртудың» мазмұнын негіздей отырып, Президент жаңғырудың алты бағытын белгіледі:

1. Бәсекеге қабілеттілік;
2. Прагматизм;
3. Ұлттық бірегейлікті сақтау;
4. Білімнің салтанат құруы;
5. Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы;
6. Сананың ашықтығы.

Аталмыш бағыттардың бәрі барынша өзектендірілген және уақыттың талаптарына нақты жауап береді. «Мәңгілік ел» болуымыз үшін бізге ауадай қажетті қасиеттер мен құндылықтардың қайнары тоғысып, ақыл-парасаты толысқан, ғаламдық ғылымды игерген адамдар көп болса, еліміз өркениетті, бәсекеге қабілетті болатыны ақиқат. «Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында. Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар – ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды ХХІ ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы», – деп ашып көрсетеді. Білім мен тәрбиесі ғажайып түрде үндескен, ұлттық идеологиясы темірқазығына айналған табысты ел болуымыз үшін жақсылыққа ұмтылып, жаманшылықтан арылып, саналы түрде барлық қасиеттерімізді ізгілендіріп, сананы рухани жағынан үнемі жетілдіріп, дамытып отыруға тиістіміз. Сол себепті, Мемлекет басшымыз атап өткендей, еліміздің әрбір азаматы бүкіл қоғам яғни саяси партиялар, барша мемлекеттік органдар осы жағдайға талдау жасап, біздің қай жерде тұрғанымызды анықтап, әрбіріміздің не істеу керектігімізді жете ұғынуы керек. Болашаққа нық қадаммен басу үшін өткенімізді ұмытпай, Елбасымыздың айтқан рухани жаңғыруын неге іліп алып кетпеске. Рухани жаңғыруы бұл мемлекетіміздің өсіп өркендеуінің жаңа сатысы. Әлем бір орында тұрмайды, заманға сай өмір сүру үшін көштен қалыспау керек. Сондықтан Елбасының тіл мәселесіне қатысты ой толғамына ынта жігерімізбен қолдау білдіру бүгінгі таңда кезек күттірмейтін мәселе[3].

Ел болам десең, бесігіңді түзе» дейді ұлы Мұхтар Әуезов. Әрбір білімгер өз жері мен оның байлығының иесі болу үшін жаңа технологияларды меңгеріп, жаңаша өмір сүруге үйренудің жолдарын білуге тиіс. Егер қоғамның даму кілті білімді адамдардың жаңаша қызмет атқаруын керек ететін болса, сол жаңашыл адамдарды, болашақ қоғам мүшелеріне білім мен тәрбие беруді жүзеге асыратын мамандар дайындайтын біздің білім беру ұйымдары Елбасы көздеген бағыттарға лайықты болуы тиіс. Ең бастысы, білім беруге қойылып отырған жаңа талаптарды орындауда көптеген жұмыстар жүргізіліп, жастардың үш тілде білім алуына, жаңа технологияларды білім беру жүйесіне енгізуде өңірімізде келелі жұмыстар атқарылуда.



Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына арналған Жолдауында «Біздің болашақтағы жоғары технологиялық және ғылыми қарқынды өндірістер үшін кадрлар қорын жасақтауымыз керек» деген сөздері бар. Демек, оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту, заманауи технологияны тиімді пайдалану мәдениетіне тәрбиелеу - педагог кадрлардың басты міндетінің бірі болып отыр.

Біліктілік арттыру - «Өмір бойы білім алу» идеясының негізгі тетігі, тиімді жүйесі. Адамның өмір бойы білім алуы міндетті түрде институт тамамдап, диплом алу емес, өмір бойында біліктілік арттыру арқылы өзін-өзі жетілдіріп отыруы, тұлғалық қажеттіліктеріне сәйкес білім алуы. Бүгінгі күні біліктілік арттыру жүйесінде қашықтықтан біліктілік арттыру аса өзекті. Себебі бұл маманның негізгі жұмысынан қол үзбей-ақ білімін жетілдіруіне мүмкіндік береді. Қашықтықтан оқытуды кеңінен алып қарастыратын болсақ, оның негізінде ХХІ ғасырдың жаңа парадигмасы, басымдығы ретінде танылған Smart education жатыр.

Smart education - бұл ортақ стандарт, келісім мен технология негізінде Интернет желісіндегі бірлескен білім берушілік әрекетті жүзеге асыру мақсатында құрылған оқу мекемелері мен профессорлық-оқытушылық құрамының бірлестігі. Яғни бұл контентті бірлесіп құру және пайдалану, бірлесіп оқыту деген сөз. Сондай-ақ, Smart education, немесе «жетелі оқыту», - бұл барлық әлемнің контентінің көмегімен еркін кіруге болатын интерактивті білім ортасындағы икемді оқыту. Smart education ұғымының мәні - білімнің кең көлемді қолжетімділігі. Өз кезегінде, «жетелі оқытудың» мақсаты - білім беру процесін электронды ортаға көшіру арқылы оқыту процесін тиімді ету. Мұндай тұрғы оқытушының білімін көшіріп алып, әрбір адамға қол жетімді етеді. Оқыту әр жерде және үнемі қол жетімді болады. Кітаптық контенттен белсенді контентке көшу «жетелі электронды оқытуға» көшудің тағы бір жағдайы болып табылады. Білімді электронды түрде берудің нәтижелілігі артады [4].

Көптеген дамыған елдерде стандарт болып табылатын Smart Education-ның негізгі идеясы қандай екен? Негізі «Кешегі күні» оқушы үшін жалғыз білім көзі болып мұғалім табылды, сонымен бірге оқушы өз білімін толықтыру үшін кітапханаға, яғни дәл сол мұғалім кеңес берген кітапқа жүгінді. «Бүгін» білім тек оқытушы мен оқушыға ғана емес, оқушылар арасында өзара беріледі. Бұл білімнің жаңа деңгейі болып табылады. Сонымен қатар қазіргі таңда әр түрлі ақпараттық коммуникациялық технологиялар қолданысқа енгендіктен, оқытушы оқушыға білім беру үшін әр түрлі мультимедиалық құралдарды қолданады.

Ал «ертеңгі күні» Интернет оқушы үшін ең басты білім көзіне айналады. Оқыту процесі білім объектілерінің кез келген бағытта оқытушыдан оқушыға, оқушыдан оқытушыға немесе оқушыдан оқушыға жылжуы болып табылады.

Smart Education оқытушылардың контенттермен алмасуына мүмкіндік беретін әлеуметтік желілер мен интернет-қоғамдастықтардың дамуын талап етеді.

Web-технологиялар қарқынды түрде дамып келе жатырған қазіргі кезеңде кітапқа бағытталған дәстүрлі білім беру жүйесіне қарағанда Интернет ресурстарында орналасқан ақпараттан мол білім аламыз. Ал Smart Education білімді синхронды түрде жеткізеді, яғни сайтта жарияланған ақпаратты оқу материалына айналдырады [5].

Smart Education - бүкіл әлемнің оқытушыларының, оқушылардың және олардың білімдерінің бірігуі, яғни білім беру жүйесінің дамуының жаңа стратегиясы. Олай болса, еліміз Қазақстанның интеллектуалды дамуының кілті осыда деп ойлаймын.

«Smart» ағылшын тілінен аударғанда «ақылды» деген мағынаны білдіреді. Ал технологиялық сипатта да осы мағынада жұмсалады. Яғни, ақылды технология, ақылды техника, пайдалануға ыңғайлы, мейлінше ықшам, көп функциялы құрылғыларды атайды. Ал педагогикалық үдеріс тұрғысынан қарастыратын болсақ, оқытудың бұл түрі электронды оқыту, мобильді оқыту, кез келген жерде, кез келген ортада оқыту деген мағынада жұмсалады.

«Smart» жүйесі педагогтар қызметінде ең тиімдісі. Себебі бүгінгі жаһандану заманында күнділікті келіп жатқан ақпараттар легі ішінен ең қажеттісін сұрыптай алуға, өзіне қолдануға, нақты орындалатын, шынайысын таңдайды.

XXI ғасыр - технологиялар ғасыры. Мобильдік құрылғылар, Интернет желілері өмір сүрудің қарапайым күнделікті дағдысына айналып, ақпараттық технология адам өмірінің маңызды бөлшегі болып кірігіп кетті. Сандық қоғам, сандық орта қалыптасты. Дамыған мемлекеттер технологияларды адам игілігіне пайдалану мүмкіндіктерін мейлінше арттырып жатыр. Интернет желілері адамның әр түрлі бағытта дамуына мол мүмкіндік береді. Адам үйде отырып- ақ, кәсіпкерлікпен де, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен де, шығармашылықпен де айналыса алады. Әлеуметтік желілер арқылы адамның өзінің барлық мүмкіндіктерін жүзеге асыруына жол ашылды. Ақпараттық қоғамда адамның өзіндік ойлауы, әрекетке шығармашылық тұрғыдан қарап, ыңғайлы жол таба білуі маңызды болып табылады. Соның нәтижесінде интеллектуалды экономика қалыптасып, технологияның қарқынды дамуына мүмкіндік туады.

Ұлт жоспарын орындауда әр саланың өзіндік үлесі болса, ұзтаздар қауымы қосатын үлес – жас ұрпақты жаңа қоғам мүшесі етіп білім мен тәрбие беруді жаңаша құру, оны осы Елбасымыз көрсетіп отырған талаптарға сай орындау деп білемін. «Жалғандық жарға жығады» дейді қазақ даналығы. Біз – бабалар батасы дарыған, ата аманатын аялаған елміз. Сондықтан Елбасы Тәуелсіздік жылдары қоғамды бос демагогия дертінен арылтуға күш салды. Оның орнына елді өркендетер түбегейлі жаңаруларға жұмылдырды. Білім биігіне, ғибратты ғылымға, өнімді еңбекке бағдарлады. Бұл – қалыпты өмірді қауіпті өмірге айналдырмаудың және нақты жаңғырудың қамы. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы тәуелсіз еліміздің даму бағыты өрілген өзекті мақала екені даусыз.

Бұл мақалада сананы жаңғырту, ұлттық болмыстан, ұлттық кодтан айырылып қалмай, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіріп, Қазақстанның игілігіне жарату жолындағы мақсат-мүдделер туралы өзекті мәселе көтеріліп отыр.

Елбасымыз Қазақстан үшін қайта түлеудің айырықша маңызды екі үдерісі – саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қолға ала отырып, Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынын және бұқаралық сананы қалай өзгертетіні жөнінде алысты болжайтын көзқарастарымен бөліседі. Мемлекет басшысы аталмыш жаңғырудың негізгі қызметі мен ерекшеліктеріне ой жүгіртіп, бұл жаңғырудың маңыздылығына тоқталады: «Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды.»[6]

Саяси, экономикалық реформаларда егеменді еліміз бірқатар жақсы нәтижелерге қол жеткізгені баршаға мәлім. Ол адами құндылықтар, рухани қазына, жастарды тәрбиелеу, олардың бойына патриоттық рухты сіңіре білу жұмысында рухани салаға басымдық берудің қажеттілігін алға қойып отыр. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында 6 бағытқа басымдық берілген.

- Бәсекеге қабілеттілік;
- Прагматизм;
- Ұлттық бірегейлікті сақтау;
- Білімнің салтанат құруы;
- Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы;
- Сананың ашықтығы.

Соның бірі - білім беру жүйесін жаңаша жетілдіру. Осы жүйе бойынша ауқымы кең жұмыстар атқарылып келеді. Құндылықтар жүйесінде тек білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана зор табысқа жетеді. Жастар басымдық беретін межелердің қатарында білімнің үнемі бірінші орында тұруы шарт. Бұл – Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»

мақаласында айтылған ой. Іргелі ілім үйрету арқылы шәкірттерді шынайы патриот қылып қалыптастыруға болады, - дейді шара бастамашылары.

## Әдебиеттер тізімі

1. Зер, Г. Изменение объектива: новый взгляд на преступление и правосудие [Текст] / пер. с англ. М. Яковлева // Г. Зер. - М.: Унив. Изд-во Пульсары, 2014. - 224 с.
2. Зеркин, Д.П. Основы конфликтологии [Текст] / Д.П. Зеркин. - Ростов-на-Дону: Феникс, 2015. - 168 с.
3. Камакина, О.Л., Шигапова, А.Г. Медиация в школе: возможности и перспективы [Текст] / О.Л. Камакина, А.Г. Шигапова // Августовский педагогический совет. Система образования Кировского района: будущее через диалог поколений. СПб: Публикации ИМЦ Кировского района, 2015. - С.80-84.
4. Кармин, А.С. Конфликтология [Текст] / А.С. Кармин. - СПб.: Лань, 2014. - 448 с.
5. Кильмашкина, Т.Н. Конфликтология. Социальные конфликты [Текст] / Т.Н. Кильмашкина. - М.: Издательский дом Кнорус, 2015. - 169 с.
6. Анцупов, А.Я., Шипилов, А.И. Конфликтология [Текст] / А.Я. Анцупов, А.И. Шипилов. - М.: Издательский дом Академия, 2014. - 596 с.
7. Баклановский, С.В. Конфликтология [Текст] / С.В. Баклановский. - СПб.: Питер, 2015. - 288 с.

## Аннотация

В статье рассматривается организация школьного посредничества в образовательных учреждениях, которая сегодня играет важную роль в школьном посредничестве и является актуальной проблемой, требующей детального рассмотрения; Понятия «посредничество» и «метод посредничества» дифференцированы; рассмотрены основные задачи, функции и принципы деятельности посредника; Есть трудности в организации этих услуг. Социальная стратификация неблагоприятных тенденций в современном обществе; плохо функционирующие «социальные лифты», обеспечивающие равный доступ молодежи к общественной жизни; миграционные процессы, обостряющие этнические проблемы и отношения; система моральных ценностей и критериев все еще расплывчата; потребительские ценности будут преобладать среди молодежи, культура будет ухудшаться; есть насилие, агрессия, конфликт, сострадание; человеческие отношения часто заменяются общением в социальных сетях; Программы в образовательных учреждениях постоянно усложняются, нагрузка растет. Посредничество касается, с одной стороны, его появления в области разрешения конфликтов, а, с другой стороны, является устаревшим, если вспомнить его устаревшую универсальность, новым процессом. Поэтому необходимо отличать современное посредничество от традиционных форм разрешения споров и других форм разрешения споров.

## Abstract

The article discusses the organization of school mediation in educational institutions, which today plays an important role in school mediation and is an urgent problem requiring detailed consideration; The concepts of "mediation" and "mediation method" are differentiated; considered the main tasks, functions and principles of the intermediary; There are difficulties in organizing these services. Social stratification of adverse trends in modern society; poorly functioning "social elevators" that provide equal access for youth to public life; migration processes that exacerbate ethnic problems and relationships; the system of moral values and criteria is still vague; consumer values will prevail among young people, culture will deteriorate;



there is violence, aggression, conflict, compassion; human relationships are often replaced by communication on social networks; Programs in educational institutions are constantly becoming more complex, the load is growing. Mediation refers, on the one hand, to its emergence in the field of conflict resolution, and, on the other hand, is an outdated, if we recall its outdated universality, new process. Therefore, it is necessary to distinguish between modern mediation and traditional forms of dispute resolution and other forms of dispute resolution.

ӘОЖ 37.013.28

<sup>1</sup>А.С. Исабаева, <sup>1</sup>И.А. Корнилко, <sup>2</sup>Г.Т. Сейдулла  
<sup>1</sup>п.ф.к., доцент, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан  
<sup>1</sup>п.ф.к., доцент, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан  
<sup>2</sup>аға оқытушы, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

## РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ АЯСЫНДА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ТҰЛҒА БОЙЫНДА ҚАЛЫПТАСТЫРУ НЕГІЗІДЕРІ

### Түйін

Ұлттық құндылық – этникалық қауымдастықтың тарихи өзгешеліктері көрініс табатын рухани идеялар жиынтығы болып табылады. Олар нақты құндылығымыз: біріншіден ана тіліміз, мәдениетіміз, діліміз, тарихымыз, дінімізден тұратынын атап көрсетті. Ең бастысы, ана тіліміз болмаса, ұлт болмайды. Тіл – ұлт ретінде сақталу кепілі. Біздің қазақ тіліміз – тамыры терең, бай тіл. Рухани жаңғырудың 6 бағытын: бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы, сананың ашықтығы, еліміздің революциялық емес, эволюциялық дамуы және сананың ашықтығы деп белгілейміз. Н.Мұқаметханұлы шәкірттеріне ең басты сана арқылы қоғамдық болмыс адамдардың қоғамдық санасын белгілейді. Бірінші өзіндік санадан бастау керек. Біз кімбіз деген сұраққа жауап беруіміз керек. Сонымен қатар, әйелдің рөлінің отбасында ерекше орны бар. Себебі, алғашқы бала тәрбиесі – ана тәрбиесі. Өзіміздің ұлттық бейнемізде қалыптасқан үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуіміз қажет. Ұлттық болмысымызда, бейнемізде де адасып жүргендер өте көп. Бізде діни заң әлі де әлсіз, ол болашақта қайта қаралып, алдын-алу жұмыстары жүргізіледі.

**Кілттік сөздер:** Ұлттық құндылық, этникалық қауымдастық, жаһандану үдерістері, адамгершілік, руханилық, азаматтық, ізгіліктік.

### Кіріспе

Елбасы жыл басынан бері бірқатар реформалар енгізіп, Қазақстанның одан әрі дамуы үшін ел халқына маңызды міндеттерді жүктеді. Әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына қосылу үшін жаһандық бәсекеге қабілетті мемлекетті қалыптастыру керектігін айтты. Алайда, алға қойған мақсаттарды жүзеге асыру жолында саяси реформалар мен экономикалық жаңғыруды қолға алу аздық етеді, Қазақстанның рухани жаңғыруына да баса назар аудару қажет. Ол үшін, ең алдымен, бұқаралық сананы өзгерту керек. Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында осылай деді.

Біртұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың ұлттық санасын жаңғыртудың негізгі бағыттарының бірі – Ұлттық бірегейлікті сақтау. Әр ұлттың өзінің дәстүрі, мәдениеті, тарихы, әдебиеті болатыны анық. Қазір өркениет дамыған заманда ұлттық рухымыздан арылып қалмауымыз керек. Ол үшін бүгін Қазақстанға рухани жаңғыру аса қажет.

### Теориялық талдау

Жаһандану үдерістері халықаралық ынтымақтастықтың жаңа экономикалық формаларына, ақпараттық ағымдардың күшеюіне, өзге мәдениеттердің іс тәжірибесін игеруге деген сұраныстың туындауына, жаңашылдық пен өзгерістерге деген ынтаның өсуіне байланысты қарқын алып келеді. Осы жаһандық үдерістерге байланысты әр мемлекет ұдайы

бәсекеге қабілетті болу үшін әрі ақиқат өмірдің талаптарына жауап беру үшін өзінің экономикалық даму, қауіпсіздік, әлеуметтік инвестициялар, мәдениет пен білім және т.б. траекториясын түзуде. Мемлекеттің немесе ұлттың рухани санасына зақым келтірсе, рухани әлемін бағындырса ұлттың не мемлекеттің жоқ болып кетуіне апаруы әбден мүмкін.

«Білім туралы» Заңында тәрбиелік бағдарламалардың білім алушылардың, тәрбиеленушілердің патриоттық, азаматтық сезімдерін, интернационализмді, жоғары моральін және рухани дүниесін қалыптастыруға, сонымен қатар жан-жақты қызығушылықтары мен қабілеттерін дамытуға бағытталатыны атап көрсетілген [1].

Қазақстан мектептерінің қазіргі кезеңдегі тән ерекшеліктерінің бірі – оның барлық сатыларда жаңартылып отырғанында.

Жаңарту ерекшеліктерінің бірі ретінде білімнің құндылықтары ретінде «Мәңгілік Ел» Патриоттық Актісінде белгіленген құндылықтары тұжырымы анықталды. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевпен «Болашаққа бастар жол - 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы балалар мен жастардың бойында әлеуметтік жауапкершілікті, қазақстандық қоғамның игілігі және бірлік сезімі үшін еңбек етуге дайындықты тәрбиелеуге бағытталған. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын іске асырудың іргесі мектептің кезінде қалануы тиіс [1].

М.Жұмабаев жастарға білім мен тәрбие берудің шалғай нәтижелері мен этномәдени мүдделерді іске асыру жөнінде толғана отырып, бай рухани қазынаны, ұлттық тәрбиедегі көпғасырлық тәжірибені сақтау қажеттігіне баса назар аударып, «әр ұлттық ұлдары өз халқының ортасында өмір сүріп, еңбек ететіндіктен, тәрбиеші оларды ұлттық дәстүрлер рухында тәрбиелеуге міндетті» екендігін айтады [2].

Ұлттық құндылықтар – қандай да бір этникалық қауым өкілдерінің өзіндік тарихи көрінісі бар рухани мұраттарының жиынтығы.

Ұлттық құндылықтар бір этностық топқа тиесілі адамдардың мінез-құлқының әлеуметтік және нормативтік-мәдени аксиомасы рөлін атқарады.

Мемлекет басшылыққа алатын құндылықтар, идеялар мен басымдықтар жүйесі Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың еңбектерінде тұжырымды түрде баяндалған. Бұл – ұлтаралық келісім және ұлттар ішіндегі бірлік, қазақстандық патриотизм, жоғары тіл мәдениеті, толеранттылық, тұрақтылық және жаңғырту. Президенттің Отанымыздың алға басуы және гүлденуі жолында этностар мен этникалық топтарды рухани біріктіру идеялары өте өзекті.

Берілген мемлекеттік аксиологиялар негізінде жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар жүйесінде тәрбие жүйесін жаңғыртудың мемлекеттік басымдықтары «Қазақстан 2020: болашаққа жол» Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасында көрсетілген. Жастардың әлеуметтену процесі келесі құндылықтарға негізделеді: патриотизм, халық бірлігі, мәдени саналуандық, толеранттылық, отбасы, денсаулық және спорт, саламатты өмір салтын сақтау [3].

Патриотизм. «Патриот болу – бұл Қазақстанды өз жүрегінде ұялату», Мемлекет басшысы бұл құндылықты осылайша айқындап берді. Жас қазақстандықтар үшін Елбасының өмірі мен еңбек жолы өз елінің патриоты болудың жарқын үлгісі болып табылады.

Ұлтаралық келісім және толеранттылық. Қоғамда саяси тұрақтылық пен ұлтаралық келісім сақталған. Бұл құндылықтар қоғамның іргетасы, ерекше қазақстандық толеранттылықтың негізі болды.

Отбасы барлық адамзаттың басты құндылығы болып табылады. Әрбір адамның өмірдегі жолы отбасынан басталады және отбасы тұлға қалыптасуы мен дамуына баға жетпес ықпал етеді.

Тұрақтылық – Қазақстан жетістігінің негізі және дамуының басты нәтижелерінің бірі. Елдегі көпэтникалы және көпконфессиялы халықтың бірлігі толық құндылық және барлық ұрпақтың міндеті – елдің өркендеуі үшін осы құндылықты сақтау және көбейту

Мәдени әр алуандық – бөлмейтін, керісінше біріктіретін құндылық. Этникалық әр алуандыққа негізделген Қазақстан халқының ділін жас ұрпақ әлемдік мәдениет ағынында жоғалтпастан бірегей ұлттық игілік ретінде сақтауы қажет.

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізіндегі тәрбие Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан – 2030» Жолдауында, «Білім туралы» Заңда, Халықаралық конвенцияларда, Үкіметтің және Білім және ғылым министрлігінің басқа да нормативтік құжаттарында көрсетілген тұжырымдамалық идеяларды дамытады [3].

Жалпыадамзаттық құндылықтар мәңгі, тарихи тұрғыдан шектелмеген рухани табиғатқа ие, әлеуметтік, саяси, ұлттық, ғылыми, тұлғалық және басқа құндылықтар жүйесінің өзгермелі инварианты болып табылады, әр адамда және материалдық әлемде барынша қалыптасады. Олар барлық адамдар үшін эталон, үлгі болып саналады, оларды дамытуға педагогикалық процесс бағытталған.

Тәрбие – үздіксіз процесс, ол мектептегі тәрбие жүйесінің барлық компоненттерімен іске асырылады, оларға: сабақтар, сыныптан тыс және мектептен тыс тәрбие шаралары, сынып ұжымындағы іс-әрекет, қосымша білім беру жатады. Оқу процесінің тәрбие әлеуеті күшті. Заманауи білім беру бағдарламаларының мазмұны елеулі тәрбие мүмкіндіктерінен тұрады, оларды іске асыру оқу процесінің негізгі бірлігі ретінде сабақтың ойластыра ұйымдастырылуына байланысты. Сабақ тек ақпарат көзі болып қана емес, тұлғаның қалыптасуына ықпал етіп, дамытуы, тәрбиелеуі үшін келесі талаптар сақталуы қажет:

Сабақтың мақсаты мен міндеттерінде оқыту, тәрбие және дамыту бірлігі принципінің бейнеленуі;

Адамгершілік, руханилық, азаматтық және ізгіліктің жоғары үлгісінен тұратын оқу материалын мақсатты таңдау;

Оқушылардың жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесінде дұрыс бағдарлануы үшін ізгілендіру және ізгіліктендіру принциптерін, балада қоршаған дүние үшін жауапкершілігін дамытатын экологияландыру принципін, іс-әрекеттің түрлі бағыттарында балалардың бейімі мен шығармашылық қабілеттерін анықтауды және дамытуды көздейтін сыртқы және ішкі саралау принциптерін іске асыру;

Педагогикалық технологиялардың тәрбиелік әлеуетін пайдалану;

Білім берудің түрлі сатылары және оқу бағдарламаларының мазмұндары арасында сабақтастықты жүзеге асыру;

Оқушылардың өзіндік шығармашылық, зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру;

Сабақ мазмұнына оқушылардың жағымды әлеуметтік-мәдени тәжірибесін кеңейтуді қамтамасыз ететін әлеуметтік рөлдердің ойнатылуын белсенді түрде қосу [3].

Сонымен бірге, итальяндық педагог М.Монтессоридің догмалық оқытудың баламасы ретінде балабақшада және бастауыш мектепте еркін тәрбие беру мен ерте дамыту идеясын іске асырған өздігінен даму технологиясы бойынша ұйымдастыру қызметі кең тарайды. М.Монтессори баланың дербес даму қабілетіне сүйене отырып, педагогтың басты міндеті қоршаған ортаның қалыптасқан жағдайларында өзіндік дамудың табиғи процесі үшін «азық жеткізу» деп білді [3].

Қазақстанның білім беру теориясы мен практикасын тарихи-педагогикалық талдау инновациялық мектептің тәрбие жүйесін ізгілікті идеяның маңына топтастырылған, теориялық (жаңа адам тәрбиесі тұжырымдамасын әзірлейтін) және практикалық-бағдарлық (берілген тұжырымдамаларды жаңа үлгідегі оқу орындарында іске асыратын) бағыттар бойынша іске асырылатын философиялық, жаратылыстану ғылыми және қоғамдық-педагогикалық ізденістердің бірлігі ретінде анықтауға мүмкіндік береді.

Құндылықтар негізгі жол – өз халқының, сол сияқты өзге ел халықтарының мәдениеті арқылы тасымалданады. Оқушылардың жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарын қалыптастыру олардың жас ерекшеліктерін ескерген жағдайда ғана іске асуы мүмкін. Бұл ізгіліктілік бағдарын қалыптастыру процесінде мұғалімнің рөлін арттырады.

В.А. Караковскийдің тәрбие жүйесінің басты идеяларына: міндетті мектепішілік ұжым құру; оның ішінде өзін-өзі басқару элементтерінің болуы; басты міндеті ұжымдық жұмысқа дайындау болып табылатын коммунарлық әдіс енгізу жатады. Ол мектеп жұмысына пәрменді әдістерді: балалардың тұлғалық ерекшеліктеріне сүйену; оқушылардың коммуникативтік қабілеттерін дамыту, білім беру процесіне тек балаларды ғана емес, сонымен бірге олардың ата-аналарын да қатыстыруды енгізуге тырысты [4].

Песталоццидің: «Мектептің мақсаты – тәрбие және тек қана тәрбие» деген сөзі барлық кезде де тәрбиеге аса зор көңіл бөлінгенін дәлелдейді. Ал жұмыстың жаңа, заманауи технологияларын, түрлері мен әдістерін меңгеру – мұғалімнің педагогикалық шеберлігінің міндетті шарты. Сыныптан тыс және мектептен тыс жұмыстың тиімділігі оқушы қызметін ұйымдастыруына байланысты.

### **Нәтижелер мен талқылау**

Тәрбие мақсаты белгілі бір жалпыадамзаттық немесе ұлттық құндылықтарды дамыту емес, өзіндік дамуда табиғи қабілеттерді жүзеге асыру үшін жағдай жасау болуы тиіс. Әрбір балаға табиғатынан өзіндік даму, сыртқы жағдайларға сіңісу, оларға бейімделу және оларды өзгерту қабілеті берілген – бұл қабілет өз дамуындағы тиісті жағдайларда тұлғаны қоғамдық болмыстың ортақ құрылымынан шығып қалмайтын дербес адам ретінде сипаттайтын қасиеттер тудыруын қамтамасыз етеді. Ұжымда тәрбиелеу идеясына негізделген педагогикалық процесс – бұл Р. Баден-Пауэлдың, С.Т. Шацкийдің, А.С. Макаренконың және т.б. педагогикалық жүйелері. Олар тұлғаны дамытуда түрлі идеологиялық нұсқамаларға негізделі және өз идеяларын әртүрлі экономикалық және саяси жағдайларда жүзеге асыра отыра, топтық қарым- қатынастардың оң әсерін іске асыруда жеке даралықты қалыптастырудың жолын көрсете білді.

Білім берудің ұлттық құндылықтарына тән қасиет ол өзінің ең үздік үлгілерінде білім берудің жалпыадамзаттық құндылықтары бола алады.

Қазіргі қазақстандық балалар мен жастарда сапалы білім алу уәжінің өсуі, әлеуметтік белсенділігінің артуы, жаңа кәсіптерді және ақпараттық-коммуникативтік технологияларды меңгеруге ұмтылысы, коммуникативтілік, мәдениетаралық қарым-қатынасты жандандыру сияқты жаңа позитивті трендтер пайда болды. Өз елінің тарихына, мәдениетіне және дәстүрлеріне, халқының мәдени мұрасына қызығушылықтарының артуы негізінде ұлттық өзіндік сананың өсуі байқалады. Жаңа қазақстандық патриотизм, азаматтық, ізгілікке бағдарланған дүниетаным қалыптасу процесі жүріп жатыр. Елдегі оң өзгерістер білім беру ұйымдарының тәрбие процесінде көрініс тапты .

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Мәңгілік Ел» патриоттық актісі – қазақстандықтардың біртектілігі мен бірлігінің ауқымды да бірегей генетикалық бағдарламасы. Біздің рухани құндылықтарымыздың негізгі форматын ұрпақтан - ұрпаққа жеткізу – әрбір азаматтың парызы болуы тиіс. Халқымыздың басты әрі маңызды құжаты – «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясындағы басты құндылықтарды басты бағдарымыз ете отырып, мемлекеттің стратегиялық саясатын қолдап, бейбітшілік пен тұрақтылығымызды сақтай отырып жетілдіру – әрбір қазақстандықтың басты міндеті екендігі айқын.

### **Қорытынды**

Білім берудің ұлттық құндылықтарына тән ерекшеліктер ретінде мыналарды тануға болады: халықтық педагогикадағы олардың терең, тарихи тамырын; рухани және материалдық ұлттық құндылықтармен табиғи байланысты; тарихи даму процесінде олардың жаңару және көбею қабілеттері, сонымен бірге оларға тән дәстүрлермен сабақтастықты сақтай отыра, бірақ бір мезгілде өз генезисінің белгілі бір кезеңдерінде өзектілігін жоғалтуы немесе керісінше осы ұлттық мектептің және педагогикалық теорияның алға жылжуында басым бағдары болуы мүмкін, бұл кезде білім берудің жалпыадамзаттық құндылықтары сәйкес жоспармен тығыз байланысын үзбейді. Рухани жаңғыру ұлт пен оның өкілі жеке адамның кісілік табиғатына тәуелді. Ұлттық санада шынайылық, туралық, ұқыптылық орын алмаса әлеуметтік ортаның даму күші әлсірейді. Осы себептен тарихтың тәжірибесінен,

уақыттың елегінен өткен құндылықтар сақталып, адамның қоғамдық ортадағы іс-әрекеті, қоғамдық психология сонымен реттеліп, кез-келген ел мүддесіне қажет нәрсе прагматикалық және реалистік принципте зерделенуі тиіс. Қазақ ұлтының ата мекен кеңістігін игеру, қорғаудағы ұстанымы да осы қағидамен жүзеге асып отырған.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Мәңгілік Ел: – Оқулық / М.Б. Касымбеков, С.Ж. Пралиев, К.К. Жампеисова және т.б. Абай атындағы ҚазҰПУ – Алматы: «Ұлағат» баспасы, 2015. – 336 б.
2. Назарбаев Н.Ә. Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың Жастар жылының салтанатты ашылу рәсімінде сөйлеген сөзі. 23 қаңтар 2019 жыл.
3. Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. ҚР Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан, жыл. [http://www.akorda.kz/kz/events/astana\\_kazakhstan/participation\\_in\\_events/](http://www.akorda.kz/kz/events/astana_kazakhstan/participation_in_events/) (15.12.2012ж).
4. Назарбаев Н. "Қазақстан — 2030" Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы, Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. Алматы: Білім, 1997ж, 176 б.
5. С. Пірәлиев, «Ұлттық тәрбие және жаһандану» «Егемен Қазақстан» газеті К.С.Ныязбекова «Ұлттық тәрбие», 2013, №4, Б. 19-22.
6. Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. ҚР Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан, жыл. Мына сілтемеде: [http://www.akorda.kz/kz/events/astana\\_kazakhstan/participation\\_in\\_events/](http://www.akorda.kz/kz/events/astana_kazakhstan/participation_in_events/) (15.12.2012 ж.).
7. Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011–2020 годы, утвержденная Указом Президента Республики Казахстан от 07.12.2010 г. № 1118 //Казахстанская правда, 2010, № 153–154, С. 10–12.

#### Аннотация

Национальная ценность - это совокупность духовных идей, отражающих исторические особенности этнической общности. Они подчеркивают, что наша реальная ценность - это, прежде всего, наш язык, культура, язык, история и религия. И самое главное, если у нас нет родного языка, нет нации. Язык - это гарантия сохранения как нации. Наш казахский язык - глубокий и богатый язык. Мы отмечаем шесть направлений духовного возрождения: конкурентоспособность, прагматизм, сохранение национальной идентичности, празднование образования, прозрачность сознания, нерволюционное развитие страны и прозрачность сознания. Н. М. Мухаметанулы определяет общественное сознание общности с наибольшим сознанием своих учеников. Надо воздерживаться от первого самосознания. Мы должны ответить на вопрос, кто мы есть. Кроме того, роль женщины занимает особое место в семье. Причина в том, что воспитание первого ребенка - это воспитание матери. Уважение к пожилым в нашем национальном видео, нам нужно проявить уважение к младшим. В нашей национальной идентичности и видео столько людей. У нас есть более слабый религиозный закон, который будет пересмотрен и предотвращен.

#### Abstract

National value is a set of spiritual ideas that reflect the historical characteristics of an ethnic community. They emphasize that our real value is, first of all, our language, culture, language, history and religion. And most importantly, if we do not have a native language, there is no nation. Language is a guarantee of preservation as a nation. Our Kazakh language is a deep and rich language. We note six areas of spiritual revival: competitiveness, pragmatism, the preservation of national identity, the celebration of education, transparency of consciousness, non-revolutionary development of the country and transparency of consciousness. N. M. Mukhametanuly defines the public consciousness of the public with the greatest

consciousness of his students. One must refrain from the first self-awareness. We must answer the question of who we are. In addition, the role of women occupies a special place in the family. The reason is that raising the first child is raising the mother. Respect for the elderly in our national video, we need to show respect for the younger. There are so many people in our national identity and video. We have a weaker religious law that will be revised and prevented.

ӘОЖ 37.013.28

**Г.Ж. Лекерова, Г.С. Раимбекова, Қ. Ауелова**

п.ғ.д., профессор, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан  
аға оқытушы, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан  
аға оқытушы, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

## **«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА: КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

### **Түйін**

Рухани жаңғыру тек бүгін басталатын жұмыс емес. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодынды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы опонай. Бірақ, ұлттық кодымды сақтаймын деп бойындағы жақсы мен жаманның бәрін, яғни болашаққа сенімді нығайтып, алға бастайтын қасиеттерді де, кежегесі кері тартып тұратын, аяқтан шалатын әдеттерді де ұлттық сананың аясында сүрлеп қоюға болмайтыны айдан анық. Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен қатар көптілді білім берудің маңызды алғышарты тілді ұлт мәдениетінің айырылмас бөлігі ретінде түсіну. Мәдениет – қоғамдық фактор, оның мәдени тұғырға көтерілуіне әлеуметтік фактордың ықпалы зор. В.Гумбольдтың пайымдауынша, тілде белгілі бір мәдени одаққа(тілдік ұжым) тән әлемдік көрініс сақталып, бейнеленеді.

**Кілттік сөздер:** Жаңа тұрпатты жаңғыру, білім беруді жаңарту, ұлттық сана, көпмәдениетті, тіл мәдениеті, «Цифрлы Қазақстан».

### **Кіріспе**

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Қайта түлеудің айрықша маңызды екі процесі – саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қолға алдық. Біздің мақсатымыз айқын, бағытымыз белгілі, ол – әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу. Аталған екі жаңғыру процесінің де нақты мақсат-міндеттері, басымдықтары мен оған жеткізетін жолдары бар. Мен көздеген жұмыстарымыздың бәрі дер уақытында және барынша тиімді жүзеге асарына сенімдімін. Бірақ, ойлағанымыз орындалу үшін мұның өзі жеткіліксіз. Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс. Бұл саяси және экономикалық жаңғыруларды толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналады[1].

Білім беруді жаңарту оқушылардың білімін ғана емес, оларды қолдану дағдыларын, атап айтқанда, функционалдық сауаттылығын немесе құзыреттілігін қалыптастырады. Сондықтан Елбасының тапсырмасы бойынша оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың ұлттық жоспары әзірленіп, бекітілді. Қазіргі заман талабы - көптілді оқыту және көптілді меңгерген маман дайындау. Бұл бағыт бойынша да жұмыстар басталып, жүргізілуде. Қазақ тілі - ұлтымыздың рухы, рухани байлығы. Тіліміздің дамуы, қоғамдағы орнын нығайту және қалпына келтіру жолында білім саласының жауапкершілігі ерекше [2].

### **Теориялық талдау**

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» атты ұзақмерзімді стратегиясында да білім беру мәселесіне қатысты біраз пікірлер айтылды. Жолдауда еліміздің ұзақ мерзімді

дамуындағы негізгі басымдықтарды бірі ретінде білім беру саласы қарастырылған екен. Бұл маңызды құжатта ұсыныс ретінде 2050 жылға дейін әлемдегі дамыған 30 мемлекеттің қатарына енуі үшін жеке және мемлекеттік білім беру мекемелері ұсынатын оқыту қызметтерінің арасындағы алшақтыққа жол беруге болмауы қажеттігі, білім беру жүйесі жалпы ұлттық күйінде қалуға тиіс екені ерекше аталған. Еліміздегі білім жүйесін дамыту - дәуір талабы екенін «Қазақстан-2050» Стратегиясы да айқындап берді [1].

Сол себепті Қазақстанның білім беру жүйесі санға ғана емес, сапаға негізделуі - ол бүгінгі күн талабы. Педагог кадрларының біліктілігін көтеру жұмыстарын жандандыру және білім сапасын тексеруде тәуелсіз сарапшылар рөлін күшейту жұмыстары жүргізілуде. Бір сөзбен айтқанда, еліміздің болашағының бүгінгіден де нұрлырақ болуына ықпал етіп, алға апаратын күші білімге байланыстылығы айқын көрінуде. Білім мен ғылымның дамуы - адамзат өркениетінің өлшемі. Білім саласы үнемі жетіліп, жаңарып отыруды қажет етеді. Біз өмір сүріп отырған қазіргі кезең - бұл жаңа дәуір, жаңа көзқарасты, жаңашылдықты талап ететін кезең. Соның ішінде, білім саласында болып жатқан жаңа өзгерістердің мәні мен маңызы зор. Сондықтан бүгінгі таңда педагогтардың алдында білім беруде түйінді құзыреттілікті меңгеру қажеттілігі туындап отыр. Екінші жағынан, еліміздің халықаралық экономикалық қауымдастыққа енуі білім беру саласындағы өзгерістерге байланысты жаңа жағдайда жұмыс істеуге қабілетті педагог қызметкерлердің кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған.

“Үш тұғырлы тіл” идеясының қазақстандықтар үшін ең негізгі компоненті-ағылшын тілін үйрену. Себебі, қазақ тілін былай қоя тұрғанда, біздің қоғамда көп жағдайда орыс тілін білмеу ұят саналады. Аталған екі тілді тек қатарласа алып жүріп дамыту көзделсе, ал үшінші тілге келер болсақ, бүгінгі таңда ағылшын тілін меңгеру – ғаламдық ақпараттар мен инновациялардың ағынынан қалыс қалмау деген мағынаны білдіреді. Көптілділікті оқыту мәселесіне шетелдік ғалымдармен қоса отандық ғалымдар да қызығушылық туғызып отыр. Шетелдік зерттеулерде көптілділік мәселесі түпкілікті қарастырылған, ал отандық зерттеулерде көптілділікті оқыту мәселесі жөнінде жеткілікті ғылыми-зерттеулер жүргізілмеген, бірақ осы бағыттағы жұмыстар өз бастамасын тапқан. Көптілді білім берудің проблемасы туралы зерттеу барысында отандық және шетелдік әдебиеттер мен мәліметтерге сүйенсек, әр мемлекет көптілді білім беру жүйесінде өзіне тән ерекшелігі бар екені байқалады. Бірақ барлық жағдайларда ең маңыздысы – адам факторы, яғни көптілді білім беру барысында жеке адамның ұлтына, мәдениетіне, діліне, т.б. құндылықтарына мән берілуде. Мысалға, Орта Азия елдеріндегі көптілді білім беру мәселесімен айналысатын CIMERA халықаралық ұйымының зерттеулері бойынша бұл өңірлерде, әсіресе, екітілділік басым, яғни кезінде Кеңес Үкіметі орныққан бұл елдерде орыс тілінің ықпалы басым, тіпті кейбір жағдайларда аталған елдерде орыс тілінің үстемдігін байқап тұрамыз . [3]

Сонымен қатар бірінші кезекте, білім беру сапасы, сапалы дайындалған педагогтармен анықталады. Білім беру ұйымдарындағы педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету және олардың ішіндегі біліктілікті арттыру бағдарламаларын жаңарту, бірқатар міндеттерді шешудегі берілген ресурсты дамытуды қамтамасыз етуді көздейді, білім алуға оның қажеттіліктерін қанағаттандыру, тез өзгермелі әлемдегі табысты қамтамасыз ету, мемлекеттің экономикалық дамуы үшін адамдық капиталдың бәсекеге қабілетті дамуы Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудағы зияткерлі жан дүниесі дамыған Қазақстан Республикасының азаматын жалпыға білім беретін мектептерде қалыптастыру болып табылады.

Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын күдіретімен маңызды. Бұл – тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашақтың көкжиектерін үйлесімді сабақтастыратын ұлт жадының тұғырнамасы. Мен халқымның тағылымы мол тарихы мен ықылым заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діні ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын. Бұл ретте, тұтас қоғамның және әрбір

қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бірнеше бағытын атап өтер едім. Іші бағыты: Бәсекелік қабілет. Қазіргі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алады. Бәсекелік қабілет дегеніміз – ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы, я болмаса сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсына алуы. Бұл материалдық өнім ғана емес, сонымен бірге, білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін.

Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында. Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар – ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды ХХІ ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы», - дегендей, ары қарай үш тілде білім беру туралы ой қозғасам.

Білім берудің аясы әлемнің жан-жақтылығы мен мәдениеттің әр түрлі үлгілерімен таныстыра алуы керек, кем дегенде олармен таныстыруға мүмкіндік жасау керек. Жеке тұлғаның білім, құндылықтар мен қағидаттарының және т.б. сәйкес жиынтықтардың қалыптасуы және ұйымдастырылуы білім жүйесіне байланысты. Бастапқы кезеңнен бастап, ақпараттың әртүрлілігін таңдауын, олардың мөлшері мен көлемін, сол ақпараттың кезеңі мен меңгеру әдістерін алдын ала жоспарлайды. Сол арқылы, педагогикалық ұйымдастыру үдерісіндегі тілді меңгерудің негізі болып табылады. Көптілді білім беру үдерісінің отандық білім беру жүйесінде іске асырылуы үшін негізгі нақты түсініктердің айқындалуын талап етеді. «Көптілді білім беру» терминіне анықтама бермес бұрын, осы терминмен байланысты «көпмәдениеттілік», «тіл» және «білім» түйіндеме ұғымдарын және олардың өзара байланыстарын қарастыруымыз қажет. Мәдениет (латын тілінен cultura – өңдеу, тәрбиелеу, білім, даму) жеке адамның өмір сүру мақсаты мен құндылық жүйесі, адамның өмір сүрген ортамен қарым-қатынасы. Ол – өзара қарым-қатынас нәтижесінде қалыптасатын ерекше құбылыс. Адамдар өздерін қоршаған ортаға, оның әлеуметтік және мәдени қатынасына әсер етеді, өзгертеді. Олар оны өз мақсатына пайдаланады. Болашақ қоғамға, ұрпаққа мұра етіп қалдырады, ал ол мұра белгілі жағдайда үнемі дамуда болады.

Тәрбие және білім теорияларымен жұмыс жасап жүрген өзіндік орны бар беделді ғалым – Карл Гранттың гипотезасы бойынша, «білім, көпмәдениетті болып табылатын болса», онда ол білім «melting pot» теориясына (балқытылған қазан, бұнда барлық ұлттар жоғалып кетеді) тиімді түрде қарсы тұра алатын тәрбие мен білім түрін көрсете алады [3]. Бұл жағдайда егер тәрбие барлық мәдениеттердің жан-жақтылығы мен әр түрлігін қолдайтын болса, оқушылардың жеке бас ерекшеліктерін ескерсе, ол тұлғаны шектемейді, қайта оған оқу-тәрбие жоспарын толыққанды жасауға мүмкіндік береді. Осының көрсеткіші ретінде, бұрындары көптеген американдық зиялылар АҚШ-ты «балқытылған қазан» деп айтса, қазіргі уақытта өз мемлекеттерін «салат ыдысымен» салыстырғанды жөн көріп отыр, себебі, онда барлық ұлттар араласқанымен, олардың әр-қайсысы өз ерекшелігі мен даралығын сақтайды.

Осылайша көпмәдениетті білім беру – қоғамдағы әр түрлі мәдениет құндылықтары мен олардың қағидаларына, әрекет формалары мен үлгілерін сақтауға және олардың дамуына бағытталған білім беру [4]. Бұл құбылысты Джеймс және Джозеф Бойерлар тарихи және ұлттық мұраға бірдей дәрежеде көңіл бөлінетін бағдарлама ретінде бейнелейді. Халықаралық білімге арналған конференцияның 43-сессиясы барысында (Женева, 1992) білім берудің қолайлы концепциясында айтылғандай, ұлттардың жеке дара қасиеттері ерекшелендіріліп «жайқалған баққа» теңелген және ұлттарды сондағы гүлдер ретінде қарастырған. Бұл метафора жалпы білім беруде «таңдау» ұстанымын және бірдей мүмкіндіктердің мағынасын аша түсті. Көпмәдениетті білім беру жүйесінің негізгі идеясы сұхбат қағидаты мен әр түрлі мәдениеттердің байланыстары. Демек, мәдениет толық түрде тек өзара мәдениетаралық сұхбатпен әрекеттескенде ғана түсінікті әрі айқын бола алады.



Көпмәдениетті білім берудің мақсаты – әртүрлі мәдениет орталарында бейімделуге көмектесетін мәдениетаралық іскерліктерді дамыту. Білім беру жүйесіндегі көпмәдениетті білім беру концепциясы біріншіден, мәдениеттің әр түрлілігін, ұлттық және адамгершілік құндылықтарының диалогтік ара қатынасын ескереді. Екіншіден, білім жүйесі өзінің тұтастығымен қоғамнан жекеленбей, қайта өз тәжірбиесін ұсынады және оны таратады. Көптеген мәдениеттердің екі-үш тілдерді қосуына байланысты, білім жүйесі өзінің мазмұны мен ұйымдастырылуында екі тілділік ұстанымын қарастырмауы мүмкін емес. Себебі, тіл – мәдениеттің қайнар көзі. Өйткені, ол мәдениеттің құрастырушы бір бөлігі, сонымен қатар, тіл мәдениетін танытудағы негізгі құрал, себебі біз ол арқылы мәдениетті меңгереміз.

Тіл мәдениетінің жалпы сипатын танытады, негізгі ақпаратты сақтайды, жинақтайды, таратады. Осыған байланысты тіл әрбір этникалық қоғамдастықта этностың мәдени ерекшелігін танытатын фактор ретінде, мәдениеттің тіл арқылы ұрпақтан ұрпаққа жетуін қамтамасыз етеді. Осылайша, ұлтты бір тұтастырып, бүтіндігін сақтайды [5]. Тіл мен мәдениет екі түрлі семиотикалық жүйеде танылғанымен, бір-бірін толықтыратын, өзара тығыз байланысты тұтас жүйе. Көптілді білім беру көптілді тұлғаны үш не одан да көп тілді меңгеруі арқылы қалыптастыруға бағытталған үдеріс.

Сонымен қатар көптілді білім берудің маңызды алғышарты тілді ұлт мәдениетінің айырылмас бөлігі ретінде түсіну. Мәдениет – қоғамдық фактор, оның мәдени тұғырға көтерілуіне әлеуметтік фактордың ықпалы зор. В.Гумбольдтың пайымдауынша, тілде белгілі бір мәдени одаққа (тілдік ұжым) тән әлемдік көрініс сақталып, бейнеленеді. Бұл дегеніміз басқа елдің тілін меңгере отырып, біз оның ұлттық мәдени ерекшеліктерін түсіне отырып, сезінетіміз даусыз. Д.С. Лихачев: «Тіл – дәстүрлі ұлттық мәдениеттің дәнекері», - деп есептеуінің басты себебі, тіл ең алдымен, адамның мәдени тұрмысында қоғамның әл-ауқаты мен рухани мәдениеті туралы хабар беру үшін қолданылатын құралы болып есептеледі. Ғалымдардың ойынша, егер тіл заттық немесе вербалдық тұлғада сомдалған мағыналардың жиынтығы болса, ұлттық сана тіл арқылы вербалды түрде сомдалып, ғаламның бейнесін суреттейді. В.Фон Гумбольдт еңбектерінде тіл мен мәдениеттің қарым-қатынасы келесі тұжырымдар арқылы көрсетілген: 1) материалдық және рухани әдебиет тілде көрінеді; 2) кез келген мәдениет ұлттық сипатқа ие және оның ұлттық сипаты тілде көрінеді; 3) ұлттық рухты жалғастырушы [6].

В.Фон Гумбольдттың осындай тұжырымдамасы шет елдердің және қазақстандық тіл білімінде жалғасын тапқан (Ш.Балли, Ә. Қайдар, Е.Жанпейсов, Р.Сыздық, Қ. Хұсайын, А. Ислам, Ж.А. Манкеева, т.б.). Ж.А. Манкеева тіл мен мәдениеттің байланысы туралы ойын былайша білдіреді: «Тіл – мәдениет дерегі, өйткені мәдениеттің құрастырушы бөлігі және тіл мәдениетті танудағы негізгі құрал, себебі ол арқылы біз мәдениетті меңгереміз.

Тіл мәдениеттің жалпы сипатын танытады, негізгі ақпаратты жинайды, сақтайды және жеткізеді. Осыған сай тіл әрбір этникалық қоғамдастықта бір жағынан этностың мәдени ерекшелігінің факторы ретінде, екінші жағынан тіл шеңберінде мәдениеттің ұрпаққа жалғасуын қамтамасыз етеді. Осылайша қазіргі келер ұрпақты бір тұтастырып, бүтіндікке байланыстырады. Демек, тіл мәдениетте өсіп-өнеді, дамиды және соны бейнелейді» [7]. Біз көптілді білім беру жүйесіне көшу үшін ең алдымен, мемлекеттік тіл – қазақ тілін меңгеру маңыздылығын ұмытпауымыз керек. Бірақ ХХ ғасырдың 50 жылдарынан бастап бұл жағдай елеулі өзгерді, білім беру жүйесінде қос тілділік пайда болды. Бұл өзгерістердің бір себебі дүние 186 жүзі мемлекеттерінің халықаралық байланыстары шетел тілдерін меңгеруді талап ететіндігімен байланысты. Ағылшын тілі қазіргі таңда халықаралық қатынас құралына айналып отыр және жаһандық сипатқа ие.

#### **Нәтижелер мен талқылау**

Тілдерді меңгеру тілдер мәдениетіне әуестік тартады, сондықтан да ЮНЕСКО оқушыларды, ең алдымен, ұлттық таныс орта мәдениетімен таныстырып, одан әрі қарай бұдан кеңірек, яғни көпұлтты мемлекеттен құралған үлкен ұлттың мәдениетіне өту керектігін айтады. Дәстүрлі түрде екінші тілді меңгерудің қажеттілігі кәсіби өсумен

байланысты. Қазіргі уақытта екінші тілді білу әлемнің беделді университеттерінде білім алуға үлкен мүмкіндік ашады. Ал, бұл әлемдік стандартқа сай диплом алу, кепілдендірілген жоғарғы көлімде төлінетін еңбекақы және абыройлы жұмыс. Қазіргі кезде біздің мемлекетіміздің әлемдік аренаға интеграциялану барысында бірнеше тілдерді меңгеру заман талабы. Оған қоса, тұлғаның өзінің ішкі қажеттілігіне сол сияқты өзін-өзі тәрбиелеу мен өзін жаңаша деңгейде ашуға мүмкіндік береді. Әлемдік толеранттылықты қалыптастыруда көптілді білім беру әлем тарихын, әдебиетін және әлемдегі әр түрлі халықтардың мәдени құндылықтарымен таныстыруды қамтамасыз ететін көпмәдени біліммен тығыз байланыста екені сөзсіз. Бұл мақалада «көпмәдениетті білім беру» терминін қарастырдық, бұндағы мақсат – «көптілді білім беру» ұғымының мәнін ашу. Қорыта келгенде, жаһандану заманында көпмәдениетті тілдік білім беру – өз мәдени құндылықтары мен қатар өзге ұлт өкілдерінің құндылықтары мен салт-дәстүрін құрметтейтін, оларға толерантты қарайтын білімді әрі көпмәдениетті жан-жақты тұлғаның қалыптасуына үлесін тигізетіні сөзсіз.

### **Қорытынды**

Қорыта келе, қазіргі талаптың басты міндеті - педагог мамандардың кәсіби құзырлығын қалыптастыру мен біліктілігін үздіксіз арттыруды, ғылыми- әдістемелік қызметтің жаңашылдығын, түрлері мен әдістерін іздестіруді қамтамасыз ету, оны үйлестіре білу болып отыр. Сондықтан қазіргі заманауи білім беруде әр оқушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуда. Өйткені, мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді. Адамның жақсы білім алуын, табысты оқуын, ақыл-ойының дамуын жоғары дәрежеде ұйымдастыру егеменді елімізді одан әрі дамытатын азаматтарды тәрбиелеуде маңызды қадам болып табылады. Терең білім - тәуелсіздігіміздің тірегі, ақыл-ой - азаттығымыздың алдаспаны.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Мәңгілік Ел: – Оқулық / М.Б. Касымбеков, С.Ж. Пралиев, К.К. Жампеисова және т.б. Абай атындағы ҚазҰПУ. Алматы: «Ұлағат» баспасы, 2015, 336 б.
2. Таубаева Ш.Т. Педагогика: учеб. / Ш.Т. Таубаева, С.Т. Иманбаева, А.Е. Берикханова. — Алматы: ОНОН, 2017. — 340 с.
3. «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016–2019 жылдарға» арналған Мемлекеттік бағдарламасы. Мына сілтемеде: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/U1600000205> (11.05.2021 ж.).
4. Wurm Stephan A. Atlas of the World's Languages in Danger of Disappearing. Paris: UNESCO Publishing, 2001. 90 p.
5. Wurm S.A. Northern minority languages // Problems of survival series ethnological studies, 1997, No. 44, P. 35–53.
6. Азимов Г. Новый словарь методических терминов и понятий: теория и практика обучения языкам / Г. Азимов, А.Н. Щукин. М.: Изд-во «ИКАР», 2009. 448 с.
7. Алметов Н.Ш., Касенова Р.К. Многоязычное обучение в школах Казахстана: опыт, проблемы и решения // Педагогика, 2011, №5, С.117-122.

### **Аннотация**

«Рухани жанғыру» - это не просто работа, которую нужно начинать сегодня. Наиболее важным условием для нового типа обновления является сохранение этого национального кодекса. Без этого пробуждению легко стать эхом. Но ясно, что для сохранения национального кодекса невозможно вселить в вас все хорошее и плохое, уверенность, которая будет опираться на будущее, качества, которые будут двигаться вперед, прыгуны от бедра, привычки от бедра не будут подорваны в национальном сознании. Суть возрождения заключается в том, что оно до сих пор не должно придерживаться исторических традиций и национальных традиций. Наоборот, необходимо уметь превращать древние традиции в важнейшие предпосылки успешной модернизации. Если страна не

сможет получить питание из национально-духовных корней, она начнет теряться. В то же время понимание важнейшей части многоязычного образования как неотъемлемой части языковой культуры. Культура является социальным фактором, и на ее влияние на культурный фон влияет социальный фактор. В. Гумбольд считает, что язык характеризуется всемирным представлением определенного культурного союза.

### **Abstract**

Spiritual renewal is not just work that needs to be started today. The most important condition for a new type of update is to maintain this national code. Without this awakening, it is easy to echo. But it is clear that to preserve the national code, it is impossible to instill in you all the good and bad, confidence that will be based on the future, qualities that will move forward, jumpers from the hip, habits from the hip will not be undermined in the national consciousness. The essence of the revival is that it still does not have to adhere to historical traditions and national traditions. On the contrary, it is necessary to be able to turn ancient traditions into the most important prerequisites for successful modernization. If a country cannot get food from national-spiritual roots, it will begin to get lost. At the same time, understanding the most important part of multilingual education as an integral part of linguistic culture. Culture is a social factor, and its influence on the cultural background is influenced by the social factor. V. Humboldt believes that language is characterized by a worldwide representation of a certain cultural union .

ӘОЖ 811.851

### **Г. Махмұт**

магистр, оқытушы, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент қ.

### **«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТІЛДІҢ ҚОЛДАНЫС АЯСЫ**

#### **Түйін**

Мақалада рухани жаңғырудың тілдік мәселелері туралы баяндалған. Тіл бар жерде – ұлт бар, демек осы құндылықты сақтап, үздіксіз жетілдіріп отыру алдымызда тұрған ұлы міндет. Тілді сақтау мен дамытудың көптеген жолдары бар, себебі өмірдің қай саласын алсақ та, тілдік қатынас жасалмайтын жер болмайды. Ұлттық тіл мен ұлттық рух өзара тығыз байланысты құбылыстар, сондықтан оларды өзара сабақтастықта дамыту аса маңызды. Екі мәселеге арнайы назар аударылады: біріншіден, ұлттық тіл мен ұлт өкілдерінің арасындағы байланыс. Қазіргі кезде ұлты қазақ болғанмен, басқа тілде сөйлейтін жастардың болуы, туындап келе жатқан жаңа бір мәселе ретінде қарастырылады; екіншіден, тілді оқыту тәжірибелері – бүгінге дейін тілді дамытуға кеткен уақыт пен қаражаттың нәтижесі жөнінде. Қорыта келгенде тіл мен рухтың бірлігі және олардың алдағы даму шарттары құқықтық тұрғыдан реттелуі тиіс деген қорытынды жасалады.

**Кілттік сөздер:** тіл, рух, ұлттық тіл, тіл – құрал, Конституция, «Рухани жаңғыру», ауыз-екі тіл, әдеби тіл, әдістеме, жаһандану т.б.

«Тіл – адам қатынасының аса маңызды құралы», - деген анықтаманың тіл білімінде айтылып келе жатқанына біршама уақытты жүзі. Қатынас құралы екені белгілі, алайда тек қана қатынас құралы болса, құралды өзгертіп, қолайлысына ауыстыруға болар еді. Адам баласы, саналы өмірге қадам басқалы көптеген құралдарды пайдаланды, алайда олар үнемі дамып жетілумен келеді. Бір ғана мемлекеттің немесе ұлттар мен ұлыстардың аумағымен шектелмей, өзі қатынас жасаған елдердің барлығынан жетілген құрал түрін қабылдап, сырларын үйреніп, өркениетке өзінше үлес қосып келеді. Тіпті киіп жүрген киіміміздің өзі түрлі өзгерістерге түсіп, қазіргі кезде ұлттық белгілерге мүлде сәйкес келмейтін жаңа түрлерін тұтынып отырмыз. Бұл әрі жат, әрі жаңа тұтыныс. Уақыт өткен сайын өркениеттің жаңа шақырулары мен сұраныстары, ұлттық үлгілер мен бояуды солғындатып, жаңа бір құндылықтар аясында өмір сүруге бастап бара жатқандай. Есесіне ғасырлар бойы қалаптасып, тұрмысымыз, ұлттық руханиятымыз, адами болмысымыз т.б. секілді ұлттық

құндылықтарымызды тоғыстырып, өзіндік бейнемізді айқындап отырған белгілеріміз солғындап бара жатқаны байқалады. Осы өзгерістердің барлығына қарамай, әуелгі бейнеміз бен болмысымызды сақтап, өткеніміз бен бүгінімізді жалғастырып отырған негізгі құндылық – бұл ұлттық тіліміз. Осы ерекшелігіне байланысты қазіргі кезде «тіл – адам қатынасының маңызды құралы» болумен қатар, «тіл – ұлттың жаны» деген де анықтама беріліп жүр. Оның мағынасына әр қырынан бойлауға болады. Мақала көлемінде «Рухани жаңғыру» идеясының аясында қолға алынып жатқан іс-шаралар мен көтеріліп жатқан мәселелерге тіл мен рухтың сабақтастығы тұрғысынан ғылыми-танымдық ой-тұжырымдарымызды ұсынбақпыз.

Тіл бар жерде – ұлт бар, демек осы құндылықты сақтап, үздіксіз жетілдіріп отыру алдымызда тұрған ұлы міндет. Тілді сақтау мен дамытудың көптеген жолдары бар, себебі өмірдің қай саласын алсақ та, тілдік қатынас жасалмайтын жер болмайды. Тілді дамытудың қазіргі ғылымда теориялық және қолдабалық негіздері туралы мәселелер туралы көп айтылады, соның ішінде бұл екеуінің өзара ерекшелігі мен сабақтастығы да аса маңызды мәселе ретінде қарастырылып жүр. Олардың барлығын мақала көлемінде қамту мүмкін емес, дегенмен тіл саласының жалпы баршаға ортақ бір-екі мәселелері «Рухани жаңғыру» идеясының қазіргі талаптары үшін аса маңызды.

**Біріншіден**, тіл табиғатының өзіндік ерекшеліктері және ұлт болмысымен сабақтастығы туралы. Тәуелсіздік алаған жылдар ішіндегі тілді зерттеу бағыттарында бұл мәселе жан-жақты қаралған болатын. Мысалы, Ә.Қайдар еңбегінде «Этнос» – ғылым жүзінде: «өткен бір дәуірде дүниеге келіп, белгілі бір географиялық ортада қалыптасқан, шұғылданған тіршілік-тірлігі бірыңғай, мінез-құлқы ұқсас, діні де, тілі де бір, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы ортақ, өзінің ортақ тегін, туыстығын, тұтастығын сезіне білетін, сатылап даму барысында аналық, аталық, рулық, тайпалық, ұлыстық және халықтық дәуірлерді басынан кешіріп, бүгінде дербес ел болып отырған адамдар қауымы» болып танылады», - деген сипаттама беріледі [1]. Ғалымның осы еңбегіндегі сөз тіркестерінің әрқайсысы өзіндік мәнге ие екені рас. «Рухани жаңғыру» идеясы қалай дамиды, оның негізгі тұғырлары қандай деген сұрақтардың жауабын тілдік тұрғыдан іздегенде осындай ғылыми тұжырымдарға сүйенетініміз рас. Бұл орайда «өткен бір дәуірде дүниеге келгеніміз, белгілі бір географиялық ортада қалыптасқанымыз, шұғылданған тіршілік-тірлігіміз бірыңғай болғаны, сатылап даму барысында аналық, аталық, рулық, тайпалық, ұлыстық және халықтық дәуірлерді басымыздан кешіргеніміз, бүгінде дербес ел болып отырғанымыз» да рас. Бұл тарихи жағдайлар, алайда қазіргі кезде соны қаншалықты сақтай алып отырмыз? «Мінез-құлқымыз ұқсас, дініміз бен тіліміз бір, салт-дәстүр мен әдет-ғұрпымыз ортақ екенін, өзіміздің ортақ тегімізді, туыстығымызды, тұтастығымыз қаншалықты сезіне алып жүрміз? Рухани жаңғырудың негізгі талаптары осы мәселелердің шынайы болмысын айқындай отырып, нақты жауабын іздеу. Тарихтың талай талқысына түссек те, ұлттық болмысымызды сақтап бүгінгі күнге жеткенмен, басымыздан кешкен қиындықтар ұлттық психологиямыз бен көзқарастырамызға өз ізін қалдармай қоймады, нәтижесінде соның зардаптары қазіргі кезде әр тұстан менмұндалап көрініс беріп отырғаны да жасырын емес. Оның үстіне әлем елдері бет бұрып отырған нарықтық-экономикалық қатынастар жүйесі мен жаһандандудың өзіндік ықпалы да жеңіл салмақ болып отырған жоқ. Осындай жағдайды тереңнен қарастырып, тығырықтан шығудың жолдарын айқындап, өткенімізді болашағымызбен жалғастырудың тетігі ретінде ұсынылып отырған осы идея Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың шын мәніндегі саясаткерлік келбетін айқындай түседі.

Қарапайым түсінікке лайықтап айтар болсақ, тіліміздегі «тіл табысу», «тілін табу», «тілі бір», «тілі тәтті» секілді тұрақты тіркестерде екі адамның арасындағы қатынастан бастап, бүкіл ұлт өкілдерін ортақ ымыраға келтіретін ұлы күштің тұрғаны анық. Тұрақты тіркестер – ғасырлар бойы ұлттың тұрақталған ой-тұжырымының тілде бейнеленген формасы. Халық өзінің өмір тәжірибесінің негізінде қалыптасқан танымдық әлемін тілінде түрлі тілдік таңбалар арқылы бейнелейді. Ол жеке сөздермен ғана емес, қанатты сөз, мақал-мәтел, шешендік өнер, даналық толғамдар арқылы көрініс береді, сондықтан тілді халықтың

рухани қазынасының қоймасы ретінде бағалаған дұрыс. Қазіргі тілдік зерттеулерде бұл мәселе әр қырынан қарастырылып жүр. Академик Ә.Қайдардың еңбегіне тағы бір тоқтала кетсек, мынандай тұжырымдарға тап боламыз: «Этнос туралы осыншама мол деректер мен мағлұматтарды тек тіл ғана өз бойына сыйғызып, сары майдай сақтап, шашпай-төкпей ұрпағына жалғастыра алады. Осы қасиетіне байланысты тіл феноменін – «тіл әлемін» этностың өзін танып-білудің қайнар көзі, біліктіліктің кәусар бұлағы десек, артық айтқандық емес. Бұл ұғымның ауқымына тілдің барлық қасиеті түгел сыйып тұрғандай: этностың дүниеге келуіне ұйытқы болған да – тіл, рухани-мәдени өмірінің өзегі де, өзін-өзі танып-білудің өлшемі де – сол тіл т.т. Осының бәрі «тіл әлемінен» табылады. «Адамтану», «Қоғамтану», «Табиғаттану» деп аталатын ғылым салаларының қалыптасуына негіз болатын біле білсек, осы «тіл әлемі» [1]. Қазіргі тіл ғылымының жеткен жетістіктерінің маңызды биіктерінің бірі – структуралық бағытқа қоса, танымдық кеңістіктің есігін ашуы екенін мойындауға тиіспіз.

Ұлттық болмыстың ауыр жүгін арқалаған тілдің еркеше қасиеті жүк артқан сайын тыңаяды, қолданысқа түскен сайын жасарады, жаңғырады. Оны асыл түйген түйіншекттей сақтап, сандыққа салып қоюға болмайды. Тіл халықпен бірге жасайды, оның өмірі мен тұрмысында кездесетін әрбір затты атап білдіріп, жүрегіне сезім болып құйылып, алуан түрлі көңіл-күйге бөлейді. Сондықтан, «Рухани жаңғырудың» негізгі талаптарының бірі – тіл қолданысына барынша жан бітіру болуы тиіс. Дамыған тілдердің бай болу себебі де ол тілде сөйлейтін халықтар санының көптігінен. Мысалы, «ethnologue» сайтының 2019 жылы 20 ақпандағы мәліметі бойынша, қытай тілінде 1 296 461 000 — 1 311 000 000 аралығында, 39 елде; Испан тілінде 460 000 000 адам, 31 елде; ағылшын тілінде - 379 000 000 адам, 137 елде; Хинди тілінде 341 000 000 адам, 4 елде; араб тілінде - 313 177 600 — 319 000 000 адам, 59 елде сөйлейді екен [2]. Әлемнің дамыған алдыңғы қатардағы бес тілінде сөйлейтін халықтың саны мен ол тілдердің әлемге таралу көрсеткіштері көп нәрседен хабар берсе керек. Сөйлейтін халықтың санымен бірге, таралу аймағының кеңдігі де аса маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Қазіргі кезде осы жағдайды ескеріп, әлемнің дамыған елдері ұлттық тілін барынша таратуға күш салып отырғаны белгілі. Экономикалық жақтан жоғары жетістіктерге жетіп отырған қытай тілі айналасындағы елдермен қатар, алыс шетелдерге де қанатын жайып келеді. Сол секілді басқа елдерде өз мүмкіндігінің шеңберінде осы үлгіні жалғастыруда. Тіл арқылы мәдениетін жайып, ұлттық дәстүрлерін өзге елдерге сіңіру, сол елдің халықаралық қауымдастықтағы беделін де айқындайды. Сондықтан «Рухани жаңғыру» идеясы ел ішімен ғана шектелмей, халықаралық кеңістіктегі қазақ халқының орнын да айқындаудың бір жолы екенін үнемі назарда ұстауымыз керек.

Бұл орайда, тағдырдың тауқыметімен әлем елдеріне тарыдай шашылып кеткен қазақ баласының артында туған елі мен жері бар екенін ескертіп, жоқшысы болудың өзіндік маңызы бар. Тіл үйретуге арналған түрлі әдістемелік құралдар мен Қазақстан туралы кітаптар ұсынып, тиімді жұмыстар жүргізетін болсақ, олардың қазақ тілінде сөйлеуіне ықпал ете отырып, шет елдерде тұрып жатқан бауырларымызды ұлт ретінде жойылып кетуден сақтаймыз және тіліміздің алыс елдерде бүр жаруына ықпал етеміз. Әлем елдері арасындағы қатынастар жаңа бір сапаға көтерілген уақытты өмір сүріп жатырмыз. Азаматтардың қай елде тұрып жатқаны маңызды емес, қай ұлттың өкілі болып өмір сүруі маңызды. Тіл мен ділдің тұтастығы, ұлттық дәстүрдің аясындағы ойлау кеңістігі – бабалардан жеткен ұлы мұра мен аманаттың жоқшысы болып қала бермек. Егер ұлттық тіл мен дәстүрден ажырасақ, ұлттық тұтастық та болмайды, ондай жағдайда қорғайтын да ештеңе қалмауы мүмкін. Мемлекет ретінде өмір сүріп отырған елдердің қазіргі ұстанып отырған қағидалары осыған меңзейді.

Ілгеріде айтылғандарды қорытындылай келгенде тіл мен ұлттың бірлігі аса маңызды мәселе екенін байқаймыз. Қазіргі Қазақстан жағдайында біз осы бірліктің қаншалықты құнды екенін айқын сезініп отырмыз. Өйткені ұлты қазақ болғанмен, тілі басқаша шығып жатқан бүлдіршіндеріміз қаншама. Ұлты қазақ болғанмен, жат мәдениет пен діннің

жетегінде кетіп жатқан жастарымыз еріксіз ойлануға мәжбүрлейді. Сөзіміздің басында тоқталып кеткеніміздей, бізге «мінез-құлқымыз ұқсас, дініміз бен тіліміз бір, салт-дәстүр мен әдет-ғұрпымыз ортақ екенін, өзіміздің ортақ тегімізді, туыстығымызды, тұтастығымыз сезіне алатын» ұрпақ керек. Сол кезде ғана біз ортақ рухани кеңістік аясына ұйыса алмақпыз.

**Екіншіден**, «Рухани жаңғыру» идеясын жүзеге асырудың тілдік тетіктерінің келесі бірі – оқыту әдістемесі. Әдістемелік бағыттағы ізденістер қазақ тілін оқыту мақсаттарын үш топқа бөліп қарастырады: «**біріншіден**, оқушылардың ауызша, жазбаша тілдерін дамытып, онымен қаруландыру; оқушылардың тіл мәдениетін қалыптастыру; өздігінен сөйлей, жаза білуге жол ашу; **екіншіден**, оқушылардың салт-дәстүр сезімдерін қалыптастыру; **үшіншіден**, тіл фактілеріне, құбылыстарына жан-жақты, жинақты түрде қарау қабілетін, өз бетімен тіл фактілерін талдау іскерлігін қалыптастыру» [3]. Тәуелсіздік алған жылдар ішінде мемлекеттік тілді оқыту қоғамның барлық салаларына енгізілді. Әсіресе мемлекеттік қызмет мекемелерінің барлығына міндеттелді. Алайда, тілдің қоғамдағы қажеттілігімен салыстырғанда, оқыту жұмыстарына басымдық көбірек берілгені белгілі. Арада ширек ғасырдан астам уақыт өткенде, «біз қандай нәтижеге қол жеткіздік?» - дейтін сұрақ қоюымызға тура келді. ҚР Конституциясы мен ҚР «Тіл туралы» Заң талаптары күнделікті өмірде қаншалықты орындалды, тіл саласына бөлінге қаржы болашақтан күткен үмітті қаншалықты ақтады? Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында отыз жыл аса ұзақ уақыт көрінгенмен, көзді ашып-жұмғанша өте шыққаны байқалмай қалды. Сол тұста тілдің қоғамдағы және мемлекеттік қызметтегі қолданысының тым баяулығына қарап, «алдағы жиырма жылда туған тілден толық айырыламыз» деген пессимистік көзқарастар да жоққа шықты, дегенмен үміт пен күдіктің ортасындағы әрі-сәрі күйден әлі де арыла алмай келеміз. Үміттендіретіні – Тәуелсіз елде, зайырлы мемлекетте, мемлекеттік тілі – қазақ тілі болып табылатын Конституцияның қамқорлығында өмір сүріп жатырмыз, күдіктендіретіні – кейінгі толқын, жас буын өкілдерінің көбі сабақта ғана қазақша сөйлеп, шыға бере өзге тілге ауысатыны.

«Қазақ тілін оқыту әдістемесінің методологиялық – теориялық негіздері» бойынша зерттеуде, қазақ тілін оқыту әдістемесі мына мәселелерді зерттейді, деп атап көрсетеді: «1. Мақсаттары (не үшін оқыту керек?); 2. Мазмұны (нені оқыту керек?); 3. Ұйымдастырылуы (қалай оқыту керек?); 4. Құралдары (ненің көмегімен оқыту керек?); 5. Оқыту кезінде оқушылардың білімді меңгеру деңгейі, ақыл-ойының дамуы мен тәрбиеленуі арасындағы ұштастық мәселелері. Бұл проблемаларды шешу мектепте тәрбие мен білім берудің жалпы мақсаттарын белгілейді» [4]. Зерттеушілер бұл орайда үйретушіге қатысты мәселелерге назар аударып отыр, осыған қарама-қарсы жақтығы үйренушінің мүддесі де бұл орайда назарға алыну тиіс. Ол өзіне-өзі «қалай үйренуім керек?» дегеннен бұрын, «не үшін үйренуім керек?» - дейтін сұрақты қоятыны белгілі. Осы орайда қазақ тілінің қоғамдағы орны айқындала түседі.

Тілді оқыту – еліміздегі өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Мүмкін арада отыз жыл өткенде, жүріп келген жолымыздың дұрыс-бұрыстығын саралап, қайта ойланатын кез келген шығар. Мәселе тек әдістемеде тұр ма, мүмкін себебін басқа жақтан іздеу керек шығар. Көп уақыт пен қаржыны шығындап, әлем елдерінің үздік деген тәжірибелерін негізге ала отырып дайындалған еңбектер қолданысқа келгенде өзін-өзі неге ақтай алмады? Қытай тілі мен қазақ тілінің оқыту әдістемелерін салыстырып қарағанда, қазақ тілінікі әлдеқайда қарапайым, ауыз-екі тілден бастап, кәсіби тілге дейінгі деңгейлерде өте тиімді жолдармен берілетініне куә боламыз. Бірақ меңгеру дәрежесіне келгенде, екеуінің арасында айырмашылықтар бары білінеді. Табиғаты мүлде жат, бұрын-соңды таныс еместігіне қарамай, қытай тілін үйренушілер белгілі бір уақыт аралығында қысқаша ойларды айту деңгейіне жете алады. Қытай тілінің дыбыстық реңктерін айта алу, әр сөзді үйренген сайын жаңа йероглифтерді жаттау секілді қиындықтары бар. Соның бәріне қарамай, қазақ тілін үйренумен салыстырғанда нәтиже жоғары екенін еріксіз мойындаймыз. Сондықтан, тіл үйретуде «қажеттілік» дейтін түсінікті оймыздан шығармауымыз керек. Қажеттілік жоқ жерде,

сөйлейтін адам саны аз. Адам саны аз болған сайын, айналадағы көрнекі ақпарат құралдары да, басқа тілде сөйлдей бастайды. Мысалы, үлкен қалалардағы жарнамалардың дені орыс тілінде беріледі де, үйренуші еріксіз сол тілге қарай назар аударады. Қаланың көрнекілік тілі, құжат айналым тілі, қызмет көрсету тілі, азаматтардың бір-бірімен қатынас жасау тілі сырттан келіп немес өз ішімізде тіл үйреніп жатқандар үшін қосымша көмекші құрал қызметін атқарады. Тілге жан бітіретін де осы орта. Жанды тіл үйренушіге де рух береді, ұлттық мәдениет пен дәстүр туралы ақпараттар бере алады.

Қорыта келгенде тіл мен діл, яғни ұлттық рух өзара тығыз байланысты құбылыстар. Тіл – ұлт мүшесі үшін – ұлтың жаны, бөгде жұрт үшін – қатынас құралы. Жансақтау – ұлт мүшесі үшін керек. Тіл қоғамда – белсенді қолданысқа ие бола алса, мемлекет халқын ұйыстырушы фактор бола алды, олай болмағанда басқа тілдің жетегінде кетеді. Сондықтан, «Рухани жаңғыру» идеясы толық мәнінде жүзеге асу үшін, «Қазақ пен қазақ қазақша сөйлессін» деп Елбасы Н.Ә.Назарбаев айтқандай ұлт пен ұлттық тілдің бірлігі керек. Тіл – ұлттық мәдениеттің қайнар көзі, азамат қай тілде сөйлесе сол мәдениеттің туын көтереді. Сондықтан, қоғамның барлық салаларына тілді қолданысқа енгізу алдымызда тұрған ұлы міндеттердің бірі. Ол құқытық-нормативтік құжаттар арқылы реттелетін мәселе.

### Әдебиеттер тізімі

1. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. Актуальные вопросы казахского языка. Алматы: Ана тілі, 1998, 308 б.
2. Список языков по количеству носителей Мына сілтемеде: [https://ru.wikipedia.org/wiki/Список\\_языков\\_по\\_количеству\\_носителей](https://ru.wikipedia.org/wiki/Список_языков_по_количеству_носителей) (27.04.2021 ж.).
3. Қазақ тілін оқыту әдістемесі және оның зерттеу нысаны. Мына сілтемеде: [https://www.yaneuch.ru/cat\\_16/aza-tln-oytu-dstemes-zhne/262393.2226359.page1.html](https://www.yaneuch.ru/cat_16/aza-tln-oytu-dstemes-zhne/262393.2226359.page1.html) (27.04.2021ж.).
4. Қазақ тілін оқыту әдістемесінің методологиялық – теориялық негіздері. Мына сілтемеде: <https://allrefrs.ru/4-30246.html> (27.04.2021ж.).
5. Юсупов Ф.С. Тіл тірегі-тәртіп. // «Ана тілі» газеті, №47(1201) 28 қараша, 4 желтоқсан 2013.
6. Тілешов Е. Оқытудың бірізді-сатылы бағдарламасы мемлекеттік тілді дамыту үшін қажет. Мына сілтемеде: <http://anatili.kz> (15.04.2020 ж.).
7. Бекишева Р.Е. Қазақ тілін жаңаша оқыту әдістемесі. Мына сілтемеде: [http://www.rusnauka.com/7\\_NITSB\\_2012/Pedagogica/5\\_103366.doc.htm](http://www.rusnauka.com/7_NITSB_2012/Pedagogica/5_103366.doc.htm) (15.04.2021 ж.).

### Аннотация

В статье рассказывается о языковых проблемах духовного возрождения. Национальный язык и национальный дух являются тесно связанными явлениями, поэтому особенно важно развивать их во взаимной преемственности. Там, где есть язык, есть нация, поэтому перед нами стоит великая задача - сохранять и постоянно повышать эту ценность. Есть много способов сохранить и развить язык, потому что какой бы сферой жизни мы ни занимались, нет места, где языковое общение невозможно. Особое внимание уделяется двум вопросам: во-первых, связям между национальным языком и представителями нации. В настоящее время наличие молодежи, хотя и казахской национальности, но говорящей на другом языке, рассматривается как новая проблема; во – вторых, опыт преподавания языка-это результат времени и средств, затраченных на развитие языка. В заключение делается вывод о том, что единство языка и духа и условия их дальнейшего развития должны регулироваться с правовой точки зрения.

### Abstract

The article describes the linguistic problems of spiritual rebirth. The national language and the national spirit are closely related phenomena, so it is especially important to develop them in mutual continuity. Special attention is paid to two issues: first of all, the relations between the national language and the representatives of the nation. Currently, the presence of young people, although of Kazakh nationality,

but speaking a different language, is considered as a new problem; secondly, the experience of teaching a language is the result of time and money spent on the development of the language. In conclusion, it is concluded that the unity of language and spirit and the conditions for their further development should be regulated from a legal point of view.

ӘОЖ 81`373.21

### **Г. Махмұт**

Магистр, оқытушы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент қ.

## **ШЫНЖАҢ АЙМАҒЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ТОПОНИМДЕРІН ҚЫТАЙ ИЕРОГЛИФТЕРІМЕН ТАҢБАЛАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

### **Түйін**

Қазақ халқының ежелден қоныстанған атамекені саналатын Қытай Халық Республикасы Іле қазақ автономиялы облысындағы жер-су атаулары мақаланың басты зерттеу нысаны ретінде алынып отыр. Бүгінгі таңда сол жерлерде ресми қолданыста және халықтың аузында сақталған қыстақтар, ауылдар, географиялық нысандар атаулары сол өткен тарихтың куәсі іспетті. ҚХР-дағы бұл қазақша жер-су атаулары таңбаланған кезде дыбыстық өзгерістерге түсетіні белгілі, яғни кез келген топоним иероглифтердің мүмкіндігінің аясында таңбаланады. Бұндай жағдайда қазақша атаулардың ұлттық формасы бұзылып, кейде тіпті танымастай кейіпте өзгеріп кете беруі ғажап емес. Мақалада қазақ топонимдерінің қытай тілінде айтылуы мен жазылуына назар аударылған. Қытай тілінде жоқ қазақ дыбыстарының орнына қандай дыбыстар алынған? Қытай тіліндегі жалқы атауларды қысқартып жазу дәстүрі қазақ топонимдерін таңбалауда қандай рөл атқарды? т.б. секілді сұрақтардың жауабы ретінде төте жазу, иероглиф, латынша транскрипция және кирилл әліпбиіндегі нұсқалары салыстырма кесте түрінде ұсынылып, сипаттамасы жасалды.

**Кілттік сөздер:** транскрипция, иероглиф, таңба, топоним, дауысты, дауыссыз

### **Кіріспе**

Қытай Халық Республикасындағы қазақтар қоныстанған Іле қазақ автономиялы облысындағы көптеген қазақ топонимдері, Қытайда тұратын қазақ ғалымдары тарапынан аздаған зерттеулерге негіз етілгені рас [1, 2.], алайда бүгінге дейін Қазақстан зерттеушілерінің назарынан тыс қалып келеді. Бұл аймақтар қазақ халқының ежелден қоныстанған атамекені еді. Үйсін патшалығы заманынан бері осы аймақты мекендеп келе жатқан халық тарихи кезеңдерде басынан түрлі жағдайларды өткерді, осыған байланысты туған жер жат жерліктер қолына өтіп кеткен тұстар да болды, кейін Абылай ханның заманында қайтарып алып, содан бері тұрақты иеленіп келеді. Ресми қолданыста және халықтың аузында сақталған қыстақтар, ауылдар, географиялық нысандар атаулары сол өткен тарихтың куәсі іспетті. ҚХР-дағы ресми жазу иероглиф таңбалары болғандықтан, ресми құжаттарда бұл атаулар дыбыстық өзгерістерге түсетіні белгілі, яғни кез келген топоним иероглифтердің мүмкіндігінің аясында таңбаланады. Бұндай жағдайда қазақша атаулардың ұлттық формасы бұзылып, кейде тіпті танымастай кейіпте өзгеріп кете беруі ғажап емес. Тарих қойнауынан жеткен мағынасы көмес тартқан көптеген топонимдер осындай тілдік ықпалдардың нәтижесі екені белгілі, сондықтан екі тілдегі таңбалануы мен түпнұсқа формасының нақты кескінін сақтап отыру үшін ол атаулардың сөздігін дайындау маңызды мәселелердің бірі.

Қытай халық республикасы аумағындағы қазақша жер-су атауларының сөздігі жарық көрген, сол сөздіктердегі таңбалану нормалары қандай дәрежеде көрінеді, енді осыған тоқталып көрелік. Естілуі бойынша алынған, яғни қазақ тіліндегі атаулар қытай тілінің заңдылығына бейімделген. Ғылыми терминологияда бұлайша таңбалану транскрипция тәсілі



деп аталады. Қытай халық республикасының мемлекеттік картасында және сөздіктерде сол күйінде алынып отыр.

### Негізгі бөлім

Мақала көлеміндегі топонимдер «Шынжаң жер-су аттары сөздігі» және «Батыс өңірінің жер-су аттары сөздігі» деп аталатын сөздіктерден [3; 4] және қытай «www.baidu.com» сайтынан алынған [5] Іле қазақ автономиялы облысына тікелей қарасты аудандардың, соның ішінде Күнес ауданындағы қазақша жер аттарының қытайша транскрипцияланған кейбір атауларға тоқталып отырмыз. Бұл сөздікте жер-су атаулары иероглиф таңбаларымен және латын әліпбиінің қытай нұсқасымен оқылуы берілген. Біз латын әліпбиіндегі нұсқасына дауыс ырғағын айқындайтын таңбаларды қосып, қытайша айтылуына жақындатып беріп отырмыз. Сонымен қатар қытай қазақтары қолданатын төте жазу және кирилл жазуымен тағы екі нұсқасын дайындап ұсындық. Мақсат – жұртшылыққа түсінікті болуы. Кестеде берілген қазақ жер-су атауларын салыстыра қарап, жазылуы мен айтылуындағы ерекшеліктерді анықтауға болады.

Төте жазуда	Қытайша оқылуы	Жазу түрі	Кирилше транскрипциясы
ال تاي	阿尔泰	Ā'ěrtài	Алтай
تارباغاتاي	塔尔巴哈太	Tǎ ěr bā hā tài	Тарбағатай
بۇراتالا	博尔塔拉	Bó ěr tǎ lā	Бұратала облысы
بوغدا شاڭغى	博格达峰	Bó gé dá fēng	Боғда шоқысы
خوتان	和田	Hétián	Хотан аймағы
تۇرپان	吐鲁番	Tǔlǔfān	Тұрпан аймағы
جوڭغار	准噶尔	Zhǔngá'ěr	Жұңғар ойпаты
وبىلىتى	伊犁州	Yīlí zhōu	Іле облысы
كۈيتۈن	奎屯	Kuítún	Күйтүн қаласы
قۇلجا قالاسى	伊宁市	Yī níng shì	Құжла қаласы
اۋدانى قۇلجا	伊宁县	Yī níng xiàn	Құлжа ауданы
نەلەك	尼勒克	Ní là kè	Нылқы
تەكەس	特克斯	Tè kè sī	Текес
قورغاس	霍尔果斯	Huò ěr guǒ sī	Қорғас
زەكتى	则克台镇	zé kè tái zhèn	Зекті
ارال توبە	阿热勒托别镇	Ā rè lēi tuō bié zhèn	Аралтөбе
تالدى	塔勒德村	Tǎ lēi dé cūn	Талды
نارات	那拉提镇	nà lā tí zhèn	Нарат
سوربۇلاق	肖尔布拉克镇	Xiào ěr bù lākè zhèn	Сорбұлақ
قارابۇرا	哈拉布拉克镇	Hā lā bù lā zhèn	Қарабура
المالى	阿勒玛勒镇	Ā lēi mǎ lēi zhèn	Алмалы
كەڭسۇ	坎苏乡	Kǎn sū zhèn	Кеңсу
بەستوبە	别斯托别乡	Bié sī tuō bié xiāng	Бестөбе
تۇرگەن	吐尔根乡	Tǔ ěr gēn xiāng	Түрген
كۈنەس اق قوي	巩乃斯种羊场	Gǒngnǎisī zhǒng yáng chǎng	Күнес нәсілді қой фермасы
توقاي	托海村	Tuō hǎi cūn	Тоқай қалашығы
شاقپى اۋزى	恰普河阿吾孜村	Qià pǔ hé āwú zī cūn	Шакпы аузы
ئۈش بۇلاق	玉什布拉克村	Yù shén bù lākè cūn	Үш бұлақ

قۇر ساي	库尔赛村	Kù ěr sài cūn	Құрсай
تعمد رلك	铁木里克村	Tiě mù lǐ kè cūn	Темірлік
اق شي	阿克其村	Ā kè qí cūn	Ақши
كوك عيد ن	阔克英村	Kuò kèyīng cūn	Көк иін
ساعاتو كهل	沙哈吾特克勒村	Shā hā wú tè kè lēi cūn	Сағаәткел
قاراء شي	哈拉西克	Hā lā xī kè	Қарашірік
قارا سۇ	喀拉苏	Kā lā sū	Қара су
قارابۇلاق	喀拉布拉克	Kā lā bù lākè	Қарабұлақ
قاراعايلى سۇ	喀拉盖勒苏村	Kā lā gài lēi sū cūn	Қарағайлы су
ۇشكەپ تەر	玉什开普台尔村	Yù shén kāi pǔ tái ěr cūn	Үш кептер
تالدى	塔勒德镇	Tǎ lēi dé zhèn	Талды
مرکن	依尔肯村	Yī ěr kěn cūn	Еркін
شەگد رىبۇلاق	切格尔布拉克村	Qiè gé ěr bù lākè cūn	Шегірбұлақ
ۇش توبە	玉什托别村	Yù shén tuō bié cūn	Үштөбе
مدس	木斯村	Mù sī cūn	Мыс
جاروتو كهل	加尔吾特克勒村	Jiǎ'ěr wú tè kè lēi cūn	Жарәткел
قاراتوبە	喀拉托别村	Kā lā tuō bié cūn	Қаратөбе
سارد قامدس	萨尔喀木斯村	Sà ěr kā mù sī cūn	Сарықамыс
قارعالى	喀尔哈勒村	Kā ěr hā lēi cūn	Қарғалы
قاراي	喀拉奥依村	Kā lā ào yī cūn	Қараой
تاياسۇ	塔依阿苏村	Tǎ yī ā sū cūn	Тайасу
عيد ن تال	音塔勒村	Yīn tā lēi cūn	Иінтал
يد نجار	英加尔村	Yīng jiǎ'ěr cūn	Иінжар
اراسان	阿尔善村	Ā'ěr shàn cūn	Арасан
قاراسۇ	喀拉苏村	Kā lā sū cūn	Қарасу
كورىبۇلاق	阔尔布拉克村	Kuò ěr bù lākè cūn	Көрбұлақ
بباي گەتوبە	拜依盖托别村	bài yī gài tuō bié cūn	Бәйгетөбе
لاستاي	乌拉斯台村	wū lā sītái cūn	Ластай
قد زى لجد گعدىل	克孜勒金格勒村	Kè zī lēi jīn gé lè cūn	Қызыл жыңғылты
كەرەگەتاس	克热格塔斯	Kè rè gé tǎ sī	Кереге тас
تاسقۇماي	塔斯库买村	Tǎ sī kù mǎi cūn	Тасқұмай
كۇنتوبە	昆托别村	Kūn tuō bié cūn	Құмтөбе
قد زى ل تال	克孜勒塔勒村	Kè zī lēi tā lēi cūn	Қызыл тал
اق توعان	阿克托汗村	Ā kè tuō hàn cūn	Ақ тоған
ج يەك	吉也克村	Jí yě kè cūn	Жиек
ورد ك تى ارال	吾瑞克特阿热勒村	Wú ruì kè tè ā rè lēi cūn	Өрікті арал
تەل قارا	铁勒喀拉村	Tiě lēi kā lā cūn	Телғара
تاقد رىبۇلاق	塔克尔布拉克村	Tǎ kè ěr bù lākè cūn	Тақырбұлақ
كوك توبە	阔克托别村	Kuò kè tuō bié cūn	Көктөбе
قۇروزەك	库尔乌泽克村	Kù ěr wū zé kè cūn	Құр өзек
شاق پى جاعى	恰普河加嘎村	Qià pǔ hé jiā gā cūn	Шақпы жағасы
جاگارسىن	江尔森村	Jiāng ěr sēn cūn	Жаңарсын

قارااعاشتى	喀拉哈西特	Kā lā hā xī tè	Қара ағашты
باتت باقتى	巴特巴克特村	Bātè bākè tè cūn	Батпақты
انداس	昂达斯	Ángdǎ sī	Андас
اشد لبۇلاق	阿什勒布拉克	Ā shén lēi bù lākè	Ащылы бұлақ
قامد سدى	喀木斯特村	Kā mù sī tè cūn	Қамысты
اق قرقا	阿克科尔卡村	Ā kè kē ěr kǎ cūn	Ақ қырқа

*Қазақ жер-су аттарын иероглифтермен таңбалау ерекшеліктері:*

Шынжаңдағы қазақтар мекен еткен жер аттарының дыбысталуы мен қытайша таңбалануы арасында қолайсыздықтар көп, осының әсерінен қытайшаланған нұсқалары қалыптасып отыр, яғни дыбыстық тұрпаты өзгеріске түскен жер аттары да бар. Мысалы, жоғарыдағы кестеде берілген жер аттары ішінде Қарабура топонимі былайша таңбалады:

Қа	pa	бу	pa
Hā	lā	bù	lā
哈	拉	布	拉

Буын саны бойынша алғанда осындай формада беріледі. «Қара» сөзіндегі р дыбысы, соңғы бура сөзінде де р дыбысы айтылмай «Халабула» болып таңбаланған, алайда жергілікті халық ресми жазылу үлгісіне қарамай бұрынғыша «Қарабура» деп атай береді. Сол секілді этнонимнен қойылған «Андас», географиялық нысанның сипатына қарай қойылған «Қарасу» деген жер аттарының иероглифпен таңбаланған нұсқасы мынандай формада жазылады: 昂达斯 Ángdǎ sī, Қарасу 喀拉苏村 Kā lā sū cūn.

Әдетте қытай тілінде атауларды барынша қысқартып алу дәстүрі бар [6], сондықтан осы үлгіге салынғанда мүлде басқаша сипатқа ие болған атаулар бар. Мысалы: Қашқар атауы әуелде 喀什噶尔 Kāshén gá ěr нұсқасында жазылатын, кейіннен喀什 Kāshén болып қысқартылды, ал Қорғас 霍尔果斯城 Huò ěr guō sī chéng тұлғасынан霍城 Huò chéng болып өзгертілген.

Шынжаңдағы жер атауларын қытайша таңбалап, кейінгі реттеу, жүйелеу кезінде адамдар жиі орналасқан, біршама уақыт тарихы бар үлкен аймақтағы қалыптасып кеткен топонимдер картаға сол күйінде алып түсірілген болса, кейбір атаулардың бір бөлігі дыбыстық, келесі бір бөлігі мағыналық жолмен атау әдістері бойынша өзгертілген [7].

Жоғарыдағы кестеде көрсетілген негізінен қазақтар жиі қоныстанған аудандардағы жерлерге беріліп қалыптасқан атаулар, қытай иероглифтерімен таңбалағанда транскрипциялау тәсілі қолданылған да, ішінара ғана мағыналық аударма жасалған [8].

*Қытай тіліндегі дауысты дауыссыз дыбыстардың жер-су атауларын таңбалаудағы қолданылу ерекшелігі.*

Қытай тіліндегі дауысты дыбыстар тіл үсті дауысты дыбыстар және тіл ұшы дауысты дыбыстар болып бөлінеді. Қазіргі қытай тілі дауыстыларының ішінде «путунхуа» (Mandarin Chinese), яғни 3 тіл ұшы дауысты дыбысы бар, олар: тіл ұшы алды дауысты дыбысы – *i* [ы], тіл ұшы арты дауысты дыбысы – *i* [і] және қайырмалы тіл дауысты дыбысы «ег» бар, осы қайырмалы тіл дауысты дыбысы «ег» жер атауларын қытайшаға аударғанда көп қолданылады.

تارباغاتاي	塔尔巴哈太	Tǎ ěr bā hā tài	Тарбағатай
بۇراتالا	博尔塔拉	Bó ěr tǎ lā	Бұратала облысы
قورغاس	霍尔果斯	Huò ěr guō sī	Қорғас
سوربۇلاق	肖尔布拉克镇	Xiào ěr bù lākè zhèn	Солбұлақ
تۇرگەن	吐尔根乡	Tǔ ěr gēn xiāng	Түрген
قۇرساي	库尔赛村	Kù ěr sài cūn	Құрсай
مەركەن	依尔肯村	Yī ěr kēn cūn	Еркін

شەنگ رېدۇلاق 切格尔布拉克村

Осы атауларда қазақ тіліндегі р дыбысын қытайша 尔ёг-мен алып аударған, себебі қытай тілінде жалғыз дауысты дыбыс сөз құрай алмайды.

قامد سدى	喀木斯特村	Kā mù sī tè cūn	Қамысты
----------	-------	-----------------	---------

Қазақша Қамысты деген жер атауын қытайшаға аударған кезде: Нā (ха)-mù (му)-sī (сі)-tè(ты) болып оқылып аударылған, яғни қытай тілінің буындарға бөлу ерекшеліктеріне мән берілген. Мысалы:

哈	木	斯	特
Hā	mù	sī	tè
Ха	му	сі	ты

болып аударылған.

باتت پاقى	巴特巴克特村	Bātè bākè tè cūn	Батпақты
-----------	--------	------------------	----------

Батпақты

巴	特	巴	克	特
Bā	tè	bā	kè	tè
Ба	ты	ба	кі	ты

[Сөз ортасында келген р дыбысын «ыр» деп дифтонг сипатында алынады.

تاق رېدۇلاق	塔克尔布拉克村	Tǎ kè ěr bù lākè cūn	Тақырбұлақ
-------------	---------	----------------------	------------

塔	克	尔	布	拉	克
Tǎ	kè	ěr	bù	lā	kè
Ta	кы	ыр	бу	ла	кі

Сөз аяғындағы р дыбысы 尔ёг тұлғасымен алған.

جوڭعار	准噶尔	Zhǔngá'ěr	Жұңғар ойпаты
--------	-----	-----------	---------------

Қазақша жер атауындағы р дыбысы л дыбысымен:

تۇرپان	吐鲁番	Tǔlǔfān	Тұрпан аймағы
قاراعاشدى	喀拉哈西特	Kā lā hā xī tè	Қарағашты

Жер атауының ең соңы дауысты немесе дауысызбен аяқталғанда:

التاي	阿尔泰	Ā'ěrtài	Алтай
تارباعاتاي	塔尔巴哈太	Tǎ ěr bā hā tài	Тарбағатай
خوتان	和田	Hétián	Хотан аймағы
تۇرپان	吐鲁番	Tǔlǔfān	Тұрпан аймағы
جوڭعار	准噶尔	Zhǔngá'ěr	Жұңғар ойпаты
تەكەس	特克斯	Tè kè sī	Текес
قورعاس	霍尔果斯	Huò ěr guǒ sī	Қорғас
ارالتوبە	阿热勒托别镇	Ā rè lēi tuō bié zhèn	Аралтөбе
نارات	那拉提镇	nà lā tí zhèn	Нарат
سورېدۇلاق	肖尔布拉克镇	Xiào ěr bù lākè zhèn	Солбұлақ
قارابۇرا	哈拉布拉镇	Hā lā bù lā zhèn	Қарабура
ۇرگەنت	吐尔根乡	Tǔ ěr gēn xiāng	Түрген

ءۇ ش بۇلاق	玉什布拉克村	Yù shén bù lākè cūn	Үш бұлақ
مرکەن	依尔肯村	Yī ěr kěn cūn	Еркін
سارد قامدس	萨尔喀木斯村	Sà ěr kā mù sī cūn	Сарықамыс

Осы атаулардың таңбалануы қытай тіліндегі дауысты, дауыссыз дыбыстардың айтылуына негізделіп жасалған. Қытай тіліндегі дауысты дыбыстарды айтқанда дауыс шымылдығы дірілдейді, ашық, көтеріңкі айтылады, ал дауыссыздарды айтқанда дауыс шымылдығы дірілдемейді, сондықтан олардың әрқайсысының айтылуында осы тілдің өзіндік ерекшеліктері бірге жүреді.

### Қорытынды

Қытай тіліндегі (қытайша таңбалануы: 擦音) г, с ызың дыбыстары жеке тұрып сөз құрай алмайды, г дыбысының алдына дауыты қосылып келіп, тіл ұшы қайырмалы дауысты дыбысын жасайды, ал с дауыссызының соңынан і, тіл үсті арты дыбысы қосылып айтылады, қазақ тіліндегі с мен аяқталатын сөздер осы дыбыспен аударылады. Қытай тіліндегі **p, t, k** шұғыл дыбыстары (қытайша таңбалануы: 塞音) қазақша жер-су атауларының соңында қолданылғанда тіл үсті арты і (қазақ тіліндегі «і» дыбысына сәйкес келеді) дыбысы қосылып айтылады.

Транскрипциялау кезіндегі өзгерістерге талдаулар жасау барысында атаулардың белгілі бір норма аясында емес, керісінше қалай естілетіні және естілгеннің өзі қытай тілінің заңдылықтары бойынша қалай айтылатыны басшылыққа алынып, иероглиф ыңғайына бейімдеп таңбаланғаны байқалады. Қазақ тілі мен қытай тілінің бір-бірімен туыстық жақындығы жоқ, керісінше тегі бөлек тілдер болғандықтан, атауларды транскрипциялағанда түпнұсқа формасын сақтау мүмкіндігі өте аз. Қазақ тіліндегі жер-су атаулары болашақта Қытай халық республикасының ресми тілі мен жазуына толық сәйкестендірілетіні анық. Оларды бүгінгі таңда түпнұсқасымен салыстырып, өзгерістерінің сипаттамасын жасап отыру қазақ тілі білімінің алдындағы өзекті мәселе болып табылады, сонда дыбыстық форма көмескіленгенмен, этимологиясы сақталып қалмақ.

### Әдебиеттер тізімі

1. Шәріпұлы Ә. Дала мәдениеті. Бейжиң: «Ұлттар баспасы», 2008. – 40 бет.
2. Жәлелқанұлы М. Жер-су аттарының жазылуы жайында // «Тіл және аударма» журналы, 1987 ж. №1.
3. Шынжаң жер-су аттары сөздігі. – Пекин: «Қытай энциклопедиясы», 2012. – 872 бет.
4. Фың Жы вэн. Батыс өңірінің жер-су аттары сөздігі. Үрімжі: «Шынжаң халық баспасы», 2002. – 686 бет.
5. Шынжаң Іле жер-су аттары (қытай тілінде) 新疆伊犁州 // www.baidu.com: <http://www.tcmmap.com.cn/xinjiang/yili.html>
6. Яң Лиң. Шынжаң Іле өңіріндегі жер-су атауларының зерттелу жағдайы // Шынжаң университетінің ғылыми журналы. 2006 ж. №6. 83-88 беттер.
7. 地名汉语拼音拼写规则：中国测绘科学研究院2000年11月. 2-3 页..Жер-су аттарын қытайша транскрипциялау ережесі. Бейжің: «Қытай геодезиясы және картография академиясы», 2000 ж. 11 ай. 2-3 беттер.
8. Яң Лиң. Шынжаң Іле өңіріндегі көп ұлттар аралас қоныстанған жерлердегі жер-су аттарының тілдік ерекшеліктері // «Тіл және аударма» журналы, 2006, №4. – 16-19 беттер.

### Аннотация

В статье уделено внимание произношению и написанию казахских топонимов на китайском языке. Какие звуки получены вместо казахских, которых нет в китайском языке? Какую роль сыграла китайская традиция сокращения личных имен в обозначении казахских топонимов? В данной статье также рассматриваются такие вопросы, как старые письменности, иероглифы, латинская транскрипция и варианты кириллицы представлены в виде сравнительной таблицы. Основным

объектом исследования статьи являются названия земель и водоемов Илийского Казахского автономного района Китайской Народной Республики, являющегося древней родиной казахского народа. Сегодня названия мест зимовок, деревень и географических объектов, которые официально используются и хранятся в устах людей, являются свидетельством той прошлой истории. Известно, что эти казахские топонимы в Китае при маркировке претерпевают звуковые изменения, т. Е. Любой топоним отмечается в пределах иероглифов. В этом случае неудивительно, что национальная форма казахских имен искажена, а иногда даже неузнаваема.

#### **Abstract**

The article focuses on the pronunciation and spelling of Kazakh toponyms in Chinese. What sounds are received instead of the Kazakh ones, which are not in the Chinese language? What role did the Chinese tradition of abbreviating personal names play in the designation of Kazakh toponyms? This article also discusses issues such as old scripts, hieroglyphs, Latin transcription and Cyrillic variants are presented in the form of a comparative table. The main object of the article is the names of lands and reservoirs of the Ili Kazakh Autonomous Region of the People's Republic of China, which is the ancient homeland of the Kazakh people. Today, the names of wintering grounds, villages and geographic features that are officially used and preserved in the mouths of people are evidence of that past history. It is known that these Kazakh toponyms in China undergo sound changes when marking, i.e., Any toponym is marked within the hieroglyphs. In this case, it is not surprising that the national form of Kazakh names is distorted, and sometimes even unrecognizable.

ӘОЖ 541.18

**Г. А. Нуридинова, Г.А. Кулжабаева , Р.О. Каюпова**  
п.ғ.к, доцент, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан  
оқытушы, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан  
магистрант, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

### **МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚҰЗЫРЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЖОЛДАРЫ**

#### **Түйін**

Бұл мақала қазіргі білім берудің өзекті мәселесіне, оқушылардың құзыреттілігін қалыптастыруға арналған. Мақалада ғалымдардың құзыреттілік ұғымына берілген анықтамалары талданады. Білім беру құзыреттілігі жеке тұлғаның қызметіне қажетті және қоғам үшін әлеуметтік маңызы бар шындық объектілерінің белгілі бір шеңберіне қатысты оқушылардың өзара байланысты білім алу бағдарлары, білімінің, дағдылар мен тәжірибесінің жиынтығы ретінде қарастырылады. Кілттік құзыреттіліктің түрлері, олардың нақты ерекшеліктері мен белгілі бір құзыреттілік саласындағы оқушылардың біліміне, дағдылары мен икемдеріне қойылатын талаптарды ашады. Сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастырудың ерекшеліктері, мысалы, оқушының ерікті қатысуы, қарым-қатынас формаларын жеке таңдау еркіндігі, оқушылардың жоғары қызығушылығын және осы жұмысқа қатысуға деген ынтасын қамтамасыз ететін шығармашылық өзін-өзі көрсету тәсілдері қарастырылады. Әдебиет сабағы бойынша үйірме жұмысы оқушылардың оқу-танымдық, коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған пәрменді форма ретінде қарастырылады. Әдебиет бойынша үйірме жұмысын ұйымдастыру принциптері ұсынылған.

**Кілттік сөздер:** құзыреттілік, сыныптан тыс жұмыстар, үйірме жұмысы.

#### **Кіріспе**

Біздің елімізде білім беруді дамыту стратегиясын анықтайтын ресми нормативтік құжаттарда құзыреттілік тәсіл білім беру жүйесін модернизациялаудың әдіснамалық бағыты болып табылады, деп анықталған [1]. Сондықтан мектептегі білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында қазіргі заманғы оқу-тәрбие процесінің негізгі мақсаты мен нәтижесі бәсекеге

қабілетті және құзыретті тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Құзыреттілік-бұл адам білімінің жаңа өлшем бірлігі, ол алған білім мөлшері емес, әртүрлі проблемалық жағдайларда жұмыс істеу дағдылары деп саналады.

### **Теориялық талдау**

Ғылым мен практикадағы құзыреттілік тәсілге жүгіну бірқатар себептермен түсіндіріледі. И. А. Зимняяның анықтауы бойынша ондай себептерге келесі себептер жатады:

- әлемдік экономиканың интеграциясы мен жаһандану үрдісі;
- Болон процесінде анықталған жоғары білімнің еуропалық жүйесінің архитектурасын үйлестіру қажеттілігі;
- білім беру парадигмасының өзгеруі;
- «құзыреттілікке көзқарас» терминінің тұжырымдамалық мазмұнының байлығы;
- білім беру органдарының нұсқамалары [2].

Қазіргі заманғы психологиялық-педагогикалық ғылым құзыреттілік тәсілін бірнеше аспектілерде зерттейді, сондықтан «құзыреттілік» ұғымының әртүрлі анықтамалары бар.

Коллинз ағылшын сөздігінде құзыреттіліктің келесі анықтамасын береді – «бір нәрсені жақсы және тиімді орындау мүмкіндігі», ал «Құзыретті» ұғымның анықтамасы - бір нәрсені өнімді (тиімді, шебер) жасай алатын қабілеті, білімі және қабілеті бар» деп қарастырылады [3].

Джордж Равен құзыреттілікті «белгілі бір іс-әрекетті белгілі бір салада тиімді қолдану үшін қажет және жоғары мамандандырылған білімді, пәндік білімнің ерекше түрін, ойлау тәсілдерін, сондай-ақ олардың іс-әрекетінің жауапкершілігін түсінуді қамтитын нақты дағдылар» ретінде анықтайды [4].

И. С. Сергеевтің айтуынша, құзыреттілік-бұл өмір мен қызметтің әртүрлі салаларында практикалық мәселелерді шешуге мүмкіндік беретін білім, дағдылар мен тәжірибе. Автордың пікірінше, тұлға үшін ең маңызды дағдылар коммуникативтік, қарым-қатынас, әдістемелік және өзін-өзі басқару, танымдық, азаматтық, әлеуметтік, мәдени, денсаулық және салауатты өмір салты саласында құзыреттілік болып табылады [5].

Білім беру құзыреттілігі-білім беру дайындығының талабы мен тұлғаның болашағы және қоғам үшін қажетті әлеуметтік маңызы бар оқушылардың өзара байланысты білімінің, дағдылары мен тәжірибесінің жиынтығы

Зерттеушілердің пікірінше, білім беруде келесі құзыреттер негізгі құзыреттіліктер болып табылады.

1. Құндылық-мағыналық құзыреттілік. Идеология, мектеп оқушысымен байланысты құндылықтар жүйесі, олардың айналасындағы әлемді көру және түсіну қабілеті, оны басшылыққа алу, олардың рөлі мен миссиясын, шығармашылық бағытын түсіну. Ол оқушының жеке білім траекториясына және оның жалпы өмір бағдарламасына байланысты.

2. Жалпы мәдени құзыреттілік. Бұл-жалпыға ортақ және ұлттық мәдениеттің қазіргі заманғы бейнесі; адам өмірінің, жекелеген халықтардың, адамзаттың рухани, моральдық және этикалық негіздері; отбасылық, әлеуметтік және әлеуметтік құбылыстар мен дәстүрлердің мәдени негіздері; ғылым мен діннің адам өміріндегі рөлі, оның дүниетанымға әсері; отандық саладағы бәсекелестік және мәдени бос уақыт (мысалы, бос уақытты ұйымдастырудың тиімді тәсілдерінің болуы).

3. Оқу-танымдық құзыреттілік. Бұл нақты танымдық объектілермен байланысты жалпы, әдіснамалық, эвристикалық, логикалық білім беру іс-әрекетінің элементтерін қамтитын тәуелсіз танымдық іс-әрекет саласындағы оқушының қабілеттерінің жиынтығы. Бұл мақсаттарды ұйымдастыруда, жоспарлауда, идеяларды құруда, талдауда және өзін-өзі бағалауда білім мен дағдыларды қамтиды. Зерттелетін пәндерге қатысты оқушы өндірістік қызметтің шығармашылық қабілеттерін зерттейді: тікелей шындықтан білім алу, стандартты емес жағдайларда әрекет ету әдістерін, проблемаларды шешудің эвристикалық әдістерін игеру. Осы құзырет шеңберінде функционалдық сауаттылыққа қойылатын талаптар

айқындалды: фактілерді гипотезадан ажырата білу қабілеті, өлшеу дағдыларына ие болу, ықтималдық, статистикалық және басқа да когнитивтік әдістерді пайдалану.

4. Ақпараттық құзыреттілік. Оқушы ақты объектілердің (теледидар, телефон, факс, компьютер, принтер, модем) және ақпараттық технологиялардың (аудио, видео, электрондық пошта, мультимедиа, интернет) көмегімен іздеуді, талдауды үйренеді және тиісті ақпаратты таңдап, оны ұйымдастырады, түрлендіреді, сақтайды және таратады. Бұл құзыреттілік оқушының білім беру пәндері мен білім беру салаларындағы, сондай-ақ айналасындағы әлемдегі ақпаратқа қатысты қабілеттерін қамтамасыз етеді.

5. Коммуникативтік құзыреттілік. Коммуникация жасау үшін ған қажетті тілдерді білу, адамдармен өзара әрекеттесу тәсілдерін меңгеру, командада жұмыс жасау білу, әртүрлі әлеуметтік рөлдерді орындау. Оқушы өзін таныстыра білуі керек, хат, сауалнама, мәлімдеме, сұрақ қою, талқылау және т.б. дағдыларды игеру қажет.

6. Әлеуметтік және еңбек құзыреті - бұл азаматтық және әлеуметтік қызмет саласында (байқаушы- азамат, сайлаушылар, өкілдер ретінде), әлеуметтік және еңбек саласында (тұтынушылардың құқықтары, сатып алушы, клиент, жеткізуші), отбасылық қатынастар саласында, экономика және құқық саласында, кәсіби өзін-өзі анықтау саласында білім мен тәжірибеге ие болу. Бұл құзыреттілікке, мысалы, еңбек нарығындағы жағдайды талдау, жеке және әлеуметтік пайдаға сәйкес әрекет ету, еңбек этикасы мен азаматтық қатынастарға үстемдік ету мүмкіндігі кіреді. Оқушы қазіргі қоғамдағы өмірге қажетті оң әлеуметтік белсенділік пен азаматтық жауапкершілік дағдыларын үйренеді.

7. Жеке өзін-өзі жетілдірудің құзыреті физикалық, рухани және интеллектуалдық өзін-өзі дамыту, эмоционалды өзін-өзі реттеу және өзін-өзі қолдау нысандарын игеруге бағытталған. Осы құзыреттілік шеңберіндегі нақты объект-оқушының өзі. Ол өзінің жеке мүдделері мен мүмкіндіктерін өз бақылауына алады, бұл оның үнемі өзін-өзі тануында, қазіргі адамға қажет жеке қасиеттерді дамытуда, психологиялық сауаттылықты, ой мен мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруда көрінеді. Бұл құзыреттілікке жеке гигиена ережелері, өз денсаулығыңызға қамқорлық, жыныстық сауаттылық, ішкі экологиялық мәдениет кіреді. Бұл сонымен қатар адамның қауіпсіз өмірінің негізгі принциптерімен байланысты қасиеттер жиынтығын қамтиды.

Оқушының бәсекеге қабілетті және құзыретті тұлғасын дамытуда сыныптан тыс жұмыс ерекше орын алады, өйткені мектепте дұрыс ұйымдастырылған сыныптан тыс жұмыс үлкен тәрбиелік мәнге ие. Сыныптан тыс жұмыс, оқушылардың сабақта алған білімдерін кеңейтеді және тереңдетеді, көптеген пайдалы дағдыларды игеруге мүмкіндік береді, сондықтан оқушының құзыретті тұлғасын қалыптастыруға ықпал етеді. Сыныптан тыс жұмыстар оқушылардың тәуелсіздігін дамытуға қолайлы жағдай жасайды [6].

Сабақ барысында оқушылардың барлық сұрақтарын қанағаттандыру мүмкін емес. Сынып сабағымен тығыз байланыста ұйымдастырылған сыныптан тыс жұмыс оқушының белсенділігін және оқушылардың үнемі өзгеріп отыратын мүдделерін, оқушылардың рухани, әлеуметтік-мәдени және білім беру қажеттіліктерін толық қанағаттандыруға көмектесетін тиімді құрал ретінде қызмет етеді. Сыныптан тыс жұмыстар оқушының ерікті қатысуымен, қарым-қатынас формаларын жеке таңдау еркіндігімен, шығармашылық өзін-өзі көрсету тәсілдерімен байланысты ұйымдастырылады. Сыныптан тыс жұмыс білім беру процесі үшін дәстүрлі емес қарым-қатынас формаларын модельдейтін және оқушылардың негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыру үшін барлық жағдайларды жасайтын шығармашылық зертханаға айналады.

Әдебиет сабағы бойынша ұйымдастырылған сыныптан тыс жұмыстар оқушылардың көкжиегін кеңейтеді, олардың жалпы мәдени деңгейін арттырады, көркемдік талғамын дамытады.

Сыныптан тыс жұмыстар оқушының әдеби және көркемдік бейімділігі мен қабілеттерін көрсетуге және дамытуға кең мүмкіндіктер жасайды. Бұл, өз кезегінде, оқушылардың білім,



білік және дағдыларды жүзеге асыруға болатын сабақтарға үлкен қызығушылығын қамтамасыз етеді

Әдебиет сабағы бойынша сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастырудың және өткізудің негізгі мақсаты - оқушылардың ана тілі мен әдебиетке деген қызығушылығын дамыту және оларды зерттеу қажеттілігін ынталандыру.

Әдебиет сабағы бойынша сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастырудың негізгі мақсатына сүйене отырып, осы қызмет барысында шешілетін нақты міндеттерді бөліп көрсетуге болады:

- 1) танымдық белсенділікті дамыту;
- 2) әдебиет әлеміне енгізумен байланысты ұйымдастырылған сыныптан тыс түрлі іс-шараларға тарту арқылы оқушыларды адамгершілік, патриоттық және эстетикалық тұрғыдан тәрбиелеуді жүзеге асыру;
- 3) жалпы тіл мәдениетін жақсарту;
- 4) оқушылардың білімін кеңейту және тереңдету және тілдік дағдыларға үйрету;
- 5) әдебиет пәнін игеруде қиындыққа тап болған мектеп оқушыларының күшіне сенім білдіріп қолдау көрсету;
- 6) оқушылардың психологиялық қасиеттерін дамыту және жетілдіру: қызығушылық, құлшыныс, ерік, табандылық, білім алудағы тәуелсіздік.
- 7) оқушылардың коммуникативтік мәдениетін тәрбиелеу;
- 8) оқушылардың танымдық және ақыл-ой әрекетін белсендіру;
- 9) толеранттылыққа, өзара құрметке, командада қарым-қатынас жасай білуге, қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеу;
- 10) оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, олардың жеке сұраныстарын, қызығушылықтарын, бейімділіктерін қанағаттандыру [7].

#### **Нәтижелер мен талқылау**

Психологиялық-педагогикалық әдебиетті және мектептердің тәжірибесін зерттей отырып, біз оқушылардың оқу-танымдық, коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастырудың тиімді формасы-сыныптан тыс жұмыстар барысында ұйымдастыруға болатын әдебиет пәні бойынша үйірме жұмысы деген қорытындыға келдік. Үйірме жұмысын ұйымдастырудың мақсаты әдебиетпен танысу барысында оқушылардың оқу-танымдық, коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыту, оқушылардың әдеби дамуын қамтамасыз ету, балалар алдында алдыңғы ұрпақтарда жинақталған адамгершілік-эстетикалық құндылықтар мен рухани мәдениет әлемін ашу, көркемдік талғамын қалыптастыру, сезім, қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру болып табылады.

Үйірме жұмысы келесі міндеттерді шешуге бағытталуы керек:

- оқушылардың көркем шығарманы толыққанды қабылдауға қабілетін дамыту;
- балаларды көркем шығарманың бейнелі тілін, көркем образ жасайтын мәнерлі құралдарды сезінуге және түсінуге үйрету, оқушылардың бейнелі ойлауын дамыту;
- әдеби шығарманың көркем образдарын қайта жасау, оқушылардың қиялын, ассоциативті ойлауын дамыту, балалардың поэтикалық есту қабілетін дамыту, көркем әдебиет туындыларын тыңдаудың эстетикалық тәжірибесін жинақтау, көркемдік естуді тәрбиелеу;
- кітаптарды үнемі оқу қажеттілігін қалыптастыру, жазушылардың шығармашылығына, ауызша өнер туындыларын жасаушыларға қызығушылықты дамыту;
- баланың сенсорлық тәжірибесін, оның айналасындағы әлем мен табиғат туралы нақты идеяларын байыту;
- баланың өмірге эстетикалық көзқарасын қалыптастыру, оны көркем әдебиет классикасымен таныстыру;
- күрделілігі әртүрлі деңгейдегі шығармалардың мазмұнын жеткілікті терең түсінуді қамтамасыз ету;

- мазмұны мен тақырыбы бойынша әр түрлі жанрдағы кітаптарды оқу арқылы балалардың ой-өрісін кеңейту, баланың адамгершілік-эстетикалық және танымдық тәжірибесін байыту;

- оқушылардың сөйлеуін дамытуды қамтамасыз ету және оқу дағдылары мен сөйлеу дағдыларын белсенді түрде қалыптастыру;

- әр түрлі мәтіндермен жұмыс жасауға үйрету;

- көркем шығармаларды өз бетінше оқу қажеттілігін қалыптастыру үшін жағдай жасау.

Үйірме жұмысының бағдарламасын көркемдік-эстетикалық, әдебиеттану, коммуникативтік-сөйлеу сияқты жетекші қағидаттар негізінде құру қажет.

Көркем және эстетикалық қағида оқуға арналған шығармаларды таңдау стратегиясын анықтайды, сондықтан оқушылардың оқу шеңберіне көбінесе көркем мәтіндер енеді. Балалардың назарын олардың алдында тек танымдық қызықты мәтіндер ғана емес, сонымен қатар ол қоршаған әлем мен адами қатынастардың байлығын ашатын, үйлесімділік, сұлулық сезімін тудыратын, өмірдегі сұлулықты түсінуге үйрететін, балада шындыққа деген өзіндік көзқарасын қалыптастыратын ауызша өнер туындылары екендігін аңғарту керек. Бұл қағида өнердің барлық басқа түрлері арасында белсенді байланыс орнатуды қамтиды.

Әдебиеттану қағидасы оқу кезеңінің ерекшеліктерін ескере отырып, әдеби шығарманы талдауда жүзеге асырылады, ол көркем бейнені бірінші орынға қоюды талап етеді. Сөз оқырман назарының объектісіне айналады және ол автор өз ойларын, сезімдерін, идеяларын білдіретін ауызша және көркем образ жасау құралы ретінде түсіндіреді. Көркем шығарманы талдау балаларға көркем образдың тұтастығын сезінуге және кейіпкерге жеткілікті жанашырлық танытуға көмектеседі.

Әдебиеттану қағидасы барлық негізгі әдеби жанрларды қамтиды: ертегілер, өлеңдер, әңгімелер, ертегілер, драмалық шығармалар. Шығарманы талдау кезінде бұл қағида оқушыларды шығармадағы мәселенің алғашқы идеяларымен байытуға бағытталған.

Коммуникативті-сөйлеу қағидасы оқушылардың сөйлеу мәдениетін дамытуға, оқушылардың сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға және дамытуға бағытталған.

Үйірме жұмысының жүзеге асыру кезінде оқушылардың білімі әдеби сипаттағы қарапайым ұғымдармен толықтырылуы керек: автор – жазушы туралы қарапайым ақпарат, оқылатын шығарманың тақырыбы, оның жанры, шағын фольклорлық жанрлардың ерекшеліктері. Балалар ауызша өнердің көрнекі және экспрессивті мүмкіндіктері туралы қосымша идеялар алады (метафора, салыстыру, персонализация, поэтикалық сөйлеудің ырғағы мен музыкалығы туралы).

### **Қорытынды**

Оқушының бәсекеге қабілетті және құзыретті тұлғасын дамытуда сыныптан тыс жұмыстар ерекше орын алады, өйткені мектептегі сыныптан тыс жұмыстар оқушылардың үнемі өзгеріп отыратын мүдделерін, оқушылардың рухани, әлеуметтік-мәдени және білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған. Сыныптан тыс жұмыстар оқушының ерікті қатысуымен, қарым-қатынас формаларын жеке таңдау еркіндігімен, шығармашылық өзін-өзі көрсету тәсілдерімен, өзі қалаған және жасай алатын нәрсені жасау мүмкіндігімен ұйымдастырылады. Сыныптан тыс жұмыстарда білім беру процесі үшін дәстүрлі емес қарым-қатынас формалары ұйымдастырылады және оқушылардың негізгі құзіреттілігін қалыптастыру үшін қолайлы болады.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Концепция 12-летнего среднего образования Республики Казахстан. Мына сілтемеде: <https://www.do.ektu.kz.>laws >MONRK> (15 қараша 2020 ж.).
2. Зимняя И.А. Компетентный подход. Каково его место в системе современных подходов к проблемам образования? // Высшее образование сегодня, 2006, №8, С. 20-26.

3. Коллинз ағылшын сөздігі. Мына сілтемеде: <https://www.collinsdictionary.com/dictionary/spanish-english> (20 қараша 2020 ж.).
4. Равен Дж. Компетентность в современном обществе: выявление, развитие и реализация. Когито-Центр, 2002, 396 с.
5. Сергеев И.С. Основы педагогической деятельности: учеб. пособие. СПб.: Питер, 2004, 316с.
6. Григорьев Д.В., Степанов П.В. Организация внеучебной деятельности школьников: методический конструктор. М.: Просвещение, 2014, 223с.
7. Виноградова Н. Ф. Сборник программ внеурочной деятельности. М.: Вентана Граф, 2011, 168с.

#### **Аннотация**

Данная статья посвящена актуальной проблеме современного образования формированию компетенций школьников. В статье анализируются разные подходы к определению понятий компетенции и компетентность. Образовательная компетенция рассматривается как набор взаимосвязанных выраженных образовательных ориентиров, знаний, навыков и опыта деятельности учащихся по отношению к определенному кругу объектов реальности, необходимых для деятельности личности и социально значимых для общества. Раскрываются составляющие ключевых компетенции их специфические особенности и требования предъявляемые к знаниям, умения и навыкам школьников в сфере определенных компетенции. Рассмотрены особенности организации внеклассной работы такие, как добровольное участие ученика, свобода индивидуального выбора форм общения, способов творческого самовыражения, которые обеспечивают высокий интерес у учащихся и желание участвовать в данной работе. Кружковая работа по литературе рассматривается как действенная форма направленная на формирование учебно-познавательных, коммуникативных компетенций учащихся. Представлены принципы организации кружковой работы по литературе.

#### **Abstract**

This article is devoted to the actual problem of modern education, the formation of the competencies of schoolchildren. The article analyzes different approaches to defining the concepts of competency and competence. Educational competence is considered as a set of interrelated expressed educational guidelines, knowledge, skills and experience of pupils' activities in relation to a certain range of objects of reality, necessary for the activity of an individual and socially significant for society. The components of key competencies are revealed, their specific features and requirements for the knowledge, skills and abilities of schoolchildren in the field of certain competencies. The features of the organization of extracurricular work are considered, such as the pupil's voluntary participation, the freedom of individual choice of forms of communication, methods of creative expression, which provide high interest among students and the desire to participate in this work. Circle work on literature is considered as an effective form aimed at the formation of educational, cognitive, communicative competencies of students. The principles of organizing circle work on literature are presented.

ӘОЖ 371.036.218.13

**Г. А. Нуридинова, Г.М. Мусаханова, Б.Х. Хайрулла**  
п.ғ.к, доцент, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан  
аға оқытушы, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан  
магистрант 1 курс, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

**«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ  
МӘДЕНИЕТІ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРҒА ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ  
МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Түйін**

Бұл мақала оқушылардың эстетикалық тәрбиесі мәселесін зерттеуге арналған. Қазақ халық мәдениеті өскелең ұрпақты эстетикалық тәрбиелеу, олардың дүниетанымын, эстетикалық мәдениетін қалыптастыру құралы ретінде қарастырады. Қазақ халық мәдениетінің материалдық және рухани мәдениет құндылықтары - халық әдебиеті мен поэзиясы, ұлттық киім, халық музыкасы мен музыкалық аспаптар, киіз үй, ұлттық ойындар, қолданбалы өнер, қолөнер, халық білімі, қазақ халқының мәдени мұрасы болып табылатын ұлттық дәстүр, ұлттық мерекелер т.б.. Қазақ ағартушыларының, педагогтардың өскелең ұрпақты эстетикалық тәрбиелеу тұрғысынан қазақ халық мәдениетінің ролі туралы көзқарастары қарастырылды. Біздің еліміздің тәрбие тұжырымдамалық негіздерінде анықталған, оқушылардың қабілеттері мен дағдыларына бірқатар талаптар қоятын, адамның эстетикалық саласын сипаттайтын мектеп оқушыларының көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбиесінің мақсаттары мен міндеттері анықталған. Қазақ халық мәдениетінің мүмкіндіктерімен оқушылардың эстетикалық тәрбиесін тиімді ұйымдастыру шарттары анықталған.

**Кілттік сөздер:** эстетика, эстетикалық мәдениет, эстетикалық тәрбие, эстетикалық талғам, мәдениет, халық мәдениеті, өнер.

### **Кіріспе**

Н. Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында жаңа типті жаңғыртудың бірінші шарты – бұл өз мәдениетін, өз ұлттық кодын сақтау, жаңа жаңғырту тарихи тәжірибе мен дәстүрге менмендікпен қарамауы тиіс екенін атап өтті. Керісінше, ол үздік дәстүрлерді жаңғырту табысының маңызды шарты болуы тиіс – деп көрсеткен [1]. Рухани және мәдени құндылықтарды сақтау және көбейту - Президенттің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы бойынша жұмыстың негізгі мақсаты.

### **Теориялық талдау**

Бұл мақалада сөзсіз тануға мүмкіндік беретін ым-ишара тілі зерттелген. Сөзі жоқ сөйлемдер де адамдардың қарым-қатынасының бір түрі екендігі айтылған. Халық тарихында адамдардың бір-бірін сөзсіз түсінуінің жолы сан алуан екендігі, ым-ишараның қолданылу себебіне тоқталған. Сөзі жоқ сөйлемдер де адамдардың қарым-қатынасының бір түрі екендігі. Ым-ишараның қолданылу себебіне тоқталған. Ым-ишара тіліндегі ым-ишаралар сөздердің эквиваленті ретінде қолданылады, ал олардың орналасу тәртібі карапайым сөйлемдердегі сөздердің орындарына сәйкес келетіндігі. Орыс тіліндегі сөйлемдерді айтып шығару мен көшірме ым-ишара тілін орындау мүмкін болу үшін, әр сөздің ым-ишара эквиваленті болуы керектігі. Көшірме ым-ишара тілінің лексикасында ым-ишараның екі негізгі кластарын анықтап бөлгендігі. Адамдардың алғаш қарым-қатынасы жайлы материалистік ілімді жасаушылар олардың еңбек әрекетінде пайда бола бастаған сөйлеу, сөйлесу үрдісінің басында да қимыл-әрекет, ым-ишара, жеке дыбыс, жеке сөз болу эволюциясына қатысы барлығы сөз болады.

**Кілттік сөздер:** сөз, ым-ишара, термин, тіл, мүмкіндік

Айшылық жерге бірнеше сағатта жетіп, қажет болса аспандағы айға қолымыз жетіп жатқан заманда жауабы әлі де табылмаған сұрақтардың бар екені өкінішті. Әлемнің үзік сырларын зерттеп жүрсек те, жанымызда қуанышымызды бірге бөлісіп жүрген адамдарымызды танымай жатамыз. Немесе әр адамның өзіне ғана тән жеке болмысын ескере алмауымыздан әңгімеміз басталмай жатып аяқталады. Олай болса кезекті ғылыми жұмысымызды адамдарды сырттай бақылап, сөзсіз тануға мүмкіндік беретін ым-ишара тіліне арнаймыз.

**Физикалық арақашықтыққа мән беріңіз.** Адам бізге жақын тұрған сайын, соншалықты көзқарасы да оң. Егер біздің келе жатқанымызды көре салысымен артқа қарай шегінсе, бізбен тығыз қарым-қатынаста болуға дайын еместігі. Бір орында тұрып беру арқылы ешқандай да қарсылығы жоқ екенін білдіреді. Ал егер сіздің өзіне қарай келе жатқанын байқап қарсы алдыңыздан шықса, сізбен барынша жайлылықты сезінетіндігі. Осы ым-ишара белгілері әр мемлекетте түрліше талданатындығын ескеріңіз. Мәдениетіне сәйкес бір белгіні әр халық өздігінше түсінеді.

**Әңгімелесушіңіздің басын қалай ұстайтынына мән беріңіз** - Әдетте басын ию арқылы жанашырлық сезімін немесе қайғыңызға ортақ екендігін білдіреді. Ал егер басын июмен қатар күлімсіресе, сізге көңілі ауып тұрғандығы; - Төмен қарап отыратын адамдар жасырын болғанды жақсы көреді. Басын төмен салып отырған адамды бақылап көріңізші. Немесе қошемет сөзді ести салысымен төмен қарайтын адамдар ұялшақ, көп - Бұдан өзге айтып тұрған сөздері толығымен шын екенін білмеген кезде басын төмен салбыратады; - Кейбір елдерде бұл мәдениеттіліктің белгісі; - Ал басын тым жоғары көтеретін адамдар тәкаппар келеді. Мұнымен қатар бетіндегі өзге де белгілерді анықтауға тырысыңыз.

**Көзіне қараңыз** - Өтірік айтып немесе алаңдап тұрған адамдар әдетте жан-жағына жалтақтап қарай береді. Бұлар өзгелерге сенімсіздік танытқан кезде жүздерінде сұрақтың ізі пайда болады; - Ұялшақ, тұйық адамдар еденге қарап тұрады. Бұдан өзге көңіл-күйлері болмай тұрған адамдар еденге қарайды; - Кейбір елдердің мәдениетінде адамның көзіне тік қарау мәдениетсіздік болып есептеледі. Олардың ойынша, тек жақындарымыз бен туыскандарымыздың көзіне тік қарай аламыз; - Көз қарашығының ұлғаюы қызығушылықты білдіреді. Ішімдік, амфетамин, есірткі сынды заттар да көздің қарашығын ұлғайтады; - Адам тыңдамаған кезде немесе қалың ой үстінде болғанда алысқа қарайды.

**Қолдарын бақылаңыз** - Қоғамның ықпалынан сақтанғысы келген адамдар екі қолын кеудесіне аяқастырып тұрады. Кейде өзіне сенімсіз, ұялшақ немесе осылай тұруды әдетке айналдырып алған адамдар қолдарын аяқастырады. Жәй ғана көйлегінің кірлеп қалған жерін жасырып тұруы да ғажап емес.- Табиғатынан күш-жігері мықты, билеп-төстеуді жақсы көретін адамдар арқасын кеңге салып отырып аяғы мен қолын аяқастырады; - Қазіргі болып жатқан оқиғалар ұнамаған кезде алақандарын бір-біріне сүйкеп, үсті-басын түртпектей бастайды; - Өзін жақсы сезінсе немесе айтылып жатқан мәселемен толықтай келісіп отырған адам екі қолын мойын тұсына қойып шалқайып отырады; - Ал бір нәрсені күтуден жалыққан, шаршаған адам екі қолын беліне таянып тұрады; - Ашуланып, тіпті төбелесіп кетуге дайын тұратын адам жұдырықтарын түйіп тұрады.

#### **Қызбалыққа салынатын адамдардың бойынан табылатын белгілер**

- Адам шашын саусақтарымен екі жағдайда тарайды. Біріншісі – сіз оған ұнаған кезде, екіншісі - сіздің айтып тұрған сөздеріңізбен келіспеген жағдайда. Ол мұны еш уақытта мойындамауы да мүмкін. Бірақ мұнымен қатар қасы көтеріліп тұрса, екінші жағдайға қатысты айтылған болжамдар толықтай расталады; - Мұрнын тыржитып, көзілдірігін қайта-қайта түзеу арқылы адамдар айтылып жатқан пікірлермен келіспейтіндігін білдіреді. Оның көзілдірігін жай ғана түзеп жатпағандығына көз жеткізіңіз. Бұл белгі бірнеше рет қайталануы тиіс. Мұнымен қатар әңгімелесушіміз мұрнын тыржитып, қасын көтерсе, болжамымыз расталады.

**Аяқын бақылап көріңіз** - Бір нәрсеге қызығып, асығып, жүйкесі тозып, шыдамсыздық танытатын адамдар аяқтарымен қайта-қайта жерді тықылдатады; - Бұл тықылдатудың мағынасы тікелей жағдаятқа байланысты. Мысалы, әңгімелесу кезінде жерді аяғымен тықылдататын жандар ол жерден кеткісі келіп тұрады; - Аяқтың ақырын қозғалуы - зерігу; - Ережені құрметтейтін адамдар тұрған кезде екі аяғының ортасын біріктіруге тырысады. Бұл бағыныштылық пен әрекетсіздікті білдіреді;

- Кейбір адамдар барғысы келіп тұрған бағытын немесе қызығып тұрған объектісін аяғымен нұсқайды.1. Әр адамның өзіне ғана тән ым-ишара тілі бар болуы мүмкін.2. Ең алдымен өзгелерді емес, өзіңізді бақылап көріңіз.3. Өзіне сенімді адамды байқамау мүмкін емес. Олар бойын тік ұстап, отырып тұрған кезде де сенімді қимылдар жасайды. Адамның көзіне тік қарайды. Және бір отбасының адамдары мен ғашық жандар бір-бірінің көзіне тік қарайды.4. Ұялшақ адамдар көзге тік қарамайды.5. Егер әңгіме барысында адам сізге еңкейіңкіреп тұрса, сөзіңіздің жалғаса бергенін қалағаны.6. Адамдарды білдірмей бақылаңыз.7. Адамның жүзіне қараңыз. Көз бен бет-әлпетінің өзгерісінен көп мәлімет алуға болады.8. Шыдамсыз және бір нәрсені уайымдап отырған адамдар үстелдің үстін тықылдатады, еріндері аз дірілдейді.9. Күйзеліп, алаңдап жүрген адамдар ашық тұрған көздерін саусақтарымен көлегейлей береді. [1].

Қазақ кейде **ым-ишара** арқылы "сөйлесіп" болған жай, іс-қимылды осы арқылы түсіне береді. Жұдырық тую, саусақ безеу - сесті, танауына қос саусақ тығу - түк бітірмегені, көз қысу - ішкі сезімді, бас шайқау - істің орындалмағанын білдіреді. Халық арасында ым мен ишараның түрлері өте көп. Бұл негізінен сөзді шығындамай-ақ, болған істі баяндаудың немесе жеткізу, түсіндірудің бір жолы. Мұндай тәсіл көптеген халықтарда бар. Ым-ишара қатынасы алғашқы кезде қорқыныш үрейді, қуанып мерейленуді, тоқтатып тиым салуды немесе ұйғарып қолдауды меңзеген жалпылама

түрде санаулы ғана ойды білдірсе, кейінгі даму кезеңдерде барған сайын жетілдіріле түскен. «Ым-ишара» термині - бұл абстракция болып есептеледі. Ым-ишара тілі «мүлде» жоқ. 70-80 жылдары шет елдерде жүргізілген зерттеулердің дәлелдеуі бойынша, саңыраулар бір-бірімен қарым-қатынасқа түскен кезде екі әртүрлі тілдік жүйелерді қолданады: көшірме және ұлттық ым-ишара тілдерінің құралдары. Көшірме ым-ишара тілі -бұл сөйлеушінің ауызша сөйлеу тілімен ым-ишара қоса жүретін қарым-қатынас жүйесі. Саңырау әңгімелесушілердің сөздері көбіне дауыссыз шығарылады. Көшірме ым-ишара тіліндегі ым-ишаралар сөздердің эквиваленті ретінде қолданылады, ал олардың орналасу тәртібі қарапайым сөйлемдердегі сөздердің орындарына сәйкес келеді. Бір уақытта орыс тіліндегі сөйлемдерді айтып шығару мен көшірме ым-ишара тілін орындау мүмкін болу үшін, әр сөздің ым-ишара эквиваленті болуы керек. Қалайша көшірме ым-ишара тілі орыс сөздерінің мағынасын жеткізуді қамтамасыз етеді? Көшірме ым-ишара тілінің лексикасында ым-ишараның екі негізгі кластарын анықтап бөледі. Сурдопедагогтарды бұрыннан ым-ишара тілі қызықтырған. Бірақ ұзақ уақыт бойы бұл қарым-қатынас жүйесі примитивті болып саналған. Мысалы, француз сурдопедагогтарының бірі М.Пелисьер 1856 жылы ым-ишара тілі «грамматикалық заңдылықтардан айырылған» деп жазған болатын. [2]. Өткен ғасырдың өзінде де саңыраулардың ым-ишаралық қарым-қатынастары жөнінде керемет сөздер айтылған. Орыс ым-ишара тілін оқытудағы бірінші пионерлердің бірі атақты сурдопедагог В.И.Флери болды. Көптеген мамандардың, мысалы, неміс психологі В.Вундт, орыс зерттеушілері Р.М.Боскис, Н.Г.Морозова ұзақ бақылаулары мен кейбір бағалы ізденістеріне қарамастан, оларға ым-ишара тілінің лингвистикалық анықтамасын құру қиындыққа соқты. [2,]. Бұл, әдетте, сипаттық лингвистиканың дәстүрлі әдістерінің әлсіз болғанымен түсіндіріледі, ым-ишара тілі мұндай әдістер көмегімен талдауға келмеді. Дәстүрлі лингвистика мынадай түсініктер мен ұғымдарға: «сөз таптары», «сөйлем мүшесі», «зат есім», «етістік» және т.б. сүйенеді. Бірақ, егер орыс ым-ишара тілінде «сөз таптары» және «сөйлем мүшелері» жоқ болса, онда ым-ишара тілі грамматикалық заңдылықтардан айырылады деген қорытындыға келеміз. Көріп отырғандай, лингвистика әлі орыс ым-ишара тілін талдай алмады. Тек жаңа бағыттың-құрылыстық лингвистиканың дамуымен саңыраулардың ым-ишара тілін ғылыми түрде үйренуді қою мен шешу мүмкін болды. Мәселенің жаңа замандық трактовкасын алғаш 60-жылдары америкалық оқымысты Стоку ұсынған болатын. [3]. Зерттеулер көрсеткендей, орыс ым-ишара тілі-көпдеңгейлі лингвистикалық жүйе және ым-ишара-негізі мәнді бірлік - күрделі құрылымы бар.

### Сөз-сөйлемнің ым-ишарадағы элементтері

Сөз-сөйлем қолданыста өзінің аз сөздігімен күрделі мағынаға ие. Бұл қолданыс негізінен тілі жоқ адамдардың құралы болғанымен, тілі бар адамдардың да ауызекі сөйлесуінде жиі кездеседі. Әсіресе қазірде әлем елдерімен жеке тұлғалардың да барлық байланыс түрі арқылы араласуы сол елдің тілін білмесе де тілмаш болмай қалған сәтте ым-ишарамен "түсініп" жатады. Яғни сөзі жоқ сөйлемдер де адамдардың қарым-қатынасының бір түрі. Бірақ осы ым-ишараның қазінде үлкен мағына бары анық. Қазақ халық даналығындағы **"Ымға түсінбеген - дымға түсінбейді"** деген қанатты сөзінің сөзі жоқ сөйлемге тікелей қатысы бар. Яғни ым-ишара адамдар қатынасындағы өзіндік сыры бар қатынас құралы. Халық тарихында адамдардың бір-бірін сөзсіз түсінуінің жолы сан алуан. Ең алдымен ым-ишараның қолданылу себебіне келсек, ол төмендегідей. 1. Шынайы сезімді білдіруі. а) **Қуаныш сезімі:** бетінде нұр ойнауы; іс-әрекеті жылдам-шапшаң; ынылдап әннің әуенін айтып жүруі; тындырымды іс-әрекет орындауы. ә) **Ренішті сезімі:** ісі сылбыр; жүзінде селқостық, салқындық байқалады; сұраққа немкетті жауап қайтаруы, т.б. [4].

б) **Құптау, мойындау ым-ишарасы:** он қолының бас бармағын қайқита көрсету, қол шапалақтау, жымылып басын изеу; көзін жұмып басын изеу. Осыларды сөйлемге салсақ: Он қолының бас бармағын көтеру - **Тамаша! Керемет! Мықты!** деген мағынаны білдіреді. Қол шапалақтау - **Алақай! Ура! Жасасын! Қуаныштымын!** деген мағынаны білдіреді.

Жымылып басын изеу - **Ия. Құптаймын. Осы пікірге қосыламын. Ризамын** дегендей мағынаны береді. Көзін жұмып басын изеу - **Ия, болды. Дәл солай. Сонын өзі. Менін пікірім де осы** деген сияқты мағыны білдіреді.в) **Келіспеу, қарсылық ым-ишарасы:** Басын бір-екі рет шайқау, бетін шымшу; бетін сұқ саусағымен төмен қарай сипау, бетін тырнақпен осу, т.б. [5].

**Басын бір, екі шайқау-Болмайды. Келіспеймін. Бармаймын. Қолымнан келмейді. Менде ештеңе жоқ** деген мағынаны білдіреді.**Бетін шымшу - Ұят болды. Масқара-ай** деген мағынадағы өкінішті білдіреді.**Бетін сұқ саусақпен төмен қарай сипау -Мұның не? Ұят емес пе? Әбестік болды** деген ұялыс мағынаны білдіреді.**Бетін тырнақпен осу - Ойбай салу. Аса күйінішпен өзін қоярға жер таппай қиналу** сияқты мағынаны білдіреді. [6].

Осы жерде ойға оралатын нәрсе халық қарым-қатынаста сөздің айтылуына уақыт аз, не бір тығыз-таяң сәтте, болмаса дауысты танытпау үшін де осындай ым-ишара, қимыл-әрекет қолданған сияқты. Әсіресе басқа ортаға барғанда шешен қариялар болмаса жастар жағы сөз жарыстыра бермегені орынды. Ал әке-шешесі бар жастардың көпшілік ортасында көсемсіп сөйлегенін де қонымсыз көріп, "Әке тұрып ұл сөйлегеннен, шеше тұрып қыз сөйлегеннен без" деген сөз қалдырған сияқты дана халқымыз. Жоғарыда айтылған "**Сөзі жоқ сөйлем**" туралы ойланғанда бұл құбылыстың халықтың қарым-қатынас мәдениетіне ерекше орны бар екенін айтқымыз келеді. Өйткені үлкен мен кішінің қарым-қатынастарында, мектеп мұғалімі мен оқушының арасында, отбасындағы кісілердің бір-бірімен қарым-қатынасында бір-біріне деген сөзсіз-ақ түсіністік өте нәтижелі әрі жарасымды болып көрінеді. [7]. Өрине бұл мәселе айтылар сөздердің тек ара-арасында ғана болатын жағдай. Бұл құбылыс та адамдардың бір-бірін тусінуіне, бірі-бірін ұнатуына, бір-біріне деген шынайы сезімін білдіруге, сондай-ақ реніш, өкініш, ашу, ыза сияқты аз уақыта бой көрсететін көңіл-күйді ым-ишара арқылы түсіндіруге болады. Қарым-қатынаста адамдардың іс-әрекетінің де үлкен сезімді, айтыла бермейтін, жария жасауға болмайтын міселені білдіретін жайттары да қолданыста бар. Ойды жинақтай келе, адамдардың алғаш қарым-қатынасы жайлы материалистік ілімді жасаушылар олардың еңбек әрекетінде пайда бола бастаған сөйлеу, сөйлесу үрдісінің басында да қимыл-әрекет, ым-ишара, жеке дыбыс, жеке сөз болу эволюциясына қатысы бар.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Геранкина А.Г. Практикум по дактильной речи. Москва: Просвещение, 1972, 63 с.
2. Зайцева Г.Л. Дактилология. Жестовая речь. Москва : Просвещение, 1991, 248 с.
3. Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті // филол. ғыл. док. автореф. Алматы, 2007, 24 б.
4. Момынова.Б.Қ., Бейсембекова.С. Қазақ тіліндегі ым мен ишараттың қазақша-орысша түсіндірме сөздігі. Алматы: Қазақ университеті, 2003, 133 б.
5. Ешимов М.П. Қазақ ым-ишараттары. Лингвомәдениеттану сөздігі: Оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті, 2007, 104 б.
6. Балақаев М., Жанпейісов Е., Томанов М., Манаспаев Б. Қазақ тілінің  
1. стилистикасы. Алматы: Дәуір, 2005, 256 б.
7. Сыздық Р., Шалабай Б. Көркем тексті лингвистикалық талдау. Алматы: Мектеп, 1989, 127 б.

#### Аннотация

В этой статье изучается язык жестов, который позволяет безоговорочно распознавать. Говорят, что предложения без слов также являются формой общения людей. В истории народа отмечалось, что путь к безусловному пониманию людьми друг друга многообразен, в том числе и по причине использования жестов. То, что предложения без слов также являются формой общения людей. Жесты в языке жестов используются в качестве эквивалента слов, а порядок их расположения в соответствии с местами слов в простых предложениях. Чтобы можно было произнести и

воспроизвести предложения в русском языке, каждое слово должно иметь эквивалент жестов. В лексике языка копировальных жестов выделяют два основных класса жестов. Создатели материалистического учения о первобытном общении людей говорят о том, что даже в начале речевого, разговорного процесса, который начинает проявляться в их трудовой деятельности, все, что связано с эволюцией жестов, жестов, отдельного звука, отдельного слова.

#### **Abstract**

This article studies sign language, which allows you to recognize it unconditionally. It is said that sentences without words are also a form of human communication. In the history of the people, it was noted that the path to unconditional understanding by people of each other is diverse, including because of the use of gestures. That sentences without words are also a form of human communication. Gestures in sign language are used as the equivalent of words, and the order of their arrangement is according to the places of words in simple sentences. In order to be able to pronounce and reproduce sentences in Russian, each word must have the equivalent of gestures. In the vocabulary of the language of copying gestures, there are two main classes of gestures. The creators of the materialistic doctrine of primitive communication of people say that even at the beginning of the speech, conversational process, which begins to manifest itself in their work, everything that is associated with the evolution of gestures, gestures, a separate sound, a separate word.

ӘОЖ 821.512.122.09

**А.А. Шойбекова, Д. Рахманқұлова**

ф.ғ.к; доцент, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан  
студенті М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан

### **ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АУДАРМАНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ**

#### **Түйін**

Бұл мақалада аударма шығармашылықтың және сөз өнерінің бір түрі екендігі, аударудың үш түрлі тәсілі қалыптасқандығын, аудармада түпнұсқаның тілдік-стильдік ерекшеліктерін сақтай отырып, қазақ тіліне тән нормадан шықпау қажет екендігі айтылған.

Аударманың жалпы және дербес теориясы, аудармашының лингвоэтикалық құзыреті, баламалылық, баламасыз лексика, аудармадағы жалған баламалар және көптеген аударма терминдер ғылыми айналымға бірінше рет енгізілгендігін және аударманың зерттелу тарихына кезең-кезеңімен хронологиялық тәртіппен тоқталған. Әр кезеңде аударма мәселесіндегі қиындықтар мен қателіктер және аудармаға қойылатын талаптардың өсуі оның қиыншылықтарын сезінуді шиеленістірді, сонымен қатар ол теориялық тұрғыдан алып қарағанда, аударуға келмеушілік туралы талас-тартысқа да әсерін тигізгендігі. Қазіргі кезде мамандар аударымдылық мәселесі түпнұсқаға байланысты әртүрлі қарастырылуы тиіс деп есептейді. Түпнұсқаның айтып жеткізуге болмайтын жекелеген ерекшеліктерін тұтастай мәтіннің принципті аударымдылығы арқылы орны толтырылады. Аударма жайында айтылған барлық пікірлер аударматану ғылымының дамуына өз үлесін қосты.

**Кілттік сөздер:** аударма, тіл, шығарма сөз, стиль, мазмұн, терминдер, көркем аударма, еркін аударма, теория.

«Тарихи дәлдікті, логикалық ақиқатты тарихи шындыққа сай етіп дәлелдеуді қажет ететін ғылымдық қағидаттың шеңберінен тыс қарағанның өзінде де қазақ ұлты үшін «аударма, тәржіме» деген ұғымдар жат, бөгде емес. Аударма сөзі аталғанда, қазақ қауымы ең әуелі ұлы Абайдың тәржімелерін еске түсіреді, «Татьянаның хатының» жылы әуен-ырғағын сезінеді», - деп жазады А.М.Алдашева [1].

Зерттеуші-ғалым Б.Әбілқасымов ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы ғылыми-көпшілік әдебиеттің басым көпшілігі орыс тілінен аударылған аударма материалдар болғанын жазады, «Олар бізге сол дәуірдегі қазақ әдеби тілінің жай-күйін танытуда, ғылыми



түсініктерді жеткізуде тіліміздің ішкі мүмкіндіктерінің (сөз байлығының, сөз оралымдарының) қаншалықты болғанын байқауда аса қажетті материал», [2]. - деп көрсетеді. Мәселен, «Дала уалаяты газеті» мен «Түркістан уалаяты газетінде», «Айқап» журналында жарияланған ғылыми-көпшілік мазмұндағы тәржіме материалдардың, Молданияз Бекімов, Спандияр Көбеев, Мәжіт Даулетбаев, Мұхаметжан Сералин, Жүсіпбек Аумауытов, Мағжан Жұмабаев жасаған аудармалардың тәржімелік қорды маркайтып, сүбелі саланың алғашқы сүрлеу ізін салғанын атап өткен орынды.

Ғалым Ө.Айтбайұлы «Қазақ сөзі» кітабында былай жазады: «...Ы.Алтынсариннің «Шарифат ул-ислам» (Ислам шарифаттары) деген кітабы да аударма еңбек есепті. XIX ғасырдың соңғы жылдарында «Библияның» әр жері қазақ тілінде жеке кітап болып Православиенің миссионерлік қоғамы тарапынан бастырылып шығарылды. Бұдан кейін «Інжіл» (Евангелие) де қазақ тіліне аударылып кітап болып шықты. ...

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында аударма ісі, әсіресе орыс жазушыларының шығармаларын қазақ оқырмандарына қазақ тілінде жеткізу ісі кең өріс ала бастайды. 1903 жылы Қазанда Молданияз Бекімов аударған А.С.Пушкиннің «Капитан қызы» қазақ тілінде басылып шықты. «Капитан қызының» тұңғыш аудармасы барынша еркін жасалған. Мұны аударма деуден гөрі шығарманың желісін қуалай отырып, жалпы мазмұнын баяндап шығу десе де болар еді. Бұл аударманың тілінде орыс тілінің әсері айқын сезіліп тұрады. Орынсыз көп қолданылған учитель, крепость, простой, господин сияқты орыс сөздерін былай қойғанда, аудармадағы сөйлем құрылысында да орыс тілінің ықпалы көптеп кездеседі. Ол ықпал, әсіресе, сөйлемдегі сөздердің орын тәртібінен байқалады, яғни түпнұсқада сөйлемдегі сөздер қалай орналасса, аударғанда да ол сөздердің орналасу тәртібін сақтап отырған. Соның салдарынан қажетсіз инверсиялар қазақ тілі синтаксисіне тән емес сөйлемдер пайда болған. Әсіресе бұл кезде шығып тұрған газет-журналда көркем аудармаға үлкен мән беріп отырғанын байқаймыз. «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті беттерінде И.А.Крыловтың, Л.Н.Толстойдың, А.С.Пушкиннің, М.Ю.Лермонтовтың, А.П.Чеховтың, А.Сорокиннің, И.С.Никитиннің, А.Кольцовтың, т.б. белгілі ақын-жазушылардың жеке шығармалары қазақ тіліне аударылып, басылып отырған. Олардың кейбірінің тілі туралы сол кезде мақала, рецензиялар да басылып жүрді. Бұл аудармаларда қажетсіз инверсиялардың, қазақ тілі синтаксисіне тән емес сөйлем құрылыстарының өте аз екенін, тіпті кейбір аудармаларда мүлдем кездеспейтінін байқаймыз. Орыс ақын-жазушылардың көлемі шағын жеке шығармалары бұл кезде шыққан хрестоматия, қираат кітаптарына да еніп отырған. Спандияр Көбеевтің «Үлгілі тәржіма», Бекет Өтетілеуовтың «Дүние ісі ақыретке кетпес» сияқты кітаптары-осындай жинақтар. XIX ғасырдың соңғы жылдарында, әсіресе, XX ғасырдың бас кезінде ғылымның медицина, биология салаларынан қазақ тілінде жеке кітапшалар жарық көре бастайды ... Қазақ ішінде медицина, биологиядан арнаулы мамандар жоқтың қасы болғандықтан, халық қамын ойлаған оқығандар орыс тіліндегі арнаулы әдебиеттерді қазақ тіліне аударып, бастырып, таратып отырды. Сондай әдебиеттердің бірқатары мыналар: «Адамның чумасы турасында». Қазақ тілінде. Орысшадан перевод етуші Садық Бисалиев, Орынбор, 1911; «Іштен қан өткізетін ауру». Орысшадан қазақ тіліне аударған Қосуақов пен Бөкенов. Орынбор, 1903. Бұл еңбектердің көбі Орынбор қырғыз (қазақ) мектебінің оқытушылары П.А.Катанов пен П.Н.Крыловтың редакциялық басқаруымен орыс тілінен қазақ тіліне аударылып отырды [3]. Тілші-ғалымдар Ө.Сатыбалдиевтың, Ө.Айтбайұлының мәліметтері бойынша, ғылыми әдебиетте көркем аударма жайында алғаш пікір айтқан С.Сейфуллин. 1914 жылы «Айқап» журналында Верный шаһарында уездный начальник болып істеген И.Лиханов дегеннің қазақ өмірінен жазған «Манап» драмасы жарияланады. С.Сейфуллин, ең алдымен, бұл драманың жалпы негізіне қарсы болады да, ол пікірін дәлелдей келіп, аударманың сапасына да көңіл бөліп өтеді: «...оны қазақшаға аударғанда сөзбе-сөз аударған. Соның үшін сөздерінің тәртібі нағыз қазақша болып шықпаған», - деп қорытады. Одан бергі жерде Е.Алдоңғаровтың, Б.Кенжебаевтың мақалаларын атауға болады. Б.Кенжебаев Абайдың аудармашылығы

жайында әңгімелесе, Е.Алдоңғаров А.С.Пушкиннің «Сараң сері» («Скупой рыцарь»), «Тас мейман» («Каменный гость») поэмаларының қазақшасы жайында сөз қозғайды. Алайда, отызыншы жылдардың орта шеніне дейін көркем аударма туралы айтылған пікірлер белгілі бір шеңбер шегінен шыға алмады, көбі жай тілек тұрғысынан аспады. А.М.Алдашева көрсеткендей, «өзге тілден қазақ тіліне аудару ісінің тіл байыту қызметі мен ағартушылық қызметі 1920-30 жылдар мерзімінде қазақшалаған қоғамдық-саяси, көркем әдебиеттің үлесіне тиді. Белгілі ғалым, ақын, көсемсөзші А.Байтұрсынұлы ағартушылық істі барынша жедел өркендетуге үлес қосты. А.Байтұрсынұлы өзге тілден тәржімалап ұсынған терминдер (олардың жалпы саны шамамен 1500 Мысалы, тіл білімінде: зат есім, сын есім, етістік; бастауыш, баяндауыш, қаратпа сөз, леп белгісі; жалғау, жұрнақ түбірлі сөз, туынды сөз, т.б.)термин ретіндегі ұғымдық көлемді қамтуы жағынан да, төл, ұлттық тілдің табиғи заңдылықтарына орайласуы жағынан да сапалы, ұтымды болып шығып, ғылым тілінің, әсіресе тіл-әдебиет пен бейнелеу өнері аталымдарының негізгі қорын жасады» [4]. 1930 жылдардың екінші жартысында А.С.Пушкиннің қайтыс болғанына 100 жыл толуына орай (1937), қазақ ақындары орыстың ұлы ақынның шығармаларын қазақ тіліне аударумен шұғылданады. Бұл шаруаның басы-қасында әйгілі ақын І.Жансүгіров тұрды.1936 жылы М.Әуезовтің А.С.Пушкинді қазақша аудару тәжірибелері туралы мақаласы жарық көрді. Бұл кезең талабына лайықты жазылған еңбек деп тануға болады. Абай тәжірибесі, Абай үлгісі, Абай шеберлігі аудармашылар ұстанар қағида, бағыт берер темірқазық есебінде әңгімеленеді. Мақалада І.Жансүгіров, Т.Жароқов, Ғ.Орманов аудармаларына жоғары баға беріледі. Аударма мәселесінің шындап қолға алына бастағаны, алғашқы тәжірибелер қорытылып, кем-кетіктер жөнге түсіп, көркем аударма өнер екенін мойындатқан тұс-1950-60 жылдары. Бұл кезең, сондай-ақ, қоғамдық-саяси, ресми мазмұндағы әдебиеттің, оқу-ағарту әдебиетінің жаппай тәржімелене бастаған кезі. Нақ осы кезден бастап орыс тілінен қазақ тіліне аударудың тәсілдері мен жолдары, тәржімелеудің тілдік-стильдік принциптері, аударманың нормасы тәрізді маңызды факторлардың ерекшеліктері қалыптаса, әрі біртұтас, бірізді жүйеде анық көріне бастады. Мәселенің теориялық тұрғыдан қойылысы классик-жазушы, тәржіме тәжірибесінде өз алдына бір төбе М.Әуезовтің есімімен байланысты. Аударманың практикалық тәжірибесін тілтану аспектісінен дербес қарастыруға түрткі болған М.О.Әуезовтің 1957 ж. жарияланған «Көркем аударманың кейбір теориялық мәселелері» деп аталатын мақаласындағы бағдарламалық пікір-тұжырымдар. Жазушы аталған еңбегінде тәржіметану саласындағы нақты міндеттерді шешу үшін аудармада дәстүр, ұлттық форма қалай беріледі; аудармашы қолданған құрал-тәсілдер қандай (интонация, ырғақ, синонимдер, идиомалар, мақал-мәтелдер, афоризмдер) дегендерді жүйелі түрде талдау қажет деп есептейді .

1950-жылдары С.Нұрышевтың еңбектері жарық көрді. Сондай-ақ, осы жылдары жұртшылық қолына тиген З.Ахметовтің «Лермонтов және Абай», С.Қирабаевтың Спандияр Көбеев жөнінде, Ә.Дербісалиннің Ы.Алтынсарин жөніндегі еңбектерінде де аударма жайы сөз болады. 50-жылдары Қазақстанда аударма теориядан тұңғыш диссертациялар қорғалады (З.Ахметов, К.Шәріпов, Қ.Қанафиева). 1958 жылы аудармашылардың Алматыда болып өткен кеңесі тек республика жұртшылығы үшін ғана емес, бүкіл түркі тілдес туыс халықтардың мәдени өмірінде елеулі оқиға саналады. Мұнда Орта Азия, Қазақстан және Әзербайжан ғалымдары бас қосып, орыс тілінен осы аталған елдер тіліне аударудың сан түрлі проблемаларын сарапқа салды. Мәжілісте жасалған баяндамалардың мазмұнына қарағанда аударма әдебиет баспа орындарының ең мәнді күрделі саласының біріне айналғанын көруге болады (атап айтқанда, М.Жанғалиннің «Орыс тілінен қазақ тіліне аударудың негізгі принциптер туралы», М.Қаратаевтың «Тынық Донның» қазақшаға аударылуы және көркем аударманың кейбір мәселелері», А.Садықовтың «Оқу құралдарын түсінікті аударудың кейбір жолдары», т.б. (Материалы регионального совещания...: 1960). Марксизм-ленинизм классиктері шығармаларының аудармаларын мұқият зерттеп, келелі ой-

пікірлерін дамытып, үлгі-өнеге көрсеткен мамандар-М.Жанғалин, Қ.Сағындықов, Қ.Шәріпов, І.Жарылғапов, С.Бәйішев, Х.Хасенов т.б.

60 жылдары аударманы ғылыми-зерттеу жұмыстарының объектісіне түбегейлі айналдыруда С.Талжанов пен Ә.Сатыбалдиевтың еңбектерінің мәні зор болды. С.Талжанов Н.В.Гоголь шығармаларының, ал Ә.Сатыбалдиев- Л.Н.Толстой шығармаларының қазақша аудармасын тексере келе, қазақ аударма теориясының негізін жасауға өз үлестерін қосты. [5].

60 жылдары аударма мәселелеріне арналған басқа да еңбектер жарық көрді Қ.Нұрмаханов; З.Тұрарбеков; Т.Әбдірахманов. Ғалымдардың барлығы да айтатын ортақ пікірлерді жинақтар болсақ, онда негізгі бағыттар: а) аударманың шығармашылықтың және сөз өнерінің бір түрі екендігіне; ә) аударудың үш түрлі тәсілі қалыптасқандығына (калька, еркін аудару және адекватты аудару жолдары); б) аудармада түпнұсқаның тілдік-стильдік еркшеліктерін сақтай отырып, қазақ тіліне тән нормадан шықпау қажет екендігіне; в) көркем аудармаларда кездесетін кемшіліктердің себептерін анықтауға барып саяды.

Келесі онжылдықтың, яғни 70-жылдардың да көркем аударма ғылымын өркендете түсуге қосып отырған үлесі аз емес. Бірнеше монографиялық зерттеулер мен кітапшалар, ғылыми мақалалар баспадан шықты. [6].

Сонымен бірге аударманың екінші жағы, яғни қазақ тілінен орыс тіліне (проза, поэзия, драма) аудару мәселесімен айналысатын білікті мамандар молая бастайды (З.Жантекеева, С.Құспанов, Х.Садықов, Е.Н.Ландау), сондай-ақ, шет тілін игерген, сөйтіп қазақ көркем әдебиетінің шет тілдеріне аударылу сапасын зерттеу объектісіне айналдырған (К.Дүйсетаева, А.Ермағамбетова, М.Құрманов, Ю.Сушков, Б.Репин) тәрізді мамандарың ізденістерін де атауға болады. [7]. Қазақ ғылымында сөйтіп, аударма мәселесіне әдебиеттану аспектісінде көбірек мән берілгенін көруге болады. Оның өзінде де мәселенің қарастырылуы жекеден жалпыға қарай принципінде өрбіп отырды, басқаша айтқанда, ғалымдар көркем әдебиеттің жеке бір нұсқасын-бір автордың бір немесе бірнеше шығармасының негізінде әдеби таладау жасап, осы арқылы ортақ заңдылықтарды анықтауға әрекет жасайды.

Тәржіме тәжірибесі тіл ғылымы аясында қарастырылған еңбектердің бірі - Ө.Айтбайұлының «Аудармадағы фразеология құбылыс» деп аталатын зерттеуі (1975), «Терминжасамдағы аударманың орны // Қазақ сөзі» (1997).

1990-жылдарда жарық көрген еңбектерден А.М.Алдашеваның «Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер» (1998) монографиясына, сондай-ақ көркем аудармадағы қостілділік мәселеге арналған Б.Хасановтың (1990) еңбегіне назар аудартуға тиіспіз. А.М.Алдашеваның монографиясы төрт тараудан тұрады: 1) аударма және қазақтың ұлттық мәдениеті, 2) қазақ әдеби ілінің лексикалық-грамматикалық жүйесінің дамуындағы аударма әдебиеттің рөлі, 3) аударманың лингвомәдени аспектісі: аудармадағы ұлттық түр, 4) аудармадағы сөз таңдау. Аталмыш монографияның жарыққа шығуының теориялық маңызы ғана емес, сонымен қатар практика жүзінде де, ең алдымен, дидактикалық тұрғыда зор мәнге ие болғанын атап өткен дұрыс. Аударманың жалпы және дербес теориясы, аудармашының лингвоэтикалық құзыреті, баламалылық, баламасыз лексика, аудармадағы жалған баламалар және т.б. көптеген аударма терминдер ғылыми айналымға бірінше рет енгізілді.

### Әдебиеттер тізімі

1. Алдашева А.М. Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер. Алматы: Арыс, 1998, 215б.
2. Әбілқасымов Б. XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби тілі. Алматы: Ғылым, 1982, 224 б.
3. Айтбайұлы Ө. Аудармадағы фразеология құбылыс. Алматы: Ғылым, 2007, 229 б.
4. Айтбайұлы және мемлекеттік тіл мәселелері. Халықаралық ғыл.-теор. конф. материалдары / Құраст.: С.Құлманов. – Алматы: Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2016, 440 б.
5. Сатыбалдиев Ә. Рухани қазына. Алматы: Ғылым, 1965, 102 б.

6. Әуезов М. Көркем аударманың кейбір теориялық мәселелері. Алматы: Көркем әдебиет баспасы, 1957, 123 б.
7. Момынова Б. Қазақ тіліндегі қоғамдық-саяси лексика: әлеуметтік-бағалаушылық сөзжасам. Алматы: Қазақ университеті, 2005, 140 б.
8. Манкеева Ж. Қазақ тілбілімінің мәселелері. Алматы: Абзал-Ай 2014, 640 б.

#### **Аннотация**

В данной статье отмечается, что перевод является одним из видов творчества и словесного искусства, сформированы три разных способа перевода, при этом необходимо не выходить за рамки нормы, присущей казахскому языку, сохраняя языково-стилевые особенности оригинала в переводе. Общая и самостоятельная теория перевода, лингвоэтническая компетенция переводчика, эквивалентность, безальтернативная лексика, ложные эквиваленты в переводе и многие переводческие термины впервые введены в научный оборот и поэтапно вошли в историю изучения перевода.

Трудности и ошибки в вопросах перевода на каждом этапе и растущие требования к переводу обостряли его восприятие трудностей, а также сказались на споре о нежелании переводить, что теоретически возможно. В настоящее время специалисты считают, что вопрос перевода должен рассматриваться по-разному в зависимости от оригинала. Отдельные непередаваемые особенности оригинала компенсируются принципиальной переводимостью текста в целом. Все мнения о переводе внесли свой вклад в развитие переводоведческой науки.

#### **Abstract**

This article notes that translation is one of the types of creativity and verbal art, three different ways of translation are formed, while it is necessary not to go beyond the norm inherent in the kazakh language, while preserving the Linguistic and stylistic features of the original in translation. The general and independent theory of translation, the linguo-ethnic competence of the translator, equivalence, non-alternative vocabulary, false equivalents in translation, and many translation terms were first introduced into scientific circulation and gradually entered the history of translation studies. Difficulties and mistakes in translation issues at each stage and the growing demands on translation have sharpened his perception of difficulties, as well as affected the debate about the reluctance to translate, which is theoretically possible. Currently, experts believe that the issue of translation should be considered differently depending on the original. Some non-transferable features of the original are compensated by the fundamental translatability of the text as a whole. All opinions about translation have contributed to the development of translation science.

ӘОЖ 821.512.122.09

#### **А.А. Шойбекова, К. А. Сабирова**

ф.ғ.к; доцент, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан  
студенті М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан

#### **ЖАЗБАША ЖҰМЫС ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

##### **Түйін**

Мәтіннің қатысымдық қызметін тудыруға қатысатын айтушы ойының өзге үшін бағытталатындығы. Мәтінде жүйелілік сипат болатындығы. Мәтінде тұлға-бірлігінен саналатын күрделі синтаксистік тұтастық болатындығы және сөйлеудің хатқа түскен бейнесі екендігі.

Мәтіннің қайырымдарға, күрделі сөйлем тұтастықтарына, сөйлемдерге бөлшектенетіндігі, дұрыс құрастырылған сөйлеуінің негізінде, мейлі ол жазбаша түрде ме, ауызекі түрде ме, жекелеген сөздер емес, жекелеген сөйлемдер емес, логикалық және композициялық жағынан үйлескен ерекше тұтастық жататындығы туралы пікірлер айтылған. Барлық мәтіндер, ең алдымен, лингвистикалық нысан болып табылады. Сондықтан да мәтіндердің типологиясы лингвистикалық тұрғыдан танылуы қажет. Мәтіннің ауызша және жазбаша екендігі қарастырылады. Ауызша мәтін уақытпен байланысты болса, жазбаша мәтін кеңістікпен байланыстылығы. Ауызша мәтіндер синтаксистік құрылымы

жағынан жазбашаға қарағанда, анағұрлым қарапайымдау, эллипсистігі мол, мағыналық құрылымы нақты келіңкіремейтін экспрессивтік элементтері мол болып келетін мәтіндер.

**Кілттік сөздер:** мәтін, аңдату, мазмұндау, қорыту, сөйлем, логика, композиция, жазба, пікір, дұрыс, құрастыру.

Қазақ тіл білімінің атасы Ахмет Байтұрсынұлы мәтінді шығарма сөз деп атап, сөйлеудің бірлігіне жатқызады. Олай дейтін себебіміз, ғалым: “Сөз өнерінен жасалып шығатын нәрсенің жалпы аты шығарма сөз, ол аты қысқартылып шығарма деп айтылады. Ауыз шығарған сөз болсын, жазып шығарған сөз болсын бәрі шығарма болады”, -дейді [1]. А.Байтұрсынұлы мәтіннің тақырыптан, ал мәтін мазмұнының үш мүшеден, яғни аңдату, мазмұндау, қорытудан тұратынын көрсетті. Мәтіннің қатысымдық қызметін тудыруға қатысатын айтушы ойының өзге үшін бағытталатынын алғашқылардың бірі болып айтты

Қ.Жұбановтың еңбектерінде қазіргі тіл біліміндегі терминдік атаулармен берілмесе де, мәтін мәселесіне қатысты пікірлердің болғандығы анық байқалады. Мәселен, Қ.Жұбанов мәтінді сөз деп атайды [2]. Ғалымның мәтін туралы ой-пікірлері тілдің күнделікті қолданыстағы қызметіндегі ерекшеліктерінен туындаған болса керек. Мәтін қарым-қатынасты жүзеге асырудың бірден-бір құралы деп түсінген ғалым мәтіннің ауызша және жазбаша түрлерін бөліп көрсетіп, олардың айырмашылықтарына да ден қояды. Бұл жөнінде Қ.Жұбанов: “Сөз бұйымын дұрыс жасап шығу үшін де оның жасалу жолын білу-жазылатын сөзге ала-бөле қарау. Өйткені ауызекі сөйленетін сөздің андай-мұндай қисығын елетпейтін басқа жағдайлар бар,-деп, паралингвистикалық зерттеу нысанасы ым-ишара секілді кинестикалық амал-тәсілдерді т.б. атап көрсетеді де, ойын былайша сабақтайды.” - Жазулы сөзде бұл кеңшіліктердің бірі де жоқ. Кітаптың сөзі қисық болсын, дұрыс болсын, қалай жазылған болса, солай оқылады; қалай оқылса, солай түсініледі, немесе түсініксіз күйімен қалып қояды. ... Сондықтан, әсіресе, жазылатын сөздің қалай құру тетігін білу өте қажет” [3]. Бұдан біздер ғалымның мәтінді жүйелілік сипаты бар құбылыс деп түсінгендігін көреміз. Бұл көтерілген мәселелер сол кезде мәтін лингвистикасының ауқымында қарастырылмаса да, қазірдің өзінде тіл білімінің осы саласы үшін өзекті, әрі құнды.

Қазақ тіл білімінде мәтіннің тұлға-бірлігінен саналатын күрделі синтаксистік тұтастық туралы алғашқы пікір білдірген ғалымдар қатарында Т.Қордабаев пен Р.Сыздықоваларды атай аламыз. 60-70-жылдардың өзінде-ақ ғалымдарымыздың еңбектерінде күрделі синтаксистік тұтастық мәселесі күн тәртібіне қойылды. Алайда, ғалымдардың пікірі бойынша, өздерінің еңбектерінде бұл категория жан-жақты арнайы қарастырылмады. Әйтсе де, Р.Сыздықова “Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы” (1970) деген еңбегінде қазақ поэзиясында сөйлемдерді бір-бірімен байланыстырып, топтастыратын тәсілдердің бірқатары орыс тіліндегімен сәйкесетінін және бірсыпырасы өзгеше, яғни қазақ тілі табиғатына сай келетіндігін айта келіп, олардың басты-бастыларын тізіп көрсетеді [4]. Ал 1974 жылы жарық көрген “Қазақ тілінің стилистикасы” оқулығында сөздің ауызша және жазбаша деп екіге бөлінетіндігі, олардың ерекшелігі сөз етіліп, жазбаша сөздегі ойдың қағазға жазылып жеткізілетіндігі туралы мынадай пікір айтылады: “Сонымен жазу-ол белгілі бір текст. Бұл түрлі текстер (газет, журнал, кітаптардағы материалдар) әр жай, күйді білдіріп хабарлайды” [5]. Бұл ойдан жалпы лингвистика ғылымының зерттеу нысанынан саналатын мәтін-тіл жүйесін пайдалану арқылы қағаз бетіне түскен сөйлеудің бір түрі, яғни ол сөйлеудің хатқа түскен бейнесі түрінде анықталып отырғаны анық байқалады.

Мәтінді зерттеушілер оның тұлға-бірлігі ретінде бірнеше сөйлемдерден тұратын ірі тұтастықтарды көрсетеді. Түркологияда мәтін лингвистикасы мәселелері ішінен осы бағыттағы жұмыстарға көбірек көңіл бөлінді. Мәселен, Т.Қордабаев “Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер синтаксисі” оқу құралында: “Құрмалас сөйлем синтаксисі жай сөйлемдердің өзара бірігіп, күрделі ойды білдіретін бір сөйлем, яғни құрмалас сөйлем болуын зерттеумен ғана тынбайды, сонымен бірге бірнеше сөйлемдер тіркесінен құралатын

синтаксистік күрделі бірлікті де қарастырады. Осы тұрғыдан алғанда, құрмалас сөйлем синтаксисінің нысанасын құрмалас сөйлем, синтаксистік күрделі бірлік деп екі топқа бөлуге болады”, - деген пікір білдіреді [6]. Ғалым бұл жерде күрделі синтаксистік бірлік пен құрмалас сөйлемдердің бірнеше сөйлемдерден тұрып күрделі ойды білдіруін басшылыққа алып отырса керек. Себебі бірнеше жай сөйлемдерден құралып, күрделі ойды білдіретін құрмалас сөйлемдердің қай түрі де күрделі синтаксистік бірліктің бір ғана құрамдас бөлшегі болып саналады. Әр түрлі тұлға-бірліктердің мәтін деп аталуы, зерттеушінің тұлға-бірлікті өзіндік байланысу жолдары мен тәсілдері бар, салыстырмалы түрде тұтас бір аяқталған мазмұнды білдіретін құбылыс ретінде қарастырудан туындауы да мүмкін. Сондай-ақ бір-екі немесе үш-төрт сөйлемдерден тұратын, өз алдына аяқталған дербес тұтас мәтін ретінде танылатын да сөйлеу туындылары бар. Олар: мақалдар, мәтелдер, жұмбақтар, жарнама мәтіндері т.б.

Мәтіннің негізгі белгілерін анықтауда ғалымдардың пікірлері түрліше. Біреулер ауызша және жазбаша сөйлеу формаларын мәтін деп атаса, көпшілігі тек жазбаша сөйлеу нәтижесін мәтінге жатқызады. Алайда, мәтіннің мүшеленуі (бөлшектенуі), мағыналық тұтастық және құрылымдық байланыс сияқты белгілерін барлық зерттеушілер мақұлдайды. Мәселен, Г.Смағұлова мәтіннің белгілі бір құрамнан тұратынын айта келіп: «Мәтін -тіл жүйесіндегі өзінің мәні мен болмысына сай, сөйлемдердің жай ғана тізбегі емес, мағыналық - құрылымдық күрделі тұлға. Ол -логикалық, грамматикалық, байланыстарға негізделген, тиянақты мазмұнға ие біртұтас қарым-қатынас бірлігі», - деп анықтайды [7].

Мәтін-қазақ тілін оқыту барысында үлкен орын алатын оқыту нысаны. Біріншіден, тілден білім беретін материал оқыту мәтіндері түрінде болса, екіншіден, жаттығулардың тұтас мәтін түрінде берілуі де мәтінмен істелетін жұмыстардың сараланып жүйеленуін қажет етеді. Сондай-ақ мәтін стильге қатысты да танылады. Сондықтан мәтінмен жұмыс істеу әдістемесіне стилистикалық бағыттағы жаттығу жұмыстары да енеді. Барлық мәтіндер, ең алдымен, лингвистикалық нысан болып табылады. Сондықтан да мәтіндердің типологиясы лингвистикалық тұрғыдан танылуы қажет. Лингвистикалық типологияның негізіне лингвистикалық дифференциация алынады. Оның өзі мәтіннің түрін, формасын, жанрлық-стилистикалық ерекшеліктерін, жүзеге асырылу шарттары мен тәсілін білдіреді. Сонда мәтіннің белгілеріне мыналар алынады: 1) сөйлеу түрі; 2) сөйлеу формасы; 3) сөйлеу стилі; 4) жанры; 5) сөйлеудің функциональдық-мағыналық типі (сөйлеу тәсілі); 6) сөйлеудің эмоционалдығы мен экспрессивтілігі. Сөйлеудің ауызша және жазбаша екендігі қарастырылады. Ауызша мәтін уақытпен байланысты болса, жазбаша мәтін кеңістікпен байланысты. Ауызша мәтіндер - синтаксистік құрылымы жағынан жазбашаға қарағанда, анағұрлым қарапайымдау, эллипсистігі мол, мағыналық құрылымы нақпа-нақ келіңкіремейтін экспрессивтік элементтері мол болып келетін мәтіндер.

Жазбаша мәтінде оны құраушы бірліктердің арасындағы байланыстырушы элементтер айқын білініп, формалды көрсеткіштері мүмкіндігінше, толыққанды болуға, логикалық ой желісі үзілмей, сақталып отыруға, лексикалық құнарлылығы терең болып, басқа да тілдік формалардың мол болуына мүмкіндік беретіндей күйде жасалады. Қарым-қатынас жасау формасына сәйкес, мәтіндер монологтық, диалогтық болып бөлінеді. Бұл жерде сөйлеудің түрі мен формалары бірігіп келіп, жазбаша мәтінде де, ауызша мәтінде де монолог пен диалог болатыны анықталады. Үшінші белгіні талдайық. Мәтіннің қандай да бір стильде құрылатыны белгілі. Оқыту барысында функциональды стильдердің ауызекі сөйлеу стилі, ғылыми, ресми іс қағаздары, публицистикалық және көркем әдеби түрі қолданылады. Осы стильдердің әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері белгілі. Олардың мәтіндегі өзіндік құрылымы бірден көрініп тұруы да мүмкін. Көп ретте, публицистикалық және көркем әдеби стильдерді айыра алмау байқалады. Сондықтан да мәтін стильдерін таныту бағытында жүргізілетін жұмыстардың өзіндік жүйесі жасалынуы керек. Төртінші белгі бойынша. Мәтіннің жанрлық ерекшеліктері де танылуы қажет. Жанр, негізінде, функциональдық стильдермен тығыз астасып жатады. Ондай байланыстылықты мынадай сызба арқылы

көруге болады: Функционалдық стильдер мен жанрлардың қатысы: Ғылыми стиль Оқу материалы мәтіндер; мақалалар, монографиялар, баяндамалар, хабарламалар, рефераттар, шолулар, аннотациялар Ресми стиль Өтініш, мінездеме, түсініктеме қағаз, ресми құттықтау, хабарландыру, анкета, автобиография, ұсыныстар Публицистикалық стиль Хроника, ақпарат хабар, мақалалар, комментарийлер, очерк, фельетон. Көркем стиль өлең, поэмалар, ертегі, әңгіме, повесть, роман. Мәтіннің бесінші белгісі-сөйлеудің функционалдық типі. Сөйлеуде сипаттама, хабарлама, ойтолғау түрлері қолданылатыны белгілі. Бұлардың әрқайсысының жеке ерекшеліктері әрбір сөйлеу типтерінің құрылымдық-жүйелік заңдылықтарына сәйкес танытылады. Мәтіннің тағы бір маңызды белгісі - оның эмоционалдық бояулылығы. Бұл жағынан, ғалымдардың пікірінше, мәтіндер: а) ресми, ә) ресми емес, б) бейтарап болып бөлінеді. Экспрессивті мәтіндер өз ішінде: 1) экспрессивті-стилистикалық белгілері бар және 2) бейтарап мәтіндер болып бөлінеді. Осының ішінде, экспрессивтік-стилистикалық белгісі бар мәтіндерге: көркем, публицистикалық, ауызекі сөйлеу, ғылыми, құттықтау, қарсы алу сөзі сияқты ресми мәтін түрлері жатады. Ал «бейтарап» мәтіндерге: ғылыми, ресми іс қағаздар, публицистикалық стильдің кейбір жанрлары хроника жатады. Әдістемеші-мамандар әдістемелік тұрғыдан мынадай етіп бөлуді ұсынады: 1) оқуға; 2) тыңдауға; 3) ауызекі сөйлеу тілін дамытуға; 3) жазба сөйлеу тілін дамытуға арналған мәтіндер. Ал, біз зерттеуімізге байланысты мәтінді оқыту мен жазбаша тілін дамыту мақсатында қарастырамыз. Ал тіл дамыту мәтіндер бойынша шығарма, мазмұндама, жоспар, мәтінді талдау сияқты жұмыстар ұйымдастырылады. Тіл ұстартуда, міндетті түрде стилистикалық жұмыстар мол жүргізіледі. Өйткені, қазіргі қазақ әдеби тіліндегі стильдердің қайсысын болсын, оқушы мүмкіндігінше жетік меңгеруі керек. Ал жазбаша тіл ұстарту жұмыстары стиль тармақтарының ерекшеліктерін тани отырып, сол бағытта құра білу дағдысын қалыптастырады.

Сонымен, мәтін бойынша тіл дамытуды жетілдіруге негіз болатындай әдістемелік маңызға ие талаптарды атайық: 1) студенттің түсініп оқу арқылы баяндау дайындығын қамтамасыз ететін талаптар: а) қатысымдық міндетті шешуге арналған; ә) сөйлеушінің көзқарасы; б) эмоционалдық бояу; в) мәнерлілік; г) қаратпалық; 2) мәтіннің мағыналық құрылымын қамтамасыз ететін талаптар: а) байланыс-тылық; ә) бүтіндік; б) қисындылық; в) ақпараттылық. 3) мәтіннің түсінікті болуын қамтамасыз ететін талаптар: а) ақпараттық негізде оқушылардың жас ерекшелігіне байланысты қызығушылық есебі; ә) оқушының даму деңгей есебі. 4) мәтін негізінде тілдік тәжірибелерді тікелей жетілдірудің қамтамасыз ететін талаптар: а) мәтіннің көлемі орындалатын жұмыстарға сай болуы, ә) меңгерілмеген тілдік материалдың аз болуы; б) бұрын өтілген материалдың жаңа материалмен толықтырылуы, байланысты болуы; в) материалдың қайталанып есте сақтауға, бекітуге мүмкіндік жасалуы. Тұжырымдағанда, сөйлеу икемділіктері мен дағдыларын дамыту үшін мәтін туралы мынадай білім мен дағды қалыптастырылады: - мәтінді түсініп оқи білу және есте сақтау, - мәтіннің құрылымдық ерекшеліктері туралы білім беріп, оның тәжірибесінде пайдалана білу дағдысын қалыптастыру, - мәтіндегі қайырымдар және олардың мазмұнды жүйелі баяндау мақсатын-дағы ерекшеліктерін үйрету арқылы жүйелі мәтін құрай білуге үйрету, - мәтіннің түрлері бойынша сөйлеуге ауызша, жазбаша жаттықтыру.

Сонда, адамның дұрыс құрастырылған сөйлеуінің негізінде, мейлі ол жазбаша түрде ме, ауызекі түрде ме, жекелеген сөздер емес, жекелеген сөйлемдер емес, логикалық және композициялық жағынан үйлескен ерекше тұтастық жатады.

### Әдебиеттер тізімі

1. Байтұрсынұлы. А. Тіл тағлымы. Алматы: Алматыкітап, 1992, 297 б.
2. Жұбанов Қ. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2013, 640 б.
3. Жұбанов Қ. Қолданбалы лингвистика: формалды модельдер: Оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті, 2007, 280 б.

4. Сыздықова Р. Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы. Алматы: Алматыкітап, 1970, 202 б.
5. Балақаев М., Жанпейісов Е., Томанов М., Манасбаев Б. Қазақ тілінің стилистикасы. Алматы, Дәуір, 2005, 255 б.
6. Қордабаев Т. Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер синтаксисі. Оқу құралы. Алматы: Санат, 1995, 176 б.
7. Смағұлова Г.Н Мәтін лингвистикасы. Оқу құралы. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. Алматы : Қазақ университеті, 2002, 111 б.

#### **Аннотация**

То, что говорящая мысль, участвующая в порождении деепричастной деятельности текста, направлена на иное. То, что в тексте носит характер систематичности. В тексте присутствует сложное синтаксическое целое, которое считается единицей личности, и то, что речь представляет собой образ, попавший в письмо.

Высказываются мнения о том, что текст разбит на части, сложносочиненные предложения, предложения, на основе правильно составленной речи, будь то в письменной или устной форме, не отдельные слова, не отдельные предложения, а особая целостность, логически и композиционно сочетающаяся. Все тексты, прежде всего, являются лингвистической формой. Поэтому типология текстов должна быть признана лингвистически. Рассматривается, является ли текст устным и письменным. Если устный текст связан со временем, то письменный текст связан с пространством. Устные тексты по синтаксической структуре более простые, многоточие, тексты с большим количеством выразительных элементов смысловой структуры, чем письменные.

#### **Abstract**

The fact that the speaking thought, which participates in the generation of the adverbial activity of the text, is directed to something else. What is in the text is systematic. The text contains a complex syntactic whole, which is considered a unit of personality, and the fact that speech is an image that has fallen into the letter.

Opinions are expressed that the text is divided into parts, complex sentences, sentences, based on correctly composed speech, whether in written or oral form, not individual words, not individual sentences, but a special integrity, logically and compositionally combined. All texts are primarily a linguistic form. Therefore, the typology of texts should be recognized linguistically. It is considered whether the text is oral and written. If the spoken text is related to time, the written text is related to space. Oral texts have a simpler syntactic structure, ellipsis, and texts with more expressive elements of semantic structure than written texts.

ӘОЖ 821.512.122.09

#### **А. Шойбекова, Г. Сайдалиева**

ф.ғ.к; доцент, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан  
студенті М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан

### **ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ СӨЗДІК ЖАСАУ**

#### **Түйін**

Сапалы терминологиялық сөздіктердің алатын орны, терминологиялық сөздіктер жасау, оларды жасаудың әдістемесін жетілдіру, терминологиялық жұмыстардың сапалы, жоғары кәсіби деңгейде жүзеге асуы жайында. Терминологиялық сөздік жасаудың тиімді тәсілдері, ұтымды да озық әдістемелерін білу. Сөздіктің бағыт-бағдарын анықтап, сөздік түзуді неден бастап, қандай принциптерді басшылыққа алу, қандай талаптарға сай жасау қажеттігін біліп, жұмысты қалай ұйымдастырудың тиімділігін арттыру қажеттігі айтылған. Сөздіктің макроқұрылымы сөздіктің жалпы құрылымы мен түрлі лексикалық бірліктердің берілу сипаты. Макроқұрылымға сөздіктің оны құрайтын ішкі байланыстарынан тұратын өзіндік жүйе ретіндегі жалпы мәселелері. Саланың немесе тар саланың ұғымдар жүйесін нақты көрсететін атаулардың да жүйелі болғаны, олардың арасына терминжүйеге қатысы жоқ терминдердің енгені абзал. Терминологиялық сөздік жасаушы терминнің



қандай түрлері болатынын, олардың бір-бірінен айырмашылығы мен өзара ұқсас қырларын жақсы білу қажеттігі айтылған.

**Кілттік сөздер:** терминология, сөздік жаса, сапасы, талаптар, анықтау, тәсілдер, кәсіби деңгей.

